

Б.Қапалбек
М.Жолшаева
Т.Мадиева



ҚАЗАҚТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

5



Алматы «Мектеп» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2қаз-922
Қ40

Қапалбек Б., т.б.
Қ40 **Қазақ тілі.** Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/
Б.Қапалбек, М.Жолшаева, Т.Мадиева. – Алматы: Мектеп, 2017. – 224 б., сур.

ISBN 978—601—07—0861—7

Қ $\frac{4306020200-099}{404(05)-17}$ 3(1)—17

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2қаз-922

© Қапалбек Б., Жолшаева М.,
Мадиева Т., 2017
© «Мектеп» баспасы,
көркем безендірілуі, 2017
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлтік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—0861—7



1-бөлім

МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



2-бөлім

КІШНУ. СӘН. ТАЛҒАМ



3-бөлім

ОТБАСЫЛЫҚ
ДӘСТҮРЛЕР
МЕН МЕРЕКЕЛЕР



4-бөлім

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН
ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ



5-бөлім

БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ
ХОББИ



6-бөлім

ҚИЯЛ ӘЛЕМІ



7-бөлім

КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ
БЕЛГІЛЕРІ



8-бөлім

АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ



9-бөлім

АСПАН ӘЛЕМІНІҢ
ҚҰШЯЛАРЫ



10-бөлім

САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	6
1-бөлім. МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	
Ана тілі	8
Дыбыс деген не?	11
Түркітілдес халықтар	14
Тілдік қатынас	18
Сөйлеу мәдениеті	23
2-бөлім. КІНУ. СӘН. ТАЛҒАМ	
Ұлттық киім	28
Әшекей бұйымдар	32
Ұлттық талғам	37
Сұлулық сыны	43
Асыл тастар	48
3-бөлім. ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР	
Қара шанырақ	52
Асыл әже	56
Бата беру	59
Ат қою	62
Ас беру	64
4-бөлім. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ	
Төрт түлік	70
Егін алқабы	73
Құстар әлемі	79
Дала өсімдіктері	82
Қайың ағашы	86
5-бөлім. БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ	
Апта – уақыт өлшемі	92
Уақыт – алтын қазына	96
Хобби деген не?	100
Сүйікті іс	104
Құсбегілік – хоббинің бір түрі	108
6-бөлім. ҚИЯЛ ӘЛЕМІ	
Сипқыршылар	112
Ағаштар неге ашуланды?	117
Байқоңыр	121
Бала қиялы	125
Менің сайгүдігім	129

7-бөлім. КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

Әлемдегі алғашқы көлік	134
Жол белгілері	138
Тіркемелі трактор	141
Метрополитен	145
Жолы болғыш үшеу	148

8-бөлім. АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ

Қожаның портреті	152
Мінез – жанның айнасы	156
Ұрлық түбі – қорлық	159
Жігіттің сұлтаны	163
Ігілік басы – ынтымақ	166
Ер ел үшін туады	169

9-бөлім. АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ

Тіршілікке қолайлы ғаламшар	174
Табиғаттың құпия сырлары	178
Алғашқы ғарышкерлер	181
Ғарыш әлемі	185
Кемпіркосак	188
Темірқазық пен Жетіқаракшы	192

10-бөлім. САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Тұңғыш саяхатшы	196
Әнші құм	199
Шегесіз салынған мешіт	203
Аңызға толы сұлу Көкше	207
Қызықты демалыс	210
Қубаға сапар	215
Өткенді қайталау	218

АЛҒЫ СӨЗ

Шартты белгілер:



– оқылым



– айтылым



– тыңдалым



– жазылым



– сергітпе



– қайталау

Құрметті оқушы! Киелі тіл әлеміне қош келдің! Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондықтан қазақ тілі Қазақстанда тұратын барлық халықтың қарым-қатынас құралы болып табылады.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі болғандықтан, оның қазақ ұлты үшін маңызы аса зор. Өйткені сен қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған білімін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін қазақ тілі арқылы ғана бойына сіңіре аласың.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана біту болып табымайды. Тілді қолдана біту деп – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді тандап ала бітуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя бітуді айтамыз», – дейді. Олай болса, жас дос, айтар ойың анық, сөзің келісті болу үшін қазақ тілінің әдеби нормасын жетік бітуің керек. Ол үшін қазақ тілінің өзіне тән дыбыстық жүйесін, сөйлеу мәнерін, сөздердің тура және ауыспалы мағынада қолданылу ерекшеліктерін, туынды сөздердің жасалу жолдарын, сөздердің түрлену жүйесі мен байланысу тәсілдерін игеруің қажет.

Міне, осы мақсаттарға жету жолында сендерге қолдарыңдағы оқулық көмектеседі. Сендер оқулық талаптарын ұстанып, берілген тапсырмаларды дұрыс орындаған сайын, қойылған мақсатқа жақындай түсесіңдер.

Қазақ тілі қазақ халқының ғана рухани байлығының қоймасы емес, қазақ тіліне аударылған жалпы-адамзаттық құндылықтардың да сақтаушысы және жеткізуші құралы болып табылады. Сондықтан қазақ тілінің тереңіне сүңгіп, биігіне шығу жолындағы еңбектеріңе сәттілік тілейміз, жас дос!

1-бөлім

МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС



Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да
себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі.
Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

А.Байтұрсынұлы

- Тіл дыбыстары
- Дыбыс және әріп
- Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі
- Дауысты дыбыстар: жасалуы, жіктелуі
- Дауыссыз дыбыстар: жасалуы, жіктелуі



Ана тілі

Тіл дыбыстары

Біз бұл сабақта:

- 1) дыбыстың қалай пайда болатыны;
- 2) ел болып қалыптасу жолындағы тілдің маңыздылығы;
- 3) тіл дыбыстарының басқа дыбыстардан ерекшеліктері жайлы мәліметтермен танысамыз;
- 4) әр адамға өзінің ана тілінің қаншалықты қымбат екенін түсінеміз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Неге көптеген халықтар өз тілін «ата тілі» демей, «ана тілі», «туған тіл» деп атайды? Осында бір ортақ заңдылық бар сияқты. Мүмкін, сәбидің алғашқы тіл ұстартушы ұстазы ана болғандықтан және ол жай ұстаз емес, барша жақсылықты бөпесіне арнап, бесік жырын шерткен, ыстық ықыласы мен мейлінше мол мейір-шапағатын лебізімен танытқан ана-ұстаздың асыл қасиетіне байланысты осылай аталған шығар.

Жас нәресте үшін ана тілі – о баста ана аузынан шыққан алғашқы асыл сөз. Оның ана тілін толық меңгеруі алдымен отбасы жағдайынан басталса, бара-бара туған-туысқан, көрші-қолан, жолдас-жоралармен араласу арқылы, ауыл-аймақ, ел-жұрт ортасында өмір сүруге байланысты дамып, жетіліп отырады. Сөйтіп, адам өз тілін өмір бойы өзі өмір сүрген ортадан үйренумен болады.

Қай тіл болмасын, оның тарихы, жүріп өткен жолы, даму сатылары болады. Бірақ бірде-бір тілдің жасын тап басып, ашып айту қиын. Өйткені бұл – мыңдаған-миллиондаған жылдардың қойнау-қырқаларында жатқан сыры мол ғаламат дүние.

Ә.Қайдар

Түсіндірме сөздік

Тіл ұстарту – шебер, шешен сөйлеуді үйрену.

Лебіз – сөйлеген сөз.

Қойнау-қырқаларында – мұнда: өте ертеректе.



А Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Мәтін бөліктерінде айтылған ойды баяндаңдар.



Ә Қажетті сөзді таңдап, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Әр халықтың өзінің *туған/дана/ана* тілі болады.
Сәбидің тілі алғаш рет *әкесіне/анасына / ұстазына* қарап шығады.
Қай тіл болмасын оның *тарихы / құтиясы / жұмбағы* болады.

Ана тілді алғаш игеру *отбасынан/көршілерден/достарынан* басталады.

Ана тілін адам *бала кезінде/есейген шағында/үнемі* үйренумен болады.



Б Сен қалай ойлайсың? Бірге талқылайық. Төмендегі сөйлемге байланысты өз пікірлеріңді айтыңдар.



Адам өзінің ана тілін өмір бойы үйренумен болады. НЕГЕ?

1. Ана тілін ұмытпас үшін.

2. ...

т.б. ...

3. ...



В Мақал-мәтелдерді оқып, мәтінмен байланыстыра әңгімелеңдер.

1. Тәрбие басы – тіл.
2. Тілі өлген ел – тірі өлген ел.
3. Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ.



2-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңдар.

Ана тілі

Тілім өмір танытты,
Ақылымды дамытты.
Халқымыздың қадірлі
Қасиетін дарытты.

Өсірген ой, білімді,
Сүйемін өз тілімді.
Мақсат етем әр сөздің
Мағынасын білуді.

Ана тілім арқылы
Үйренемін бар тілді.

Ә.Табылды



А Жоғарыда берілген мәтін (1-тапсырма) мен өлеңге ортақ ойды табыңдар.



Ә Өлеңге сүйеніп, ана тілі туралы өз ойларыңды жазыңдар.



3-тапсырма. №1-4 аудиоларды тыңдаңдар.



А Тыңдаған дыбыстардың кімге, неге (табиғат құбылыстары, жан-жануарлар, өндіріс орындары, тіл дыбыстары) тән екенін анықтаңдар.



Ә Жан-жануарлардың қалай дыбыстайтынын сөзбен жазыңдар. Мысалы, мысық – мияу.

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ



Есте сақтаңдар!

Фонетика дыбыстардың жасалуын, айтылуын, естілуін және буын мен оның түрлерін қарастырады.

Жалпы дыбыс пайда болуы үшін міндетті түрде ауа кеңістігі қажет. Шыққан дыбыс құлаққа сыбыр, салдыр, тарсыл, үн және т.б. түрде естіледі.

Тіл дыбыстары адамның сөйлеу (дыбыстау) мүшелері арқылы жасалады және саны шектеулі болады. Олар белгілі бір тәртіппен тіркесіп, сөз құрайды.

Дыбыстау мүшелеріне өкпе, көмей, желбезек (дауыс шымылдығы), тіл, ерін, тіс, тілшік жатады.



4-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Дыбыс пайда болу үшін
2. Тіл дыбыстары сөйлеу мүшелері арқылы
3. Тіл дыбыстарының тіркесінен



5-тапсырма. Оқық, қызық!



«Әнші ағаш» туралы естідің бе?

Англияның Бернли қаласына таяу жерде ұзындығы әртүрлі металл мұржалардан жасалған «ағаш» бар. Оның биіктігі 3 метрден асады. Бұл ағаш желдің әсерінен дыбыс шығарады. «Әнші ағаш» мүсіні 2006 жылы орнатылған. Одан шығатын әуен тым қатты болса да, табиғат тыныштығын бұзбайды.

www.massaget.kz

Дыбыс деген не?

Дыбыс және әріп

Біз бұл сабақта:

- 1) дыбыс пен әріпке тән ерекшеліктермен;
- 2) қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалайтын әріптермен танысамыз;
- 3) дыбыстың қалай пайда болатынын және қандай жылдамдықпен таралатынын білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.


Дыбыс – тербелістер арқылы пайда болатын энергияның түрі. Дыбыс таралу үшін газ, сұйықтық және қатты күйдегі орта қажет. Егер дыбыс таралатын орта болмаса, дыбыс та болмайды.

Дыбыс таралатын жылдамдық дыбыс жылдамдығы деп аталады.

Дыбыстар қатты денелер арқылы өте жылдам, сұйық ортада баяуырақ, ал газды ортада өте баяу қозғалады.

Бізді қоршаған ортада тіл дыбыстарымен қатар басқа да түрлі дыбыстар кездеседі. Мысалы, табиғат құбылыстарына тән дыбыстар, жасанды дыбыстар, жануарлар тілі. Осындай барлық дыбыстың жалпы сипатын қарастыратын сала *акустика* деп аталады.

«Ғылым» балалар энциклопедиясынан



А Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Дыбыс дегеніміз не?
2. Табиғатта дыбыстың қандай түрлері кездеседі?
3. Дыбыстардың таралу жылдамдығы неге әртүрлі?



Ә Суреттерде не бейнеленген және олар қалай дыбыстайды?



ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП

Дыбыс дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты естіміз, әріп арқылы жазамыз.

Әріп – дыбыстардың жазудағы таңбасы. Оны көреміз.

Қазақ тілінде 42 әріп бар. Олардың 28-і қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалайды (а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у (дауыссыз: тау), ұ, ү, ш, ы, і), ал қалғаны (в, ф, х, ц, ч, щ, э) кірме сөздерді таңбалау үшін қолданылады. Ал я, ю, ё, (у), и әріптері бірнеше дыбыстың қосындысын таңбалайды.

И	У	Я	Ю
ый – қиын [қыйын]	ұу – су [сұу]	йа – сая [сайа]	йұу – аю [айұу]
ій – киім [кйім]	үу – күлу [күлуу]	йә – Әлия	йүү – күю
Орыс тілінен енген сөздерде дауысты «И» – кино	Орыс тілінен енген сөздерде дауысты «У» – пулыт	[Әлийә]	[күйүү]

Кейбір әріптердің дыбыстық мәні жоқ (ь, ъ). Ал һ дыбысы қазақ тілінде бірнеше сөзде ғана кездеседі.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Қос әріп неге жылады?

Ұстаздың сыныпқа кіріп келгенде көргені: біреулер қорс-қорс жылап отыр. Байқап қараса, жіңішкелік белгісі (Ь) мен айыру белгісі (Ъ) екен.

– Не болды? – деп сұрады ұстаз.

– Мыналар ғой, – деді Ж орнынан жеңіл ұшып тұрып. – Оларды шетқакпайлап жүр.

– Не дейді сонда?

– «Дыбысқа жатпайсындар, біздің арамызда неғып жүрсіндер?» – дейді.

Аналар болса одан бетер еңкілдеп қоя берді. Ұстаз еріксіз күліп жіберді.

– Сендер енді... жеке тұрып таңбаланбайтындарың рас. Алайда әркімнің қабілетіне қарай лайықты қызметі болады. Сендер дауыссыз дыбысқа қызмет етесіндер. Олардың жіңішке айтылуын қадағалайсындар, ажырату қызметін атқарасындар. Тілімізде қазақша баламасы табылмай жүрген, орыс тілінен енген сөздер қаншама? Мысалы: *коньки, батальон, съезд, разъезд*.

Жіңішкелік белгісі (Ь) мен айыру белгісі (Ъ) еңселерін көтерді. Күлімдеп қоя берді. Өмірде лайықты өз орның болғанына не жетсін! Сол сәтте қонырау даусы да сынғыр етті.

«Жыл он екі ай» журналынан



А Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін артық сөзді табыңдар.

Оқиға *мектепте/көшеде* өтіп жатыр.

Дыбыстар/әріптер жылап отыр.

Жінішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (Ъ) дыбысты *таңбаламайды / таңбалайды*.

Жінішкелік белгісі *дауыссыз дыбыстың/бас әріптің* жінішке айтылуына қызмет етеді.

Айыру белгісі *біріктіру/ажырату* қызметін атқарады.



Ә Берілген сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар?

Ұстаз, белгі, циркуль, сөздер, коньки.



3-тапсырма. Айтылуы бойынша берілген сөздерді дұрыс жазыңдар.

Мый, тыйын, быйыл, кій, ііе, бііік, мұқұйат, айұу, ойұу, үйұу.



4-тапсырма. №5 аудионы тыңдаңдар.



А Тыңдалым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жануарлар бір-бірімен қалай түсініседі?
2. Хайуанаттардың «тілін» білу не үшін қажет?
3. Қаздар неге әртүрлі қаңқылдайды?
4. Дельфиндер «тілінің» күрделі екенін қалай дәлелдеуге болады?



Ә Мәтінді қайта тыңдаңдар. Жануарлардың атын тауып, олардың ішінен дыбыс пен әріп саны сәйкес келмейтін атауларды анықтаңдар.



5-тапсырма. Суреттегі аң атауларын жазып, ол сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар екенін анықтаңдар.



Түркітілдес халықтар

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі

Біз бұл сабақта:

- 1) қазіргі түркі әлемімен;
- 2) түркі әлеміне ортақ тіл мен мәдениетпен;
- 3) қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Түсіндірме сөздік

Төрткіл дүние – дүниежүзі, бүкіл әлем.

Арқа сүйеу – иек арту, тірек ету.

Диаспора – өз Отанынан басқа жерге қоныстанған ұлттың бөлшегі.

Қазіргі түркі әлемі Еуразия құрлығының едәуір бөлігін алып жатқан қырықтан астам этникалық топты құрайды. Түркітілдес халықтар Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей мен Қытайда өмір сүріп келеді. Сондай-ақ Ауғанстан, Болгария, Грекия, Ирак, Монғолияда тұрып жатқан түркі диаспораларының саны да едәуір. Қазір түркілерді төрткіл дүниенің төрт бұрышынан кездестіруге болады. Орта Азия мен Қазақстанда – қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз,

қарақалпақ, ұйғыр; Азия мен Балқанда – түрік; Кавказда – әзірбайжан, құмық, қарашай, балқар, ноғай; Еділ бойы, Оралда – татар, башқұрт, чуваш; Сібірде – алтай, тува, шор, құлым, хакас, саха; Шығыс Еуропада – гагауз, Қырым татарлары, қарайым, қырымшақ халықтары өмір сүріп жатыр.

Жалпы түркі әлеміндегі 40 шақты тілде 200 миллионға жуық адам сөйлейді. Түркі әлемінің жарқын болашағы тікелей оның бірлігіне байланысты. Әрбір түркі ұлты өзінің туыстас халықтарымен бірге болғанда, соларға арқа сүйегенде ғана өзінің ұлттық болмысын ұлт ретінде сақтап, ұлттық дәстүрін дамыта алады.

Д.Ысқақұлы



Есте сақтаңдар!

Түркітілдес халықтардың тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылым саласы *түркология* деп аталады.



А Мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

1. Мәтінде түркітілдес халықтар туралы берілген негізгі ақпараттарды санап көрсетіндер.
2. «Түркология» деген қандай ғылым?

3. «Түркі әлемі» деген тіркесті қалай түсінесіңдер?
4. Мәтіннен ойдың негізгі түйінін көрсететін жолдарды табындар.



Ә Мәтін мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді белгілеңдер.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Түркі әлемі елуден асатын этникалық топты құрайды.		
2	Түркітідес халықтарды әлемнің барлық жерінен кездестіруге болады.		
3	Қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр ұлттары, негізінен, Кавказда қоныстанған.		



Б Жалқы есімдерді теріп жазып, ондағы дыбыс пен әріп санын анықтаңдар. Кірме дыбыстардың астын сызыңдар.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар.

Дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, е, ұ, ү, ы, і.

Дауыссыз дыбыстар: б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т,

ш, у.



2-тапсырма. Жұмбақтарды шешіңдер. Жауап сөздегі дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға жіктендер.

- | | |
|--|--|
| <p>1. Бірінші буыным – ол – қажет
Дауысты әріптің бірімін.
Екінші буыным –
Түйенің бір түрімін.
Екеуін қоссаң – қаттымын,
Жеміспін әрі тәттімін.</p> | <p>2. Алғашқы буыным –
Киімнің таныс бөлігі.
Екінші буыным – әрекет,
Осыдан жеміс өнеді.
Екеуін қоссаң, мәртебе –
Шайқастың ғана берері.</p> |
| <p>3. Жер өлшемі – бастапқым,
Нота боп та кетемін.
Қосып оқы екеуін
Музыкалық аспаппын.</p> | |



3-тапсырма. №6 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтіннен көрсетілген сандарға байланысты ақпараттарды жазыңдар.

6000

100

87

1989



Ә Мәтінді қайта тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қай тілдер халықаралық ресми тілге жатады?
2. Сөйлеушілер саны жағынан қазақ тілі нешінші орында?
3. Әлемде мемлекеттік тіл мәртебесіне қанша тіл не?
4. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебені қашан алды?
5. Түркі тілдер тобына қандай тілдер жатады?
6. Қазақ тіліне ең жақын тілдер қандай тілдер?



Б Дәптерлеріңе мемлекеттік тілдің қызметі туралы жазыңдар.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қойып жазыңдар.

Қа...ақ, ...ытай, и...пан, та...ар, ағыл...ын, ...инді, ...рыс, жа...он,
...йғыр, ту...а, өз...ек, қыр...ыз, ара..., түрі..., ...ранцуз.



5-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңдар.

Баба тілі

Баба тілді қадірле,
Болашақтан түңілме!
Айналайын боздақтар,
Аралас тілге үңілме!

Хат жазыссаң өзара,
Жетілдір, қазақ, сөзіңді.
Жат алдында ез болмай,
Берік ұста өзіңді.

Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр.
Бағаласаң шынымен,
Баба тілің асыл-дүр.

Қожаберген жырау



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлең мазмұнынан не түсіндіңдер?
2. Жырау тілге қатысты қандай кеңестер береді?
3. Өлеңдегі айтылған оймен келісесіңдер ме?




Ә Өлеңнен 3 тірек сөзді таңдап алыңдар. Ол сөздердегі дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға жіктеп жазыңдар.



6-тапсырма. Суретті пайдаланып сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көне түркі тілдерін атаңдар.
2. Көне тіл дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Түркі тілдері қалай жіктеледі?



7-тапсырма. Оқып, қызық!

Әлемдегі ең қысқа және ең ұзақ әліпби...

Бугенвиль аралын мекендейтін 4 мың адам ротокас тілінде сөйлейді. Ротокас тілінің әліпбиі 12 әріптен тұрады. Бұл – әлемдегі ең қысқа әліпби. Ал ең ұзақ әліпби 72 әріптен құралған. Ол – Камбоджа мемлекетінің басым көпшілігі пайдаланатын кхмер тілі.

www.massaget.kz



A Берілген сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар екенін анықтаңдар.

Бугенвиль, кхмер, әліпби.

Тілдік қатынас

Дауысты дыбыстар: жасалуы, жіктелуі

Біз бұл сабақта:

- 1) тілдік қатынас туралы;
- 2) ауызша және жазбаша тілдік қатынас туралы;
- 3) дауысты дыбыстардың жасалуы мен жіктелуі туралы ақпараттармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Түсіндірме сөздік

Ыммен түсінісу – айтатын ойын дене мүшелерінің, бет, көз, қол т.б. қимылымен жеткізу.



Адамдардың өзара қарым-қатынасы екіге бөлінеді. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас. Тілсіз қатынасқа адамдардың ыммен түсінісуі, көздің, қабақтың қимыл-қозғалысы арқылы ұғынысуы жатады. Тіптен дене мүшелерінің (қолдың, аяқтың, иықтың т.б.) әртүрлі қимыл-әрекетінің өзі көптеген мән-мағына береді.

Тілдік қатынас дегеніміз – адамдардың сөйлеу арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, тіл арқылы түсінісуі. Адамдар арасындағы тілдік қатынас ауызша және жазбаша түрде болады. Мұның алдыңғысы **сөйлеу** арқылы, кейінгісі **жазу** арқылы іске асады.

Ауызша қатынас – ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы, сөзге, сөйлемге айналып, дыбысталуы арқасында қалыптасады. Ал **жазу** – сол сөйлеудің қағазға түскен түрі. Яғни жазбаша қатынасты хат танып, оқи білетін, жаза алатын жасқа жеткенде ғана пайдалана аламыз.

Б.Қаналбек



A Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. *Тілдік қатынас* деген не?
2. Тілсіз қатынастың қандай түрлерін білесіңдер?
3. Ауызша және жазбаша тілдік қарым-қатынасқа тән ерекшеліктер қандай?



2-тапсырма. Суреттерде қатынастың қандай түрлері бейнеленген? Өрқайсысына тән ерекшеліктерді айтып беріндер.



3-тапсырма. Сызбамен мұқият танысындар.



А Сөйлеу мен тыңдау, жазу мен оқудың арасындағы байланыс неге екіжақты көрсетілген?



Ә Сызбаны пайдаланып «Тіл – қарым-қатынас құралы» деген тұжырымды өз сөздеріңмен дәлелдендер.



Б Мақал-мәтелдер тілдік қатынастың қай түріне қатысты айтылғанын анықтаңдар және мағыналарын түсіндіріңдер.

1. Айтылған сөз – атылған оқ.
2. Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.
3. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.



4-тапсырма. №7 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына ең жақын келетін жауапты табыңдар. Өз жауаптарыңды дәлелдендер.

Мәтінде *жазу/сурет салу* жайында айтылады.

Тарихтағы алғашқы жазу *дыбысжазу/суретжазу* түрінде болған. Алғашқы суретжазулар Қазақстан жерінен де *табылған/болмаған*.



Ә Мәтін мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді белгілеңдер.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Жазу – қарым-қатынас құралы емес.		
2	Жазу – ауызша айтылатын ойдың қағаз бетіне түсірілуі.		
3	Жазылған мәтінді қайта түзетуге, қысқартуға болмайды.		
4	Бір дыбысқа бір таңбаның сәйкес келуі <i>дыбысжазу</i> деп аталады.		



Б Тыңдалым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жазу не үшін қажет?
2. Жазудың сөйлеуден қандай артықшылығы бар?
3. Жазудың қандай түрлері бар?
4. Қазақ халқы қазір қандай жазуды пайдаланады?

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Дауысты дыбыстар таза үннен тұрады. Ал үн өкпеден шыққан ауаның дауыс шымалдығынан өткендегі дірілінен пайда болады.

Дауысты дыбыстар былайша жіктеледі:

Тілдің қатысына қарай	Жуан	а, о, ұ, ы
	Жінішке	ә, е, ө, ү, і
Жақтың қатысына қарай	Ашық	а, ә, е, о, ө
	Қысан	ұ, ү, ы, і
Еріннің қатысына қарай	Еріндік	о, ө, ұ, ү
	Езулік	а, ә, е, ы, і

Барлық дауысты дыбыстар дауыссыздармен тіркеседі және сөзде буын жігін құрайды.



5-тапсырма. Асты сызылған сөз жуан айтылса, оны мағыналас жінішке дауыстылармен келген сөзбен алмастыр немесе керісінше ауыстырып жазындар.

Қажетті сөздер: түсінісу, бірінші, өзгерту, халық, сөйлеу.

1	Адамдар белгілі бір шартты белгілер арқылы тілсіз де ұғынысады.	Үлгі: Адамдар белгілі бір шартты белгілер арқылы тілсіз де түсініседі.
2	Ауызша қатынас – ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы, сөзге, сөйлемге айналып, дыбысталуы арқылы жүзеге асады.	
3	Тарихта алғашқы жазулар сурет түрінде болған.	
4	Дауысты дыбыстарды құбылтып айтуға болады.	
5	Елдің сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсе – тілі.	



6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу де – өнер. Біздің қазақ «Аталы сөз – баталы сөз» дегенде осы дұрыс сөйлей білуді айтқан.

Қазақ тілі – адам баласының кез келген кнын да күрделі ойын бейнелеудегі мүмкіндігі зор, аса бай тіл. Сондықтан да оны көздің қарашығындай қастерлеу – азаматтығымыздың ең шынайы түрі.

Ғ.Мүсірепов



А Мәтінге ат қойындар.



Ә Жуан дауыстылардың астын бір, жіңішке дауыстылардың астын екі сызындар.



7-тапсырма. Орыс тілінен енген, құрамында **и, у, я, ю, ё** әріптері бар сөздерді тауып жазындар.



8-тапсырма. Құрамында **и, у, я, ю** әріптері бар қазақтың төл сөздерін айтылуы бойынша жазындар. Не байқалдындар?



9-тапсырма. Сөйлемдерді жалғастырып айтындар.

1. Ашық дауыстыларды айтқанда ...
2. Қысан дауыстыларды айтқанда ...
3. Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай ...
4. Барлық дауысты дыбыстар ...
5. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай ...
6. Еріндік дауыстыларды айтқанда ...
7. Езулік дауыстыларды айтқанда ...
8. Жуан дауыстыларды айтқанда ...
9. Жіңішке дауыстыларды айтқанда ...



10-тапсырма. Оқлық, қызық!

耶 搥 柏 叟 滌 斃
 耘 悶 薊 糝 笈 悵
 磋 懽 藜 彡 篁 齋
 蟲 垓 闕 恣 賀 怪
 曜 跼 龍 棹 亮 啟

Ең көп әрпі бар тіл

Жуырда құрастырылған «Жұңхуа зы зай» («Әріп теңізі») сөздігінде қытай тіліндегі тоқсан мыңға жуық иероглиф қолданылған. Газет-журналды еркін оқу үшін кемінде екі мыңнан аса иероглиф білу керек.

www.massaget.kz



A Мәтінде жазудың қай түрі туралы айтылған?



Ә Мәтіннен еріндік және езулік дауысты дыбыстарды тауып жазыңдар.



B Берілген сөздерден ашық, қысаң дауысты дыбыстарды табыңдар.

Тіл, сөздік, мың, тоқсан, әріп, оқу, суық.



Есте сақтаңдар!

Хабарландыру – бір іс жайлы газет-журналға басылған не қағазға жазып, іліп қойылатын ақпарат. Мұнда хабарланып отырған мәселенің (жиналыс, кездесу т.б.) айы, күні, болатын уақыты мен орны көрсетіледі. Соңынан хабарландырушы мекеменің аты жазылады.

Үлгі:

Хабарландыру

Мектебімізде қыркүйек айының 10-ынан бастап «Домбыра» үйірмесі өз жұмысын бастайды. Толық ақпаратты 15-кабинеттен алуларына болады.

Ұйымдастырушылар



11-тапсырма. «Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі» атты тілдер мерекесіне орай өтетін жас ақындар байқауы туралы хабарландыру жазыңдар.



A Көшеден бейтаныс адамның құжаттарын тауып алдың. Қайда, қандай хабарландыру бересің?



Ә Дереккөздерден хабарландырудың басқа да түрлеріне мысал келтіріңдер.

Сөйлеу мәдениеті

Дауыссыз дыбыстар: жасалуы, жіктелуі

Біз бұл сабақта:

- 1) сөйлеу мәдениеті деген ұғыммен;
- 2) дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен;
- 3) қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Сол себепті «Өнер алды – қызыл тіл» деп, қазақ халқы сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидаларына айтылар ойдың дәлдігі, тыңдаушының қабылдауына сай болуы және сыпайы жеткізілуі жатады. Ой анық болмаса, тіл анық болмайды.

Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінен мейлінше мол сусындау қажет. Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жөн-жосық үлгілерін көріп өскен ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Сөз байлығы әр адамның сөздік қорындағы сөздердің санына байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы жұмсай алмасаң, одан не пайда? Аз сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парқын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып айту адамның ойлау деңгейімен және шығармашылық қабілетімен ұштасып жатады.

Б.Қапалбек

Түсіндірме
сөздік

Жөн-жосық – салт-сана, үлгі-өнеге.

Парық – мұнда: сөздің қадір-қасиеті.

Төл – сын. жеке өз басына тән, меншікті, байырғы; мұнда: өз тілі.

Сусындау – 1) шөлін басу; 2) ауыспалы мағынада: білім алу.



А Мәтін мазмұны бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

1. Сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидаларын атаңдар.
2. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін не қажет екенін баяндаңдар.



Ә Мәтінді қайта оқып, әр азат-жолдың мазмұнын бір сөйлеммен айтыңдар.



Б «Өнер алды – қызыл тіл» деген мәтелдің мазмұнын түсіндіріңдер.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР



Есте сақтаңдар!

Ахмет Байтұрсынұлы үнді дауыссыздарды *жартылай дауыстылар* деп атаған.

Қатаң	қ, к, п, с, т, ш
Ұяң	б, г, ғ, д, ж, з
Үнді	р, л, й, у, м, н, ң

Дауыссыз дыбыстар өкпеден шығатын ауаның кедергіге ұшырауынан жасалады. Дауыстылар таза үннен жақса, дауыссыздарда салдыр басым болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай *қатаң, ұяң, үнді* болып үш топқа жіктеледі.

Қатаң, ұяң дауыссыздар таза салдырдан тұрады, дегенмен ұяң дауыссыздарда болар-болмас үн болады. Ал үнділерде, керісінше, үн басым болады.



2-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен дыбыстарға фонетикалық талдау жасандар.

1. Тіл – мәдениет айнасы. 2. Тіл – қарым-қатынас құралы. 3. Тіл – адамзат ақыл-ойының қайнар көзі.



3-тапсырма. Метаграммаларды шешіндер. Жауап сөздің құрамындағы дыбыстарға талдау жасандар.

- «С»-дан бастасаң – бояумын,
«Қ»-дан бастасаң – далаңмын.
«Ж»-дан бастасаң – өлеңмін
Аузындағы адамның.
- Мені жұтсаң,
Қуанып,
Тыныс алып тұрасың.
Қоссаң алдан бір әріп
Маған суды құясың,
Малдарынды суарып.
- От-жалынмын ошақта,
«Ж» дыбысын үстесең.
Мені ұстайсың үсте сен,
Дем беремін сол шақта.
«Ж»-ны өшіріп жоясың,
Орнына «П» қоясың,
Сонда дәмге тоясың.
- Өнеге жайын толғасаң,
Сол сөзді еске аласың.
Бір әріп қосып, ойласаң,
Сүртінер затты табасың.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті дыбысты қойып жазыңдар.

- п – б: ...арасат, ...ілім, тала..., ...айланыс, кіта... .
- т – д: ...ыбыс, ...іл, ...әстүр, мә...еннет, әдебие... .
- қ – ғ: ...атаң, ...алым, қа...аз, а...ыл, байлы... .
- к – г: ...өз, ерте...і, бү...іл, ...іріспе, үл...і.
- с – з: ...усындау, ...абактастық, жа...у, негі...гі, құбылы... .
- ш – ж: ...азу, ...ығарма, тыңдау...ы, ...үйе, ...еберлік.



5-тапсырма. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді үш бағанға топтап жазыңдар.

Сөз, жалғау, жұрнақ, сөйлеу, тіл, ой, мәдениет, мағына, байлық, дәлдік, анық, әдебиет, ауызша, жазбаша, тыңдарман, пікірталас, құрал, дүниетаным.



6-тапсырма. №8 аудионы тыңдаңдар.



A Тыңдалым мәтінінің мазмұнына сәйкес ақпаратты белгілеңдер.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Мәтін ...		
	– кірпіштен үйлі қалай соғу туралы; – сөйлемді дұрыс құра білу туралы.		
2	Айтқан ойыңды басқалар түсіну үшін		
	– әр сөздің мағынасын жақсы білу керек; – кітапты көп оқу керек.		
3	Тілді қолдана білу дегеніміз –		
	– айтар ойға қажетті сөздерді таңдап ала білу; – қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білу.		



Ә Мәтін мазмұнына сай сурет пен сөзді сәйкестендіріңдер. Себебін түсіндіріңдер.

дыбыс

сөйлем

сөз



7-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегі бүгінгі түркітілдес халықтардың сөйлеу, жазу, тіл ұстарту білімінің бастау бұлағы саналады. Қазір қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, шылау, үстеу, бастауыш, баяндауыш, септіктер, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген атауларды ойлап тауып, ғылыми бірізге салған А.Байтұрсынұлы еді.

«Жатын» журналынан



А Қазақ тіліне қатысты атауларды теріп жазыңдар.



Ә Мәтіннен ұяң дауыссыздардан басталған сөздерді табыңдар.



8-тапсырма. *Кім жылдам ?!* Дәптерлеріне **к, қ, ғ, г** дауыссыздарынан басталатын сөздерді жазыңдар.



9-тапсырма. Үнді дауыссыздан басталып, үнді дауыссызбен аяқталатын сөздерді табыңдар. Олармен сөйлем құраңдар.

Нар, көйлек, мөр, тасбақа, нан, уылдырық, май, ғарышкер, киімешек, мен, рояль, ноғай, табиғат, маржан.




10-тапсырма. Мақал-мәтелдерден қатаң дауыссыздарды табыңдар.

1. Сөйлегенше сөзіңе өзің – қожа,
Сөйлеген соң өзіңе сөзің – қожа.

2. Артық тұз асқа залал,
Артық сөз басқа залал.



11-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Сөзжұмбақты шешіңдер.



1. Қазақ тілі қандай тілдер тобына кіреді?
2. Халықаралық ресми тіл.
3. Ауаның кедергісіз, еркін шығуынан жасалатын дыбыстар.
4. Өнер алды қызыл –
5. Түркітілдес халықтардың тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылым.
6. Тілдің дыбыстық сипатын зерттейтін тіл білімінің саласы.
7. Дауысты және дауыссыз

2-бөлім

КИІНУ. СӘН. ТАЛҒАМ



Адам барлық жағынан да: түрі де,
киімі де, жаны да сұлу болу керек.

А.Чехов

- Қазақ әліпбиі
- Орфография және орфоэпия
- Дыбыстардың жазылу ерекшеліктері
- Буын және оның түрлері
- Тасымал



Ұлттық киім

Қазақ әліпбиі

Біз бұл сабақта:

- 1) ұлттық киім түрлерімен;
- 2) бас әріптің жазылу ережелерімен;
- 3) қазақ әліпбиінің тарихымен танысамыз;
- 4) әліпбиді білудің маңыздылығын түсінетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Түсіндірме сөздік

Ішік – іш жағы аңның терісінен тігіліп, сырты матамен қапталған жылы сырткіім.

Жапсырма – металдан жасалған жұқа өрнек.

Күпі – ішіне жүн салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық сырткіім.

Жадағай – астар салмай тігілген жұқа сырткіім.

Кебенек – көне сөз. Малшылардың жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киетін жұқа киізден тігілген сырткіімі.

Шекпен – түйе, қой жүнінен жасалған шапанға ұқсас сырткіім.

Бешпент – тік жаға етіп, жүн салмай, ұзындығын тізеге жақын етіп тіккен жеңіл сырткіім.

Шапан – астарына (ішкі жағы) жүн не мақта салып сырып тігілген сырткіім.

Сыру – арасын жиі етіп тігу.

Қазақтың ұлттық киімдері Еуразия аумағында өмір сүрген көшпенділер мәдениетімен тығыз байланысты. Моңғолия жерінде табылған шапандар мен аң терісінен тігілген ішіктер, баскиімдер қазақтардың ұлттық киім үлгілеріне ұқсайды.

Сақ шеберлері киімге «аң стиліндегі» алтын жапсырмалар мен алтын түймелерді көптеп қадаған.

Ал сақ, ғұндардан кейін Қазақстан аумағында империя құрған түркілердің киім үлгілері тасмүсіндерде көп бейнеленген.

Қарапайым көшпенділер қой жүнінен жасалған күпі, түйе жүнінен тоқылған немесе қой жүнінен тігілген жадағай, түйе жүнінен тоқылған шекпен, жұқа киізден дайындалған кебенек киген. Ал көсемдер, патшалар мен



олардың туыстары бағалы аң терісінен тігілген ішік, алтын, күміс жіптермен қымбат маталардан тігілген киім киген. Көшпенділердің бешпенті мен шалбары күнделікті киіп жүруге ғана емес, сондай-ақ соғыс кезінде де өте ыңғайлы киім болған.

М.Өмірбекова «Қазақ ұлттық киімінің этномәдени лексикасы»



А Дұрыс жауапты белгілеңдер. Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Тарихта түркілердің киім үлгілері туралы деректер жоқтың қасы.		
2	Жай адамдар қой, түйе жүндерінен жасалған күпі, жадағай, шекпен киген.		
3	Көшпенділер бағалы аң терілерін, қымбат маталарды пайдаланбаған.		
4	Қазақтардың ұлттық киімдерінде көне киім үлгілерінің іздері бар.		



Ә Мәтіндегі әр азатжолдың мағынасын ашатын тірек сөздерді табыңдар.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

БАС ӘРІП	Қазақ жазуында бас әріппен жазу латын әліпбиіне көшкеннен кейін пайда болды. Кісі есімдері, жер-су атаулары, газет-журнал мен кітап аттары бас әріппен жазылады.
ӘЛІПБИДІ БІЛУДІҢ МАҢЫЗЫ	Сөздіктегі, энциклопедиядағы сөздер, кітапхана картотекасындағы авторлар, түрлі анықтамалардағы тұрғындардың аты-жөні, елді мекен атаулары және т.б. әліпби ретімен беріледі. Әліпби ретін жақсы білген адам өзіне қажетті ақпаратты тез әрі оңай тауып алады.

Есте сақтаңдар!

Әліпби – жазуда қолданылатын әріптердің тәртіппен орналасқан жиынтығы. *Әліпби* сөзі арабтың *алиф* пен *би* әріптерінің бірігуінен жасалған.



2-тапсырма. Әліпбидегі әріптер қатарын толықтырыңдар.


А Ә Б В ... Ғ Д Е Ё Ж ... И Й К ... Л М ... Ң О ... П Р С Т ... У
Ү Ф ... Ҧ Ц Ч Ш ... Ъ Ы І Ь ... Ю Я



А Қазақтың төл сөздерінде кездеспейтін әріптерді көшіріп жазыңдар.



3-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Сөзжұмбақты шешіп, жасырын сөзді табыңдар.



1. Қазақ дәстүріндегі қыздың ұзатыларда кнетін сәнді баскнімі.
2. Денеге шақтап тігілген жұқа, жеңіл киім.
3. Кәсіп атауы.
4. Қазақ дәстүрінде сыйлы адамға жабатын киім.
5. Киім сыртынан белді байлауға арналған мата.
6. Жаңа туған балаға кнгзілетін, тігісі сыртына қараған көйлек.



4-тапсырма. Берілген сөздердің дыбыстық құрамы туралы айтыңдар.

Империя, географ, этнография, археология, космогония, технология, Азия.



А Бұлар қазақ тілі үшін қандай сөздер?



Ә Қазақ сөздерінде кездеспейтін әріптерді атаңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Қазақ жазуы өзінің бастауын ғұн, сақ тайпалары пайдаланған көне («Есік жазуы») таңбалардан алады. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері жазылған «руна» жазуы түркі дүниесіне ортақ. Ал VIII ғасырдан бері қазақ даласында араб жазуы пайдаланылды. А.Байтұрсынұлының араб графикасына негіздеп жасаған әліпбиі 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылды. Қазақ халқы 1929 жылы латын жазуына көшсе, 1940 жылдан бері орыс графикасы негізінде жасалған әліпбиді қолданып келеді.



А Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Көне түркі ескерткіштері жазылған жазу
2. А.Байтұрсынұлының жасаған әліпбиі
3. Қазақ даласында XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін

төте жазу

латын жазуы

руна

4. Қазақ халқы 1940 жылға дейін

орыс графикасы

5. Қазіргі қазақ жазуы

араб графикасы



6-тапсырма. №9 аудионы тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес жауапқа ✓ (дұрыс) белгісін қойыңдар.

1	Әліпби – тіл дыбыстарына берілген таңбалардың жиынтығы.	
2	Әріппен жазылған сөз сурет сияқты.	
3	Таңба саны дыбыс санынан көп болса, әліпбидің қолайлы болғаны.	
4	Оңай оқылатын сөз көзді шаршатпайды.	



Ә Бос орындарды мәтін мазмұнына сәйкес толтырыңдар.

Қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да ... сияқты.
... жазылған сөзді әрпіне қарап оқымай, бүтін тұрған суретті танып оқиды.

Таныс адамды көргенде таныған сияқты ... тұрпатына қарап таныңы.
Сөз ... оқылса, сол сөздегі әріп көзге зиянсыз, жайлы болады.



Б Сөздікті пайдаланып, қарамен берілген сөзді мағыналас сөзбен ауыстырып жазыңдар.

Үлгі : Таңбаның тіл дыбыстарына толық жетуі.

1. Таңбаның тіл дыбыстарына **мол жетуі**. 2. Суреттің көзге **елеулі** болуы. 3. Әр сөзді **тұрпатына** қарап тану. 4. Сөздің **шапшаң** оқылуы. 5. Көзді **талдырмау** .



7-тапсырма. Оқлық, қызык!

Қазақ көйлегі Гиннестің рекордтар кітабына кірді

Қытайдағы Шыңжаң қазақ мәдениеті ғылыми қоғамы ұлттық киім, қолөнер тобының басшысы Зиятхан Айдарханқызының ұйымдастыруымен Еуразиялық киім көрмесіне қазақ көйлегін апарған. Ұзындығы 3,37 метр, етегінің кеңдігі 12,30 метр болатын және 50 қатпарлы үлкен көйлек осылайша Гиннесс рекордтар кітабына енді.

www.El.kz



A Мәтіндегі бас әріппен жазылған сөздерді әліпби ретімен көшіріп жазыңдар. Олардың неліктен бас әріппен жазылғанын түсіндіріңдер.

Әшекей бұйымдар

Орфография және орфоэпия

Біз бұл сабақта:

- 1) әшекей бұйымдармен;
- 2) сөздерді дұрыс жазудағы басты ұстанымдармен;
- 3) сөздердің дұрыс айтылу заңдылықтарымен танысатын боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әшекей – зат пен бұйымның бетіне салынатын ою-өрнек, түрлі нақыштар. Мұндай әшекей нақыштар жүн бұйымдары (текемет, сырмақ, алаша, коржын), киіз үйдің бау-басқұры, ат жабдықтары, құрылыс-сәулет орындары (маңдайша, жақтау, дуал, есік), киім-кешек, ыдыс-аяқ пен жиһаз, қару-жаракты әсемдеуде қолданылады. Әшекей түрлері, негізінен, қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесін айқындайтын қызмет атқарады. Қазақта әшекейленбеген зат, бұйым жоқ деуге болады.

Түсіндірме сөздік

Бау-басқұр – киіз үйдің ішкі көрінісін әшекейлеуге арналған арқан-жіп.

Ақық – араб. асыл, қымбат тас.

Лағыл – араб. қызыл түсті асыл тас.

Көктас – ашық жасыл түсті тас.

Қазақ шеберлері зергерлік өнерге қажетті материал ретінде алтын, күміс, мыс, жез, темір, қалайы, қорғасын, сондай-ақ ақық, алмас, гауһар, көктас, лағыл, маржан, меруерт, інжу сияқты асыл тастарды пайдаланған.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан





А Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қандай бұйымдар әшекейленіп, безендірілген?
2. Зергерлік өнерге қандай материалдар қолданылады?



Ә Сен қалай ойлайсың? Топпен талқылайық.



Әшекей заттар – сәндік бұйым ғана емес, ол қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесін де көрсеткен. Осыған келісесің бе?

1. ...

2. ...

3. ...

ОРФОГРАФИЯ ЖӘНЕ ОРФОЭПИЯ

Тілде бәріне ортақ жазу ережелері болады. Оны тіл білімінің **орфография** саласы реттеп отырады. Дұрыс жазуға негіз болатын бірнеше ұстаным бар:

1) сөздің алғашқы қалпын сақтап жазу: *құрылысшы* (*құрылышы емес*), *көбелек* (*көбөлөк емес*).

2) қосымшаны түбір сөздің соңғы буыны, соңғы дыбысына қарай жалғау: *кітап + тар*, *аспан + га* т.б.

3) қалыптасқан дәстүрлі қалыпты сақтап жазу: *самаурын* (*самовар емес*), *кәмшат* (*конфет емес*).

Сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы әрдайым бірдей бола бермейді. Сөздердің дұрыс жазылуы **орфографиялық сөздікте** көрсетіледі.

Сөздерді дұрыс айту нормаларын орфоэпия саласы қарастырады. Орфоэпия заңдарына сүйену

Есте сақтаңдар!

Орфография термині гректің *orthos* – дұрыс, *grapho* – жазамын деген сөздерінен жасалған.

Орфоэпия термині гректің *orthos* – дұрыс, *epos* – сөз, сөйлеу деген сөздерінен жасалған.



ДҰРЫС ЖАЗУ



**ДҰРЫС
АЙТУ**

сөздің әуезділігін сақтап айтуға мүмкіндік береді. Мысалы: *үйрек – үйрөк, құлын – құлұн*.

Сөздердің дұрыс айтылуы **орфоэпиялық сөздікте** көрсетіледі.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі сөздердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықтарға назар аударындар. Мағынасын түсіндіріңдер.

1. Сыпайы киімді киіп тоздырады,
Сараң киімді жиып тоздырады.

2. Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазындар.

Н – Ң	со...ғы әріп, сә...лік бұйымдар, оңтүстік ө...ір, жа...ға дауа, орма...ға бару, кү...ге шағылысу, тұма...ға қарамай жолға шығу
С – З	ыды...қа салынған сурет, күмі... әшекей, алтын жү...ік, тү...сіз мөдпір су, аққу-қа...сыз көл
Г – К	тана...өз, зер...ерлік бұйым, білезі...тің бағасы
Н – М	кө...біс кісі, айтқанынан та...бады, балалар кө...беді



4-тапсырма. Логогрифтерді шешіндер.

1. Бойыңдағы нәріңмін,
Анық айтсаң – жаныңмын.
Қоссаң дауыссыз дыбыс
Дастарқаннан табылдым.

(Қан – қан+m)

2. Миуалы ағаш далада,
Үз дағы, бауырым, же жеміс.
Бір әріп қоссаң араға,
Болар да шығар төсеніш.

3. Қымбат кенмін түсінсең,
Қолға ұстайтын сән көріп.
Соңғы әрпімді өшірсең,
Шыға келем сан болып.



4. Арифметиканы ашқанда
Көп жолдардан күт мені.
«О» дыбысын қосқанда
Географиялық нүктемін.

М.Әлімбаев



5-тапсырма. Орфоэпиялық норма бойынша берілген сөздерді орфографиялық нормаға сай жазындар.

быраздангейін, бырағырет, бірдембір, біргазан, біргатар, өткүншү,
өткүр, өтүрүкшү, пайдакорлұғ, пайдағұмар.



6-тапсырма. *Кім жылдам ?!* Жанылтпаштарды тез айтып үйреніндер.

- | | |
|---|--|
| <p>1. Біреуі – көрікті кісі,
Біреуі – бөрікті кісі.
Көрікті кісі зорықты,
Бөрікті кісі қорықты.</p> <p>2. Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.</p> | <p>3. Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа
Оралады қонышқа!</p> <p>4. Қырқада қырық арқар бар,
Қырық арқарда ақ арқар бар,
Алты арқарда марка арқар бар.</p> |
|---|--|



7-тапсырма. Қарамен берілген сөздерді орфографиялық нормаға сәйкестендіріп жазыңдар.

Қазақтың басқа халықтарға ұқсамайтын ұлттық киім үлгілері табиғат жағдайы мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. Қазақы **гиімнің** барша сымбатты **ойуу**-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.



A Қандай дыбыстар өзгеріске түсіп тұр?



8-тапсырма. №10 аудионы тыңдаңдар.



A Мәтін бойынша сұрақтардың дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. *Сал* деген кім?
 - а) бай өнерпаз жігіт;
 - ә) ерекше киінетін өнерлі адам;
 - б) өлең жазатын адам.
2. Сал қалай киінген?
 - а) аяғына құндыз байпақ киген;
 - ә) кәдімгі шапан киген;
 - б) күлкілі көрінетіндей ерекше киінген.
3. Ыбырай Сандыбайұлын неге Үкілі Ыбырай деп атаған?
 - а) асырап алған үкісі болған;
 - ә) құлағына салбыратып үкі тағып жүрген;
 - б) бөркіне үкі қадап алған.
4. Мәтінде қандай жердің аты аталды?
 - а) Жетісу;
 - ә) Атырау;
 - б) Сандыбай.




Ә Қарамен берілген сөзге мағынасы сәйкес келетін сөзді табыңдар.

Үлгі : 1 – Ә.

1	Ы.Сандыбайұлы Үкілі Ыбырай деген атпен мәшһүр болған.	а) бай жерден
2	Сал – дәулетті ортадан шыққан өнерпаз жігіт.	ә) танымал
3	Жетісуға келген бірнеше сал елді қайран қалдыру үшін бірдей ат мініп, бірдей киінген.	б) аяқасты, бірден
4	Киімі біреуге ұқсап кетсе, оны дереу өзгерте қойған.	в) таңғалдыру



Б Кім тапқыр?! Сөзжұмбақты шешіп, жасырын сөзді табыңдар.



1. Әліпбидегі төл дыбысты таңбаламайтын әріп.
2. Оңаша жерге тігілген үйде сал киімін іліп қоятын жер.

3. Салдың киіміндегі аң терісі.
4. XIX ғасырда өмір сүрген Аркадағы атақты салдың есімі.
5. Жетісуға топ болып келген салдардың саны.
6. Салды ерекше етіп көрсететін нәрсе.
7. Жанатпен тысталған баскиім.
8. Мәтінде аты аталған салдың есімі.



9-тапсырма. Оқыық, қызық!

Әлемдегі ең ескі көйлек



100 жыл бұрын Мысырдан табылған көйлекті британдық ғалымдар радио-көмірсутекті әдіспен зерттеген. Көйлек шамамен 5500 жыл бұрын тігілген. Ақшыл сары түсті таза табиғи матадан тігілген киімнің ұзындығы белгісіз. Себебі көйлектің етегі жыртылып қалған. Оған «Тархан» деген атау берілген. Қазір ол Лондонның «Виктория мен Альберт» мұражайында тұр.

www.massaget.kz



А Берілген сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айтыңдар.

Көйлек, бұрын, түсті, көмір.

Ұлттық талғам

Дыбыстардың жазылу ерекшеліктері

Біз бұл сабақта:

- 1) сұлулықты, әдемілікті сипаттайтын тіл бірліктерімен;
- 2) халқымыздың әсемдікке, сұлулыққа, сән-салтанатқа көзқарасымен;
- 3) қазақ тіліндегі кейбір дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылу ерекшеліктерімен танысамыз.



1-тапсырма. Жырдан алынған үзіндіні оқындар.

Бұқар барсаң, қолаң бар,
 Қолаңды көр де шашым көр!
 Молдаға барсаң қасында
 Қиюлы жатқан қалам бар,
 Қалам көр де қасым көр!
 Иран барсаң, пісте бар,
 Пісте көр де мұрным көр.
 Һәр шаһарға қарасаң,
 Құрулы тұрған күзгі бар,
 Күзгіні көр де көзім көр.
 Самарқан барсаң, сандал бар,
 Сандал көр де тісім көр!
 Қара жерге қар жауар,
 Қарды көр де етім көр!
 Қар үстіне қан тамар,
 Қанды көр де бетім көр!
 Мен Қырымның ішінде
 Ақшаханның қызы едім.

Түсіндірме сөздік

Қолаң – қалың, тығыз өскен, жуан.

Пісте – ыстық жақта өсетін бір жағы сүйір жеміс.

Күзгідей – көне, айнадай.

Сандал – гүлі ақ түсті, өзі жуан боп өсетін қатты ағаш.

Ата менен анамның
 Асыранды қазы едім.
 Қойда бағлан қозы едім.
 Қытай менен Қырымнан
 Тамам жақсы жиылса,
 Аузындағы сөзі едім.

«Ер Тарғын» жырынан үзінді



А Қарамен берілген сөз мәтінде қандай мағынада қолданылғанын айтындар.

1. Қарды көр де етім көр! (*тері / бояу*)
2. Қойда бағлан қозы едім. (*уыздай жас / тоқты*)
3. Ақжүніс Қытай мен Қырымнан жиналған адамдардың аузындағы сөзі еді. (*айтатын әңгімесі/әні*)



Ә Жырдан Ақжүністің келбетін суреттеуде қолданылған теңеулерді тауып айтындар. Мысалы: қалам – қас.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Есте сақтаңдар!

Екі дауыссыздан басталатын немесе аяқталатын басқа тілден енген сөздің алдына немесе соңына дауысты дыбыс қосылып айтылады. Мысалы: *стакан – ыстақан, бланк – бланкі.*

1. Сөз басындағы **ж, ш** дыбыстары мен **й** дыбысының ортасында келген **а** дыбысы көбіне **ә** болып айтылады. Мысалы: *шай – шәй, жай – жәй*

2. Сөздердің соңғы бұйынында келетін **ы, і** дыбыстары кейбір қосымшалар жалғанғанда түсіп қалады. Мысалы: *ойын+а – ойна, қырық+ыншы – қырқыншы.*

3. **Ы, і** дыбыстарына аяқталған кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда **ы, і** әріптері түсіп қалады. Мысалы: *екі+еу – екеу, алты+ау – алтау.*

4. **Ы, і** дыбыстарына аяқталған сөздерге **-у** қосымшасы қосылғанда **ы, і** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *оқы+у – оқу.*



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті әріпті қойып жазыңдар.

А – Ә	Биц...йі, ...ру, д...н, к...с, ...лем, ...уыз, ш...ш, б...ліш, т...ж, у...де, к...рі, ж...шік, ш...лі
Ұ – Ү	...ні, Ақж...ніс, т...йме, б...қара, ...ста, ж...йрік, к...ш
Ы – І	П...сте, алт...н, қоз..., тер..., қаз..., с...м, бау...р, көзілді...рік



3-тапсырма. Қате жазылған сөздерді ережеге сай қайта жазыңдар.

Допы, құлны, халкы, қазақы, бауыры, бауырсақы, жібі, әдепі, кнімі, белдікі, көркі (ажары), көрігі (ұстаның).



4-тапсырма. *Кім жылдам ?!* Әріптерден сөз құрастырыңдар.

ҮЗІЖК, РЕЗРЕГ, ОШМҚАН, ҢЕКЕБ, БМІЛІ, МДАА, АСУДЫ, БСЫДЫ, ЕЖРЕЕ, БӘЛШІ.



5-тапсырма. Дауыстылардың астын сызыңдар. Оларға дыбыстық талдау жасаңдар.

Тән сұлулығы қартайды, жан сұлулығы қартаймайды. Тән сұлулығы мезгілге тәуелді, жан сұлулығы мезгілге тәуелді емес, өз-өзіне тәуелді.

Бөкен би



6-тапсырма. Берілген сөздерге **ы, і** әріптерін қосып жазыңдар. Не байқалдыңдар?

Лак +	Ы	...	Кезек +	І	...
Құлак +		...	Еңбек +		...
Қолғап +		...	Мектеп +		...
	Ағау	+Ы/І		...	
	Әдіс			...	
	Көйлек			...	
	Түс			...	
	Ұзындық			...	



7-тапсырма. Әр бағандағы сөздерге үлгіде көрсетілгендей қосымшаларды жалғандар. Не байқалдыңдар?

Оқы + у → оқу	Халық + ы/і → халқы	Екі + еу/ау → екеу
Тоқы	Әріп	Ойын
Қобалжы	Көрік	Орын
Тасы	Дауыс	Жеті



8-тапсырма. Суретке қараңдар. Кііз үйдің ішкі көрінісін сипаттап жазыңдар.



9-тапсырма. №11 аудионы тыңдаңдар.



А Тыңдаған мәтіндегі ақпараттың берілу ретін көрсетіп, мазмұнын баяндаңдар.

Екіншінің әйеліне сиқырлы жүзік туралы айтуы
 Зергердің сиқырлы жүзiктi жай жүзікке ауыстыруы
 Бүркіттің кедейге жүзік жайында баяндауы

1

Немерелерінің жүзік жайында сөйлесуі
Зергердің кедейді қонаққа шақыруы



Ә Берілген сөздердің ішінен мәтін мазмұнын ашатын бес тірек сөзді таңдаңдар. Неге бұл сөздерді таңдағандарыңды түсіндіріңдер. Таңдаған сөздеріңнің дауысты дыбыстарына талдау жасаңдар.

Арша ағашы. Бүркіт. Жүзік. Еңбек. Тілек. Зергер. Егінші. Жұмыртқа. Немере. Бақыт. Байлық.



Б Бағандарды мағынасына қарай сәйкестендіріңдер. Ойларыңды дәлелдендер.

1. Кедей зергердің жауабына күліп, қолындағы жүзіктің сиқырлы екенін, оған баға жетпейтінін айтады.	а) ақылшылық
2. Егінші бір жыл бойы еңбек етіп, мол өнім алады. Өнімін сатып, егістік жер, ат сатып алады.	ә) үлкенге құрмет
3. «Сиқырлы жүзік тілекті бір-ақ рет орындайды, одан кейін сиқырын жоғалтады. Сондықтан қазір бізде бәрі бар, қажет кезде ғана сұрайық», – дейді егінші.	б) арамшық
4. Атамыз бұл жүзікті өмір бойы ерекше қадірледі, өзінде қалсын, – дейді бір немересі.	в) анқаулық
5. Зергер кедейдің сиқырлы жүзігін ұрлап алып, орнына дәл сондай жай жүзікті салып қояды.	г) еңбекқорлық

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ сөздері **б, в, г, д, щ** дыбыстарына аяқталмайды, бұлар орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *клуб, актив, отряд*. Сөз **б, в, г, д, щ** әріптеріне аяқталса, қосымша қатаң дыбыстан басталады: *педагогке, велосипедтің*.

Қ, к, п дыбысына аяқталатын сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыстар ұянданып кетеді: *кітап + ы – кітабы, қасық + ы – қасығы, көйлек + і – көйлегі*.

Һ әрпі жазылатын сөздер қазақ тілінде көп емес: *жүһаз, сауһар, қаһар, қаһарман*.

Щ әрпі қазақ тілінің *ащы, тұщы, кеңсе* деген сөздерінде ғана жазылады.

Сөз **ш** дыбысына аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда екі **ш** әрпі қатар жазылады: *аш + шы – ашышы*;

Түбір сөз **с, з** дыбысына аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда сөздің түбірі сақталып жазылады: *кес + шиі – кесіші (айтылуы – кешіші)*.



10-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Зергерлік өнер – ерте заманнан келе жатқан әрі халыққа көп тараған өнердің түрі.

Қазақ зергерлері, негізінен, әйелдердің сәндік әшекей заттарын (сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа т.б.), **ұсталары** батырлардың қару-жарақтарын (айбалта, дулыға, кісе, садақ т.б.), **шеберлері** үй іші мүліктерін (кебеже, ағаш төсек, жүкаяқ т.б.), аншылық жабдықтарды (томаға, балдақ т.б.), музыка аспаптарын (қобыз, домбыра, сыбызғы т.б.) әсем жасай білген.



«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан



А Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.



Ә Мәтіннен қазақ зергерлері дайындаған заттардың атын теріп жазыңдар.



11-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Қазақтың төл сөздерінде ғана кездесетін дыбыстарды атаңдар.

Тұскиіз

Аңқаулықты, аяулым, қара біздің,
Ұшқыр екен қиялы анамыздың.
Қалай ғана көшірген тұскиізге
Өзендерін, көлдерін даламыздың.

Даласына ғашық боп басында өзі,
Бәрін көріп ананың асыл көзі.
Тұскиізге жайнатып түсіріпті-ау,
Туған жердің жайнатып жасыл кезін.

Тұскиізге күн сәуле төкті күліп,
Баратқандай бейне бір от жүгіріп.
Балам туған даласын ұмытпасын! –
Деп тұсыма анашым кетті ме іліп?!

Т.Молдағалиев



12-тапсырма. Қатаң дыбысқа аяқталатын сөздерге түрлі қосымша жалғап көріндер. Дыбыстық өзгерістерге мән беріндер.

Қасық, күрек, тас, шаш, кітап, мектеп, жастық, үйрек, асық, түп.



13-тапсырма. Көп нүктенің орнына **н, н** әріптерінің тіістісін қойып жазыңдар.

Жү..., әре..., егі...ші, аяғыны..., тұрғы...дар, байпақты..., сыйлаймы...



14-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптің бірін қойып жазыңдар. Не байқалыңдар? **Ш** әрпінің емлесін еске түсірейік.

Жазылуы	С/Ш	Айтылуы
Іш + ...ен		...
Бас + ...ы		...
Қос + ...ы		...
Сөз + ...із		...
Жаз + ...аң		...
Аспаз + ...ы		...



15-тапсырма. Оқық, қызық!

Ең үлкен байпақ

Гиннестің рекордтар кітабына 2004 жылы Семей қаласында жасалған алып байпақ енді. Әлемдегі ең үлкен байпақтың өлшемі – 106, салмағы – 16,5 килограмм, қонышының биіктігі – 178 сантиметр. Алып байпақты дайындауға үш күн кеткен. Байпақты дайындауға кәдімгі байпақтардан 14 есе көп, яғни 70 килограмм жүн жұмсалған.

«Қазақстан рекордтары» кітабынан



А Мәтіннен қосымша жалғанғанда түбірі өзгерген сөздерді тауып жазыңдар.



16-тапсырма. *Кім тапқыр?* Ребусты шешіп, мәтелдің мағынасын түсіндіріңдер.



Сұлулық сыны

Буын және оның түрлері

Біз бұл сабақта:

- 1) буын және оның түрлерімен;
- 2) Леонардо да Винчидің «Джоконда» картинасымен;
- 3) «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің сыртқы келбетімен;
- 4) «Қыз Жібек» фильмі туралы мәліметтермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Итальяндық ұлы суретші Леонардо да Винчидің атакты туындыларының бірі – «Мона Лиза». Оны «Джоконда» деп те атайды. Бұл – майлы бояумен ағаш тактайда салынған картина, көлемі бар болғаны – 77 · 53 сантиметр.

Байқасандар, Мона Лизаның қасы жоқ. Бұл ерекшелік суреттегі сұлудың маңдайын жазық етіп көрсетіп, адамға ерекше әсер етеді. Суретшінің ай жүзді аруды неге қастан жұрдай еткені – ұлы картинаның мың құпиясының бірі.

Қылқалам әрлеген, келбеті әлемді тамсандырған бұл сұлу қыз кім? Бір нұсқа бойынша, бұл – флоренциялық бай саудагер Франческо дель Джоконданың әйелі. Бірақ қазір ғалымдар бұл нұсканы теріске шығаруда. Олар суретшінің хаттарын зерттеп, «Бұл картина Леонардо да Винчи Флоренциядан кетіп қалғаннан кейін салынған», – дейді. Тағы бір тұспал – суретші марқұм анасын кескіндеген. Сондай-ақ суретшінің көмекшісі болған Салаи сұлу деген де болжам бар. Ал соңғы нұсқа тіптен қызық: бұл – Леонардо да Винчидің автопортреті. Дарын несі өзіндегі карама-қайшылықты әйел бейнесі арқылы паш етпек болған-мыс.

Бұл еңбекке қарағанда алдында картина емес, тірі адам отырғандай күй кешесің. Жанарында ұшқын бар. Мұрнында, аузында, қолдарында – бәрінде жан бар сияқты, жүрегі соғып тұрғандай. Бір сөзбен айтқанда, суретші суретке жан бітіргендей. Осылайша «Джоконданың» жұмбақ күлкісінің сырын әлі ешкім аша алмай келеді. Бір қарағанда, күлімсіреп отырған сияқты, енді бір қарағанда, мұңға батқандай болып көрінеді. Шеберлік деген – осы!

«Леонардо бұл суретті салуға жарты өмірін арнаған» деседі. Қайда барса да тастамай алып жүрген. Бұл еңбегін суретші ең қымбат бағаға



Түсіндірме
сөздік

Әрлеу – бояу, көркейту.
Аманат – сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілетін зат.

да сатпаған көрінеді. Өмірден өтерінің алдында көмекшісі Салаиға аманат етіп тапсырып кетеді. Әлемдегі ең танымал көркемсурет – «Джоконда» Лувр мұражайында сақтаулы тұр. 1960 жылы картина оқ өткізбейтін әйнекпен қапталды.

«Мәдениет» журналынан



А Жауаптарға сұрақ құрастырыңдар.

1. Ол – әлемге танымал туындының авторы, суретші.
2. Танымал «Мона Лиза» картинасы «Джоконда» деп те аталады.
3. Мона Лизаның қасының болмауы – суреттің өзіндік бір құпиясы.
4. «Суреттегі ару – флоренциялық бай саудагердің әйелі» деген болжам бар.
5. Суретші шеберлігі арудың күлімсіреген келбетін бейнелеуінен көрінеді.
6. Суретші әлемге танымал бұл еңбегіне өзінің жарты өмірін арнаған.
7. Құпияға толы танымал туынды Лувр мұражайында сақтаулы тұр.



Ә Қарамен берілген сөздердің мағынасын екінші бағаннан табыңдар.

1. Суретте Мона Лизаның қасы жоқ, бұл – картинаның **мың** құпиясының бірі.
2. Джоконданың жұмбақ күлкісінің **сыры** әлі ешкімге белгісіз.
3. Леонардо суретке **жарты өмірін** арнаған.

- а) ұзақ уақыт салған
- ә) көп
- б) құпиясы



Б Бірге талқылайық. Бір нұсқаны таңдаңдар немесе өз нұсқаларыңды ұсыныңдар. Жауаптарыңды дәлелдендер.



Мәтіндегі негізгі ой қандай?

3. «Джоконда» – суретшінің автопортреті.

1. Суреттегі ару кім?

2. «Мона Лиза» – құпиясы мол туынды.

БУЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ЕРЕЖЕ

Буын дегеніміз – бір немесе бірнеше дыбыстан құралған бөлшек.
Мысалы: *а-на, ө-нер, қал-ған.*

- буын болу үшін құрамында дауысты дыбыс болу керек;
- бір дауысты дыбыс жеке тұрып буын құрайды;
- дауыссыз дыбыстар жеке тұрып буын құрай алмайды;
- сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады;
- қазақ тілінде сөздің басындағы буын ғана дауысты дыбыстан басталады.

БУЫН ТҮРЛЕРІ

Қазақ тілінде буынның үш түрі бар:

Ашық буын – жалғыз дауысты дыбыстан тұратын немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталатын буын: *а-на, о-қы, о-қу-шы, же-ті.*

Тұйық буын – дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын буын: *ән, ұлт, үш, он, өрт.*

Бітеу буын – дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын буын: *қал, мек-теп, төрт, қарт, қыз, бұл-бұл.*



2-тапсырма. Тіркестерді екінші бағандағы мағыналас сөздермен сәйкестендіріңдер. Бұл сөздердегі бітеу буынның астын сызыңдар.

1. Паш ету	А. Қате деп санау
2. Ай жүзді	Ә. Жариялау
3. Жұрдай (ету)	Б. Түк жоқ
4. Теріске шығару	В. Әдемі
5. Әлемді тамсандырған	Г. Болжам
6. Бір тұспал	Ғ. Мұнаю
7. Мұңға бату	Д. Таңдандыру



3-тапсырма. №12 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына сай келетін нұсқаларды тауып, ойларыңды дәлелдендер.

1. Жырда ... келбеті суреттелген.
а) Ләйлінің; ә) Жібектің; б) хор қызының.
2. Жырда кейіпкердің ... сипатталған.
а) күймесі; ә) мінген пырағы; б) сұлулығы.
3. Сымнан да жіңішке – бұл кейіпкердің ...
а) белі; ә) қасы; б) сырғасы.

4. Шашындағы шашбау ... екен.
а) гауһардан; ә) алтыннан; б) ақ тастан.
5. Сұлу қыздың бетінің ақтығын жырда ... тенеген.
а) ақ тауыққа; ә) ақша қарға; б) жазғы сағымға.



Ә Қыз Жібек пен Джоконданың сұлулықтарын салыстыра әңгімелеңдер.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



1968–1970 жылдары «Қыз Жібек» жырының желісімен «Қыз Жібек» көркем фильмі түсірілді. Басты рөлдерді сомдаған актерлер: Қыз Жібек – Меруерт Өтекешова, Төлеген – Құман Тастанбеков, Бекежан – Асанәлі Әшімов.

Түсіру жұмыстары Семей, Көкшетау өңірлері мен Алматы облысында, Жайық, Іле өзендерінің жағалауында өтті.



Бішкек қаласының хайуанаттар бағынан киноға түсіру үшін арнайы аққулар әкелінген. Фильмге сегіз, он, он алты қанатты, жалпы саны отыздан астам киіз үй тігілген. Фильмнің бас суретшісі киноны көркем безендіру үшін бір жарым мыңнан астам эскиз жасаған екен.

«Қыз Жібек» фильмі 1972 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

www.massaget.kz



А Мәтіндегі кісі аттарын әліпби тәртібімен жазып, буынға бөліңдер, буын түрлерін анықтаңдар.




Ә Мәтіндегі қала, жер-су аттарын тауып, буын санын анықтаңдар.



5-тапсырма. *Кім тапқыр*?! Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, «Қыз Жібек» фильмінің бас суретшісі кім болғанын білесіңдер.

1. Отанынан басқа жерлерге қоныстанған ұлттың бөлшегі.
2. Сөздердің аудармасы әліпби ретімен берілетін кітап.
3. Мемлекет аумағындағы басқару, заң шығару, сот ісі және ісқағаздарын жүргізу тілі.
4. Қазақ тіліне ең жақын тіл.
5. Буын мен оның түрлерін карастыратын тіл білімі саласы.
6. А.Байтұрсынұлы *жартылай дауысты* деп атаған дыбыстар.

7. «Мона Лиза» картинасының екінші аты.
8. Қазақ тіліне тән төл дыбыс емес, әліпбиде төртінші тұрған әріп.
9. Сөздердің дұрыс жазылу нормасын қарастыратын сала.



6-тапсырма. Оқыық, қызық!

Жапыраққа ойылған кескін ...

Бейнелеу өнерінің бір түрі – кескіндеме. Ол – белгілі бір заттың бетіне бояумен салынған немесе ойып жасалған көркем туынды. Ирандық Оmid Асади есімді суретші пышақ пен инені пайдаланып, жапырақтардан әдемі туындылар жасайды екен. Кепкен нәзік жапырақтарды ойып, адамның ойына келе бермейтін көркем туындыны жасау үшін үлкен шыдамдылық керек.



www.massaget.kz



A Мәтіннен бітеу буыннан ғана тұратын сөздерді тауып жазыңдар.



7-тапсырма. Нақыл сөзді оқып, мағынасын түсіндіріңдер. Сөздердегі буын түрлерін анықтандар.

Сұлулық деген жарық қой
Дүние тозса тозбайтын.

Д.Бабаатаұлы

Асыл тастар

Тасымал

Біз бұл сабақта:

- 1) асыл тастар және олардың қасиетімен;
- 2) сөздерді тасымалдау тәсілдерімен танысамыз;
- 3) қандай сөздерде және қандай жағдайларда тасымалдау әдісі қолданылмайтыны туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Түсіндірме сөздік

Тіл-көз тию – таңданып, мақтап сөйлеген сөзден ауруға, жайсыз жағдайға ұшырау.

Сәдеп – теңіз түбінен алынатын асыл тастың қабыршағы.

Жақұт – көк, жасыл, қызғылт түсті бағалы тас.

Асыл тас – тұрмыстық заттар, зергерлік, колөнер бұйымдарын әшекейлеу үшін қолданылатын табиғи тастар.

Асыл тастарды сәулені шағылыстыру қасиеті мен кырларының ерекшелігіне орай зергерлік бұйымдарға «көз» ретінде салған. Оларды әуелі ұсақ ара, егеу, өткір кескіш құралдарды пайдаланып кесіп алады. Содан кейін тегістеп, тесіп, жыпыратып, кырлап, ұяшықтарға орнатқан. Түрлі желіммен бекітіп, тістермен құрсаулаған. Тастардың «көз» деп аталуы тегін емес. Өйткені әшекейге салынған

әрбір тас «бәрін көріп тұратын сиқырлы күш» деп саналған. Қазақтар «інжу көзге түскен ақты, жақұт жемсауды емдейді» десе, «маржан тіл-көз тиюден сақтайды, сәдеп қарғыстан қорғайды» деп сенген.

Асыл тастардың түсі адамның жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алынған. Мысалы, жас қыздардың бұйымын қызыл тастармен әшекейлеген. Дәстүрлі қазақ тұрмысындағы тастарға деген оң көзқарас бүгінге дейін сақталған.

«Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары» кітабынан



А Мәтін мазмұнына ең жақын келетін жауапты табыңдар. Жауаптарыңды дәлелдендер.

1. Мәтін асыл тастардың *түстері / түрлері мен қасиеттері / бағасы* туралы.
2. Түрлі бұйымдарға, тұрмыстық заттарға өңделіп салынған асыл тас *моншақ/әшекей / көз* деп аталады.
3. Мәтінде асыл тастардың *емдік қасиеттері / қазақ даласынан табылуы/сиқырлы күші* туралы айтылған.
4. *Қазақтар / зергерлер / жас қыздар* «маржан тас тіл-көзден сақтайды» деп сенген.



Ә Төмендегі суреттердің реті бойынша жоспар құрып, шағын мәтін құрастырыңдар.



ТАСЫМАЛ

Сөздің жолға сыймаған бір немесе бірнеше буынын келесі жолға бөліп жазу **тасымал** деп аталады. Мысалы: *қа-раторгай, ЕРЕЖЕ-торгай, қаратор-гай*.

Бір буынды сөздерді тасымалдауға болмайды: *ел, жер, жұрт*.

Жалғыз әріпті бірінші жолға қалдыруға не екінші жолға шығаруға болмайды: *ұлы, ана, әке*.

Сан есіммен келетін қысқарған шартты белгілерді цифрдан бөліп тасымалдауға болмайды: *5 га*.

Кісі аттары мен қысқарған сөздер тасымалданбайды: *Құдайберген, Табылғұл, Қытай, БҰҰ, ҚазҰУ*.

Есте сақтаңдар!



Аю, сия, ұя, қия сөздеріндегі **я, ю** әріптері тасымалданбайды.

Сөз ішінде дауыстылардан кейін келген **у, й** дыбыстары келесі буынның бірінші әрпі болады: *қауын, қа-йық, баста-уыш*.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Бұрын адамдар інжу тасты теңіздің түбінен іздеген. XIX ғасырдың аяғында жапон ғалымы Кокити Микемото інжу тасты үйде өсіру техно-



логиясын ойлап тапты. Ол да ұлудың көмегімен жүзеге асады. Бақалшақты ортасынан ашып тұрып, ішіне моншақ салады. Сосын бақалшақты ұлудың өмір сүруін қамтамасыз ететін арнайы суқоймасына тастайды. Бір түйір теңіз інжуін өсіру үшін үш жыл қажет.

Інжу тас шамамен 150 жыл сақталады. Одан кейін қарая бастайды. Табиғи інжу мен жасанды інжуді салмағына қарай ажыратады. Табиғи інжу ауырлау болып келеді және отқа жанбайды.

www.massaget.kz



A Мәтіннен бір сөйлемді таңдап алыңдар. Сөйлемдегі сөздерді алдымен буынға бөліңдер. Содан кейін тасымалдап көріңдер.



3-тапсырма. Бірінші бағандағы мақал-мәтелдің жалғасын екінші бағаннан табыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|--------------------------|---------------------------|
| 1. Арпа, бидай ас екен, | а) өлеңшінің сөзі алтын. |
| 2. Өнерлінің қолы алтын, | ә) ақыл жастан шығады. |
| 3. Асыл тастан шығады, | б) алтын, күміс тас екен. |
| 4. Жігіт адамға | в) жетпіс өнер де аз. |



4-тапсырма. Кестені үлгі бойынша толықтырыңдар.

Мысалы	Түсіндірмесі
Ас, ол	Бір буынды сөздер тасымалданбайды.
Аға, ата	...
Қадыров Қожа, Майқанова Майра	...
ҚР, ҰБТ, ТМД	...
Жауын, қайық	...



5-тапсырма. Берілген сөздерді тасымалдаңдар.

Абайла, ұстаз, ал, дайындық, тырс, жуын, сауат, қауырт, сарт-сұрт, кын, М.Әуезов, Б.Момышұлы.



6-тапсырма. Қате тасымалданып тұрған сөздерді табыңдар.

Тал-ғам-да-р-ға, сән-ді, ә-де-мі, си-я, Қ-Р, А.-Арманов, та-лап, дос-тық, н-ан, а-лма, ұ-лт, ба-ға-лау, кі-лт, е-ре-же, Т-М-Д, с-абақ, Ү-сен, II-сынып, X-XI ғасыр.

3-бөлім

ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР



*Балам деген жұрт болмаса – жұртым
дейтін бала қайдан шықсын!
А.Байтұрсынұлы*

- **Үндестік заңы**
- **Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар**
- **Дыбыс үндестігі**
- **Дыбыс үндестігі: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал**



Қара шаңырақ

Үндестік заңы

Біз бұл сабақта:

- 1) үндестік заңы;
- 2) буын үндестігі және оның заңдылықтары;
- 3) қара шаңырақ ұғымы және оның маңызы туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Түсіндірме сөздік

Шаңырақ – 1) киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек шеңбер; 2) ауыспалы мағынасы адамның тұратын үйі; 3) ауыспалы мағынасы: отбасы, жанұя.

Медет тұту – сүйеніш көру, тірек, демеу ету.

Қазақта кенже ұлға мұра болып қалатын әкенің үйі қасиетті қара шаңырақ, үлкен үй деп аталады. Бұл үй әкесі тірі кезінде де, қайтыс болған соң да қара шаңырақ атала береді. Халқына беделді, сыйлы, құрметті адамдардың қара шаңырағын оның ел-жұрты қанша уақыт өтсе де киелі деп санаған.

Отбасынан қыз бала ұзатылып, үлкен ұл үйленіп, бөлек шығып кеткен соң, кенже ұлға қара шаңырақпен бірге әке-шешені бағып-қағу, күту міндеті де жүктеледі. Сондай-ақ осы кенже ұлға тиесілі болған қара шаңырақты басқа ұлдары кенже ұлдың үйі емес, әке шаңырағы деп есептеп, сый-құрметпен қарайды. Оны өздеріне тірек, медет тұтады. Сондықтан қазақы ортада ас беру, соғым басына шақыру сияқты әдет-ғұрыптарды атқаруда алдымен қара шаңырақ ескеріледі. Қара шаңырақтың кенже ұлға мұрагерлікке қалдырылу салты сонау сақ, үйсін, ғұндар заманынан бастау алады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан



A Қарамен берілген сөздердің мағынасын көрсетіңдер.

1.	Шаңырақтарын берік болсын!	мықты/ әдемі
2.	Ұлды ұяға , қызды қияға қондыру	қонаққа жіберу/үйлендіру, тұрмысқа ұзату
3.	Кенже ұлға қалатын үй үлкен үй деп те аталады.	кен/әке тұрған үй
4.	Шаңырағың шайқалмасын !	бұзылмасын/төгілмесін



Ә Дұрыс жауап болатын нұсқаларды сәйкестендіріңдер.

Енші	←	қызға беріледі
Жасау		отау құрады, үйленеді
Қыз	→	ұлға беріледі
Ұл		тұрмысқа шығады



Б «Қара шаңырақ» тіркесінде *қара* сөзінің қандай мағынада қолданылғанын анықтаңдар. Осы сөздің төменде көрсетілген әртүрлі мағынасына сөйлем құрап жазыңдар.

«қара» сөзі {

1. *Ақ түске қарама-қарсы түс.*
2. *Қасиетті, қадірлі.*
3. *Көз жіберу, назар салу.*
4. *Күту, мәңгелеу, баттау.*



В Берілген сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Кенже (кенже ұл), жасау (қыздың жасауы), соғым (соғым басы), енші (енші беру), ас (ас беру).

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Сөздің бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтылуы **үндестік заңы** деп аталады. Үндестік заңы буын үндестігі және дыбыс үндестігі болып жіктеледі.

Сөз құрамындағы, түбір сөз бен қосымшалардағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып үндесуі **буын үндестігі** деп аталады.

Сөздің соңғы буыны жуан болса, жалғанағын қосымша да жуан, жіңішке болса, қосымша да жіңішке болады: *қағаз-ға, көрне-лер.*

Есте сақтаңдар!



Басқа тілден енген сөздерде (*мұғалім, кітап, кино, қазір*) және бірж кен сөздер (*әуежай, кемпір-қосақ*) мен қос сөздерде (*іші-сырты*) жуан, жіңішке дауысты дыбыстар араласып келе береді.



2-тапсырма. Берілген сөздерді кестеге топтастырып жазыңдар.

Ұрпақ, мұра, мирас, кенже, қасиетті, батыр, би, ел-жұрт, киелі, ірге, отау, бата-тілек, ұя, кня, сый-құрмет, әдет-ғұрып, мұрагерлік, нелік, үйсін, заман.

Бірыңғай жуан буынды сөздер	Бірыңғай жіңішке буынды сөздер	Аралас буынды сөздер
...



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойындар және мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Отан отбасы... басталады.

-ның

-нан

2. Бала... бас ұстазы – ата-ана.

-да

-се

3. Ұяда не көр..., ұшқан... соны іледі.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап, өлеңді мәнерлеп оқындар.

Ақ кимешек көрінсе

Әже, сен бірге жүр... меніме...,
Өліге мен өзің... телімегем.
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ кимешек асты... сені көрем.

Аппақты... ұқсайды әрінің де,
Әжімің де, аумайды тәлімің де.
Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!
Әже, сен тірі екенсің әлі күн... .

Қия өтпейді
Ұқсайды ізет... де,
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасы... алып қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде.

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзіңді телімегем.
Ақ кимешек көрін..., сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса,
Нені көрем???

М.Мақатаев



А Бірге талқылайық.



Өлеңдегі «дәстүрді күзету» деген тіркесті қалай түсінесіңдер?

1. ...

2. ...

3. ...



5-тапсырма. №13 аудионы тыңдаңдар.



А Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Хан қандай жарлық шығарды?
2. Жарлықта қай жастағы қариялар туралы айтылған?
3. Халық неге хан жарлығына қарсы шыға алмады?
4. Елге қандай қатер төнді?
5. Елді сақтап қалудың амалын кім тапты?



Ә Тыңдалым мәтіні мен 4-тапсырмадағы өлеңге ортақ ойды тауып, мақал-мәтелдермен байланыстыра әңгімелендер.

1. Қарттарын қадірлеген ел ардақты.
2. Қарты бар ел – қазынасы бар ел.



6-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Сөзжұмбақтағы сөздерге сұрақ құрастырыңдар.

Үлгі: 1. «Н» дыбысы дауыссыз дыбыстардың қай тобына жатады?

			1	Ү	Н	Д	І		
2	Б	У	Ы	Н					
3	Т	Ы	Ң	Д	А	У			
			4	Е	Р	І	Н		
5	Т	А	С	Ы	М	А	Л		
6	Б	І	Т	Е	У				
		7	Ж	І	Ң	І	Ш	К	Е
			8	К					



7-тапсырма. Оқық, қызық!

Жер бетіндегі ерекше тіршілік иелерінің бірі – **тасбақа** орта есеппен 200 жылдай өмір сүреді. Тасбақалардың ұзақ жасауының **құпиясы ішкі ағзаларына байланысты**. Олардың ішкі **ағзалары** қартайғанда да жастық шағындағыдай жұмыс жасайды екен.



www.massaget.kz



А Мәтінде қарамен жазылған сөздердегі буын үндестігін түсіндіріңдер.

Асыл әже

Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар

Біз бұл сабақта:

- 1) әжелеріміз туралы әңгімелейміз;
- 2) қазақ тіліндегі қосымшалардың жалғану тәртібімен;
- 3) буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

...Бөпке әжем де сүйегі асыл адамдардың біреуі. Ертеден қара кешке дейін тыным алғанды білмейді. Ол кісі – салдырлаған ақкөңіл, ашық адам.

Көктем шығысымен Қағазбай мен Зәуре үй көрмейді. Осыдан жеті шақырым жердегі Ұшқа – егінжайға кетеді. Алты ай жаз, күзгі жынытерін біткенше сонда болады. Осы уақыттың ішінде бізге тамақ жасап беретін, кірімізді жуып, үй ішіне қарайтын жетпістегі кемпір – Бөпке апам.

Әжемді біз «апа» дейміз. Жоқ, *қаусаған* деген сөз оған жарамайды. Таңғы шайды апыл-ғұпыл береді де, апам қап алып тезек теруге кетеді. Мал жайылатын қырқа жақты кезіп, түске таман бір қап тезек теріп әкеледі. **Мұрнынан су кетіп** жүріп, түскі шайды да береді. Сосын төменгі жазықтан бір арқа қурай немесе ши орып әкелуге кетеді.

Өрістен мал қайтатын кешкі мезгіл. Апам әлі жоқ.

– Әлгі Бөпке көріне ме, қараңдаршы, – дейді атам.

Біз үйдің үстіне шығамыз. Апам келетін жолға қараймыз.

Апам жоқ, түйе беліндей етіп нығарлап бұған бір арқа нән қурай келе жатыр. Біраз жақындаған кезде сіз қурайдың астынан жыбырлаған аяқ бар екенін байқайсыз. Адам аяғы. Қурай әбден жақындағанда, сіз



енді оның астынан ауыр жүктің салмағымен жерге тие жаздап келе жатқан кимешек кіген әйел басын қоса байқайсыз. Бұл – менің әжем. Қажымас Бөпке әжем. Үй іргесіне келгенде, ол қурай-мурайымен шалқалап бірден құлайды. Дем алып, есін жинайды.

Күніне үш мезгіл тамақ пісіруге жұмсалатын және қыста үй жылытатын отын бұл үйге осылай жиналады.

Бір күн жұмыссыз отырса, екі қолы алдына сыймайды. Есіне кенет Ұштағы Қағазбай мен Зәуре түсіп кетеді. «Ол екеуі не күн көріп жүр екен? Халдерін білейін. Шайларына қататын каймақ апарып берейін. Әнеугүні барғанда Қағазбай тісім деп жүр еді. Сонысы қойды ма екен, не болды екен», – дейді де, әжем Ұшқа жаяу тартып жөнеледі. «Кешке мал келгенше кеп қалармын», – дейді. Ары жеті, бері жеті шақырым жаяу жүріп қайту оған түк те емес.

Мен апамның «Ойбай, ауырдым!» деген сөзін өмірі естіген емеспін. Өле-өлгенше аузына дәрі салғанын да көрген емеспін. Күтіну, демалу дегенді марқұм білмейтін еді.

Б.Соқпақбаев

Түсіндірме
сөздік

Жиын-терін – егін, бау-бақша т.б. өнімдерді жинап алу науқаны.

Қурай – биік өсетін өсімдіктердің мал жемейтін қатты сабағы.

Қажымау – шаршамау.

Күтіну – өз-өзіне қарап, өзінің жағдайын жасау.



А Мәтін мазмұнына сүйене отырып, төмендегі тұжырымдарды таратып айтыңдар.

1. Бөпке әже – мінезі ашық адам.
2. Бөпке әже – біздің қамқоршымыз.
3. Бөпке әже – еңбекқор жан.
4. Бөпке әже – бір сөзді адам.



Ә Қарамен берілген сөздердің мәтінде қандай мағынада қолданылғанын көрсетіңдер.

1. Ертеден кара кешке дейін тыным алғанды білмейді.	а) ешқашан
2. Қағазбай мен Зәуре үй көрмейді .	ә) демалуды
3. Апамның «Ауырдым!» деген сөзін өмірі естіген емеспін.	б) үйде болмайды



Б Мәтіндегі қарамен жазылған тіркестердің мағынасын мұғалім көмегімен анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар.

БУЫН ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР

-мен, -бен, -пен	-нікі; -дікі; -тікі	-жан; -тай; -еке	-хана; -кент; -стан	-гер; -кер	-қой; -паз; -гөй	-ов, -ова; -ев, -ева; -ни, -ина
ұшақ + мен қалам + мен	қата + нікі ақыл + дікі	Ерке + жан әке + тай аға + еке	дәрі + хана Шым + кент Өзбек + стан	заң + гер бап + кер	сән + қой әсем + паз ақыл + гөй	Ермек + ова Нұртай + ина



2-тапсырма. Сөздерге тиісті (-гер; -кер) қосымшаны жалғандар. Пайда болған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Бап, кейіп, қалам, ғарыш, қаржы, себеп, заң, саз.



3-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құраңдар.

Сәнқой, перзентхана, айтыскер, өнерпаз, дәріхана, ардагер, жеңімпаз, дәрігер, саудагер, кәсіпқой, баспагер, батагөй, әуесқой, әжетай, әзілқой, бақсы-балгер, данагөй, дәмхана, кәсіпкер, айлакер.



4-тапсырма. №14 аудионы тыңдаңдар.



A Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтін не туралы?
2. Сөз қай кезде оңай айтылады?
3. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар қандай жағдайда қатар келеді?



5-тапсырма. Төменде берілген сөздерге қосымша жалғап жазыңдар.

Момышұлы, Тасмағанбетов, Есенов, Жұмабекқызы, Сейфуллин, Айтұратов, Ермұқанова, Ізбасарұлы, Арманов, Есенберлин.



Есте сақтаңдар!

Хат дегеніміз – біреуге арнап қағазға жазылған құжаттың жалпы аты. Ол мекемемен, жеке тұлғамен хабар алысу, мәлімет жіберу қызметін атқарады.



6-тапсырма. Б.Сокпақбаевтың Бөпке әжесі туралы мәтін мен М.Мақатаевтың «Ақ кімешек» өлеңін негізге ала отырып, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұратын «Менің әжем» немесе «Қазақ әжелері» деген тақырыпта шағын эссе жазыңдар.



7-тапсырма. Ата-әжелеріңе немесе алыста жүрген аға-апаларыңа хат жазыңдар.



8-тапсырма. Оқып, қызық!

Әлемдегі ең үлкен хат пергаменттен жасалған. Оның ұзындығы – 10 метр, ені – 7 метр. Бұл хатты XVI ғасырда персиялық шах түрік сұлтаны Ұлы Сүлейменге арнап жазған. Қазір хат Анкараның этнографиялық мұражайында сақтаулы тұр.

www.zhauap.kz



A Берілген сөздерді буынға бөліп жазыңдар. Не байқадыңдар?

Пергамент, этнографиялық.

Бата беру

Дыбыс үндестігі

Біз бұл сабақта:

- 1) батаны кімдер, қандай жағдайда беретінін;
- 2) батаның ұлттық дәстүріміздегі алатын орнын, маңызын;
- 3) дыбыстардың бір-біріне ықпал ету жолдарын оқып, түсінетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдіруді көздейтін ұлттық дәстүр. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойда, күнделікті тұрмыста кездесетін ірілі-ұсақты мерекелер кезінде қуаныш песіне, жас балаға, жиналған көпшілікке бата беріледі. Сондай-ақ қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматқа ақ жол тілеп, бата беру – халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрі. Батаны, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен аузы дуалы билер берген. Бата сұрау – өзі қалаған адамнан ықылас пен ризалық, жақсы тілек пен жарасымды алғыс сұрау деген сөз. «Бата қысылғанда қуат, қиналғанда медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды» деп есептелген. Сол себепті бата беру өте құрметті іс деп саналады. Бата айтыларда бата сұраушы адам немесе жиналған жұрт алақанын жайып, ишарат білдіруі тиіс. Ал бата айтылып болған соң, бәрі бір ауыздан «әумин» деп қайырады. «Айтсын!», «Айтқаның келсін!» деп бет сипайды.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан



Түсіндірме
сөздік

Аузы дуалы – 1) сөзі өтімді (адам); 2) көріпкел, айтқаны келгіш.



A Мәтін мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді табыңдар.

1. Бата қиналғанда көмектеседі деген сенім бар.
2. Батаны тек жас балаға арнап береді.
3. Батаны елге сыйлы, беделді, жолы үлкен адам береді.



ә Батаны жаттап алыңдар.

Бірінші – ұзақ жасты өмірлі бол,
 Екінші – адал кәсіпке бейімді бол.
 Үшінші – тіл мен көзден аман бол,
 Ғылымға өнерменен зейінді бол.
 Төртінші – қатарыңнан кемелді бол.
 Бесінші – берекелі, беделді бол.
 Алтыншы – арыстандай айбатты бол,
 Жетінші – жетектеушің Қызыр болсын,
 Дұғамды қадір Алла қабыл етсін,
 Бұрынғы жақсылармен теңесті бол.
 Әумін!

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

Дыбыс үндестігі дегеніміз – сөз бен сөздің, сөз бен қосымшаның арасындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі.

Сөздің соңғы дыбысы	дауысты	қосымшалар: үнді не ұян дауыссыздан басталады.	<i>бата + лар</i>
	үнді		<i>нан + га, аң + ды, бат + мен, су + дан, ай + дың, дәм + нен, төр + ге</i>
	ж, з ұян дауыссыздары болса		<i>қаз+дар</i>
Сөздің соңғы дыбысы	қатаң	қосымша қатаң дауыссыздан басталады.	<i>оқулық + тың</i>
	в, б, г, д ұян дауыссыздары болса		<i>араб + тар, педагог + тер, актив + тердің</i>



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу үстіндегі айтылуы әрдайым бірдей болып келмейді. Сол сияқты сөздердің жазылу түрі мен оның оқылуы да үнемі бірдей түсе бермейді. Сөйлегенде немесе оқу кезінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Сол үйлесімділік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, кейде тіпті жоғалтуға дейін барады. Мұндай үйлесімділік – қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи заңдылығы.

Әрбір тілдің өзіне ғана тән дыбысталу ерекшелігі – сол тілді өзге туыс тілдерден бөлек, дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі. Бұл ерекшеліктер сақталмаса, тілдің табиғатына нұқсан келеді.

Р.Сыздық



А Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.



3-тапсырма. *Кім көп табады ?!* Кесте бағандарына лайықты сөздерді табындар.

Үнді дауыссызға аяқталған сөздер	Ұяң дауыссызға аяқталған сөздер	Қатаң дауыссызға аяқталған сөздер	Дауысты дыбысқа аяқталған сөздер
...



4-тапсырма. №15 аудионы тыңдаңдар.



А Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жеті атаны білу не үшін қажет?
2. Жеті атаны білмеу неге айыпқа саналған?
3. Сен жеті атаңды білесің бе?



Ә Ататек атауларын буынға бөліп, буын түрлерін анықтаңдар.

Ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.



5-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жаттаңдар және мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|------------------------------------|--|
| 1. Жеті атасын білмеген – жетесіз. | 3. Атаңа не қылсаң,
Алдыңа сол келер. |
| 2. Әке – балаға сыншы. | |



6-тапсырма. Мәтіндегі көп нүктенің орнына жақша ішінде берілген қосымшаның тиістісін қойып оқыңдар.

Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттар... (-ды/-ты/-ны) шал , қария , ақсақал , абыз деп төрт... (-ге/-ке) бөлген. Отбасы, ошак қасы... (-нан/-дан/-тан) ұзап шықпаған қарт – шал. Өз әулетін шашау шығармай уысын... (-да/-та) ұстап, билік жүргізген қарт... (-ны/-ты/-ды) қария деп, тұтас бір ауыл... (-тың/-дың) жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүтіндеп, азаматын ат... (-қа/-ға) мінгізіп, айдынын асырып отыратын қартты ақсақал деп, бүкіл ел... (-дің/-тің/-нің) сөзін сөйлеп, дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарих... (-тан/-дан/-нан) әңгіме қозғап, тұла бойына ұлт... (-дық/-тық) рух, ізгі қасиет... (-терді/-тарды/-дарды) молы... (-дан/-тан/-нан) сіңірген қартты абыз деп атаған.

«Ана тілі» газетінен

Ат қою

Дыбыс үндестігі: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал

Біз бұл сабақта:

- 1) ат қоюдың маңызымен;
- 2) дыбыс үндестігінің түрлерімен;
- 3) ықпал түрлері және олардың өзіндік ерекшеліктерімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалатындай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деп ойлаймын. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, «Бұлар – жоғары идеялы есімдер». Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіне ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табан астында өзгертіп, әдемі аттардың бірін немденіп алар едім. Бірақ, амалың нешік, сен қызылшақа болып жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әкешешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Міне, осы күннен, сол мезеттен бастап әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да маңдайыңа іліп жүре бересің.

Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Баланың бес-алты жасқа толғанша тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «Кенжем», «Сүйіктім» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны тандап алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Б.Соқпақбаев



А Айтылған ойды жалғастырындар.

1. Адам өзінің атын мақтаныш көріп, соған лайық болу керек, өйткені
2. Әр халықтың балаға ат қоюға қатысты өз дәстүрі бар, мысалы



Ә Өз есімдеріңнің беретін мағынасын айтындар.



Б Сенің есіміңді кім қойған? Өзіңе ұнай ма? Егер қайта таңдауға мүмкіндік болса, қандай есім таңдар едің? Неге?

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ: ІЛГЕРІНДІ, КЕЙІНДІ, ТОҒЫСПАЛЫ ЫҚПАЛ

Дыбыс үндестігі үшке бөлінеді: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.

Алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсата әсер етуі ілгерінді ықпал деп аталады.	<i>жаз + да, күз + де; мектеп + ке, Ақанов + қа, адам + га, гүл + ді</i>
Кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етуі кейінді ықпал деп аталады.	<i>тарақ + ы – тарағы, жаз + са – жазса (айтылуы – жасса)</i>
Қатар тұрған екі дыбыстың бір-біріне ілгері-кейінді ықпал етуі тоғыспалы ықпал деп аталады.	<i>Амангелді – Амаңгелді, мен келдім – меңгелдім, дос-жаран – дошиаран, Құс жолы – Құшиолы</i> } (айтылуы)



2-тапсырма. Берілген кісі есімдерін айтылуы бойынша жазындар, ықпалдың түрлерін анықтаңдар.

Үлгі: Ақмарал – Ағмарал.

Ақмарал, Қыз Жібек, Алтынбек, Ақжүніс, Есжан, Досжан, Қосжан, Ақжан, Байжан, Елжан, Есбол, Жанболат, Алмасбек, Аманғали, Бақдәулет, Тасболат.



3-тапсырма. Кейінді ықпалды тауып, астың сызындар.

1. Әр адамның жеке тарағы болуы қажет.
2. Қыздар да садақ атады.
3. Шашының ұзындығы беліне дейін жетеді.
4. Көршінің күрегін сұратып алды.
5. Жаққан оты лаулап жанбады.



4-тапсырма. №16 аудионы тыңдаңдар.



А Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Нәрестеге ат қою рәсімі қалай іске асады?
2. «Азан шақырып қойған аты» деген тіркесті қалай түсінесіңдер?

Ас беру


Фонетиканы қайталау

Біз бұл сабақта:

- 1) қазақтың ас беру дәстүрі туралы білетін боламыз;
- 2) фонетика саласы бойынша алған білімімізді қорытындылаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



Қазақ халқы үлкен асты атақ-даңқы бар, ел-жұртқа қадірлі адамдар мен қарттарға ғана береді. Әдетте, асты марқұмның жыл уақытына туралайды.

Ертеде ас өткізу мерзімі 3-4 күнге жалғасқан әрі осы күндердің *үй тігу*, *жерошақ қазу*, *мал сою*, *бата оқыту*, *ас беру*, *балуан сату*, *ат шаптыру* сияқты рет тәртібі болған.

Асқа келген құда-жекжат, меймандарды ауыл ақсақалдары, ел ағалары мен марқұмның жақын туыстары қарсы алып, қонақ күтетін үйлерге орналастырады. Әр үйге күнделікті қонақасы сойылып, дастарқан жайылады, ас ішкен сайын құран оқылып отырады.

Астың соңғы күні ат шаптырып, жеңімпаздарға бәйге береді.

Асқа жиналған сал-сері, батыр-балуан, ақын-жырау, әнші-күйшілер халықтық дәстүрдің озық үлгілерін көрсетеді.

Ас дүйім жұрттың басын бір жерге қосып, араздарды татуластырады, ағайынды жақындастырады, адам бойына тамаша кісілік қасиет пен өнер-білім, үлгі-тағылымды дарытады. Сол себепті қазақ халқы асты барынша мағыналы да салтанатты өткізуге күш салған.

*«Тал бесіктен жер бесікке дейін»
кітабынан*

Түсіндірме
сөздік

Мейман – үйге қонақ болып келген адам.

Марқұм – дүние салған, қаза болған адам.

Дүйім – тұтас, түгел, бүтін.



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ас беру дәстүрі туралы не білесіңдер?
2. Ас кімге және қашан беріледі?
3. Ас берудің мақсаты не деп ойлайсыңдар?
4. Қазақ халқы неге асты салтанатты да мағыналы етіп өткізуге тырысқан?



Ә Мәтіннен үндестік заңына бағынбайтын сөздерді тауып, оқып беріңдер.



2-тапсырма. Фонетикадан өткенді қайталаймыз.

1. Әріп пен дыбыстың айырмашылығын айтыңдар.
2. Қазақ тілінде неше әріп, неше дыбыс бар?
3. Төл дауысты дыбыстарды атаңдар.
4. Дауысты дыбыстар қалай жіктеледі?
5. Қазақ әліпбиінің тарихы туралы не білесіңдер?
6. Әліпбиді кім жатқа айтып береді?
7. Орфография туралы не білесіңдер?
8. Орфоэпия туралы не білесіңдер?
9. И, У әріптеріндегі қосар дыбысты айтыңдар.
10. Я, Ю әріптері неше дыбысты таңбалайды?
11. Буынның қандай түрлерін білесіңдер?
12. Буын мен дауысты дыбыстардың қандай байланысы бар?
13. Тасымал мен буын бір ме?
14. Тасымалданбайтын сөздер бола ма?
15. Дауыссыз дыбыстардың жазылу ерекшеліктеріне байланысты не үйрендіңдер?
16. Дауысты Ы, І дыбыстарына байланысты қандай ерекшеліктерді білесіңдер?



А, Ә, Е, О,
Ө, У, Ү, Ы, І

Б, Ғ, Г,
Д, З, Ж

а-ра
бақ-бақ

қарлы-
ғаш



3-тапсырма. Кім тапқыр ?! Сөзжұмбақтарды топқа бөлініп шешіндер.




А Сөзжұмбақта жасырылған сөзді тауып, ол туралы білетіндеріңді баяндаңдар.

1. Ашық, тұйық, бітеу болып жіктелетін фонетика саласының зерттеу нысаны.
2. «А – Ә, О – Ө» дыбыстарының жақтың қатысына қарай жіктелуі.
3. «Я» әрпі таңбалайтын дыбыстар қосындысы.
4. Дауыстың қапқысына қарай «Т» дыбысының сипаты.
5. Дауыстың қапқысына қарай «Ғ» дыбысының сипаты.
6. Қазақ тіліне жақын түркі тілі.
7. Ауаның кедергіге ұшырауынан пайда болатын тіл дыбыстары.
8. 28 – бұл қазақ тіліндегі төл ... саны.
9. Айтылу кезінде үн басым болып келетін дауыссыз дыбыстың түрі.
10. Дыбыс пен әріп саны сәйкес келмейтін безендіруге байланысты сөз.
11. Әліпбидегі төртінші әріп.



Ә Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, фонетика саласының нысанын білесіңдер.




1. «Мектеп» сөзіндегі буынның түрлері.
2. Қазақ даласында VIII ғасырдан бері пайдаланылған жазудың түрі.
3. «Стақан» сөзінің айтылуы.

4. «Ат» сөзіндегі буынның түрі.
5. Қазақ әліпбиіндегі он жетінші тұрған дыбыстың таңбасы.
6. Сөздердің дұрыс жазылу заңдылықтарын қарастыратын тіл білімінің саласы.
7. Қазақ халқы 1929–1940 жылдар аралығында пайдаланған жазудың түрі.



Б Сөзжұмбақта жасырылған сөзді табыңдар.



1. Алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысты өзіне ұқсата әсер етуін көрсететін ықпалдың түрі.
2. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
3. «Ы» дыбысы тілдің қатысына қарай қандай дыбыс?
4. Буын үндестігіне бағынбайтын септік жалғауы.
5. Сөздің жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға жазу.
6. Үндестік заңына бағынбайтын қосымша.
7. «Құс жолы» сөзінің айтылуында байқалатын ықпалдың түрі.
8. Жазуда қолданылатын әріптердің тәртіппен орналасқан жиынтығы.
9. «Кітабы» сөзіндегі түбір мен қосымша арасындағы ықпалдың түрі.
10. Қазақ тілінде сөз бен сөздің аралығы, сөз бен қосымша жігіндегі дыбыстардың бір-біріне әсері.



4-тапсырма. Берілген сөздерді орфоэпиялық нормаға сай жазыңдар.

Уыс, бу, күлу, суық, кету, сену, су, өснет, сүнгиді, киім, бныл, тиін, мүкнят, жи, сарғаю.



5-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді буынға бөліп жазыңдар.



Саптама етік

Қонышы тізені жауып тұратындай ұзын, табаны қалың сіріден жасалған, оң-солы жоқ, түзу болып тігілетін аяқкиім саптама етік деп аталады. Мұндай етік қыста, аязды күні ат үстінде жүргенге жылы әрі қолайлы.



6-тапсырма. Берілген үш сөзді пайдаланып, үндестік заңын түсіндіріңдер.

Бастықтардың, мектебі, кітапхана.



7-тапсырма. Берілген сөздердегі ықпал түрлерін анықтаңдар.

Күрегі, тұрағынан, ашса, үш сандық, жанбады, Жанбота, әнмен, он парак, қанқұрт, жанкешті, сен келдің.



8-тапсырма. Екі бағанды мағынасына қарай сәйкестендіріңдер. Мысал келтіріңдер.

Әліпби

Тасымал

Фонетика

Орфоэпия

Орфография

Дауыстылар

Дауыссыздар

Үндестік

Буын

Ықпал

- а) сөздердің дұрыс дыбысталу, айтылу заңдылығы
- ә) сөздің жолға сыймай қалған бөлігін екінші жолға көшіру
- б) тіл дыбыстарының айтылуын, жазылуын, жасалуын қарастыратын тіл білімі саласы
- в) сөздердің дұрыс жазылу заңдылығы
- г) сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстан тұратын бөлшек
- ғ) жазуда қолданылатын әріптердің ретті жиынтығы
- д) сөз бен сөз арасындағы, сөз бен қосымша жігіндегі дыбыстардың бір-біріне әсері
- е) ауаның сыртқа кедергіге ұшырамай шығуынан жасалатын дыбыс түрі
- ж) сөздің үйлесіп, бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтылуы
- з) қарқынды ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыс түрі

4-бөлім

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ



Жер, су, ауа адам баласының ұрпағынан-
ұрпағына мұра болып келе жатқан мол
қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты,
жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау,
қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Ы.Жақаев

- Сөздік қор және сөздік құрам
- Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы
 - Көп мағыналы сөздер
 - Омоним сөздер
- Көп мағыналы сөз бен омоним сөздердің айырмашылығы



Төрт түлік

Сөздік қор және сөздік құрам

Біз бұл сабақта:

- 1) төрт түлік малдың өзіндік ерекшеліктерімен;
- 2) төрт түлікке жататын жануарлар және олардың пірлерімен;
- 3) сөздік қор мен сөздік құрам жайлы ақпараттармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Төрт түлік – қолда өсірілетін малдың ортақ атауы. Төрт түліктің қатарына қой-ешкі, жылқы, түйе мен сиыр жатады. Қазақ дүниетанымында наным-сенім бойынша дүниедегі әрбір жаратылыстың өз несі болады. Соның бір дәлелі – төрт түлік малдың желеп-жебеуші пірлері. Мысалы, ешкінің пірі – Шекшеката, қойдың пірі – Шопаната, сиырдың пірі – Зенгі-баба, жылқының пірі – Қамбарата, түйенің пірі – Ойсылқара. Әрі ас-ауқаты, әрі киімі, әрі көлігі болғандықтан, бабаларымыз төрт түлікті ерекше қастерлеген. Оның бабын тауып, бағып-күтудің де жай-жапсарын жақсы білген.

Төрт түлік малдың ең қасиеттісі – түйе. Түйенің басты артықшылығы – күй талғамайтындығы мен шөлге төзімділігі. Ұзақ жолға және ауыр жүк артуға басқа үй жануарлары еш теңесе алмайды.

Қымызы – ем, өзі жүйрік жылқы малы да аса жоғары бағаланған. Қазақтар үлкен жиын-тойда жорғасын бәйгеге салса, сыйлы қонағына ат мінгізіп, шапан жапқан. Ал ақ деп ерекше құрметтеген сүт, айран, құрт, ірімшік, май сиырдың берер берекесі. Өзі майда, өсімтал, момақан, тез ет алып, қонақ кәдеге жарайтын мал қой болса, еті жеңіл әрі сіңімді, сүті аса құнарлы мал ешкі болып есептеледі. Ешкінің тағы бір ерекшелігі – серкесінің әрқашан бүкіл отарды бастап, жайылымға апарып-әкелетіндігі.






A Мәтін бойынша берілген ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңдар.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Төрт түлік малды қорғап жүретін пірлері болады.		
2	Төрт түлік жесең – тамақ, мінсең – көлік, кісең – киім.		
3	Түйе жиі-жиі су ішпесе, жүре алмайды.		
4	Сыйлы қонаққа ат мінгізген.		



Ә Суреттерге қарап, сыныптастарыңды төрт түлік малдың пірлерімен таныстырыңдар.



Б Бағандағы сөздерді сәйкестендіріңдер.

Жай-жапсары	көбеюге бейім
Бабын табу	семіру
Өсімтал	істің мәні
Ет алу	күй талғау
Күтімді қажет ету	ынғайын, жайын білу

Есте сақтаңдар!



Лексикология – тілдің сөздік құрамы мен сөздік қорын зерттейтін тіл білімінің саласы.

СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ СӨЗДІК ҚҰРАМ

Сөздік құрам – белгілі бір тілдегі барлық сөздің жиынтығы. Ал халықтың барлығына түсінікті сөздік құрамның ең тұрақты бөлігін **сөздік қор** дейміз. Сөздік қорға байырғы, бұрыннан бар сөздер ғана емсе, сөздік құрамға тілде бұрыннан қалыптасқан, сондай-ақ кейін пайда болған барлық сөздер енеді. Сөздік қордағы сөздер жана сөз тудыруға ұйытқы болып, сөздік құрамды байытады. Мәселен, *бас* сөзінен *басиы, бастық, бастау, басқарма, бастама* және т.б. туынды сөздер жасалады.



2-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Адамның дене мүшелерінің атауынан жаңа сөздер жасандар.

Үлгі: Қол – қолдау, қолөнер, қолбасшы.



3-тапсырма. №17 аудионы тыңдаңдар.



А Бата-тілекте төрт түліктің қайсысы аталмаған?



Ә Бұл сөздер (қошақан, құлыншақ, ботақан) қандай жағдайда қолданылады? Түсіндірме сөздіктен мағынасын табыңдар.



Есте сақтаңдар!

Жарнама – тауарға (ұйым, қызмет) сұранысты арттыру мақсатында жазылатын хабарлама. Жарнама теледидар, газет, ғаламтор, көшедегі плакаттар арқылы таратылады.



4-тапсырма. Негізгі сөздік қорға жататын сөздерді теріп жазыңдар.

Мал, бас, сіз, қой, тоғыз, он, ғарыш, құлын, хабарлама, дәу, орамжапырақ, үлкен, субұрқақ, мен, қол, ғаламтор, компьютер, жастық, ат, көз, көзілдірік, түйе, теледидар.



5-тапсырма. Үлгі бойынша сөздерді түрлендіріңдер.

Үлгі: Күн – күндіз, күнтізбе, күнделік.

Бас, қол, біл, үй, жер.



6-тапсырма. Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Мал өсірсең, қой өсір,
Өнімі оның көл-көсір.

3. Сиыр мүйізінен жазады,
Жаман мінезінен жазады.

2. Соңғы түйенің жүгі ауыр.

4. Ат тұяғын тай басар.



7-тапсырма. «Қошқар мен теке» мультфильмін қарап шығып, екі кейіпкерге сипаттама беріңдер.



1. Қошқардың ең жиі айтатын сөзін анықтаңдар.
2. Мультфильмде кездесетін мақалдарды жазыңдар.
3. Жалқы есімдерді тауып көрсетіңдер.



А «Қошқар мен теке» мультфильмін жарнамалаңдар.

Егін алқабы

Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы

Біз бұл сабақта:

- 1) егін және оның түрлері туралы;
- 2) егінші мен патша арасында болған оқиғаны;
- 3) сөздің тура және ауыспалы мағынасы жайлы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Егіндік алқапты *егіс* немесе *егістік* деп атайды. Бұрын жер шаруашылығымен айналысқандар егісті *ақ егіс* және *көк егіс* деп ажыратқан. Ақ егіске – бидай, арпа, тары және т.б. дақылдарды өсіретін егіс жатса, көк егіске бұшақ өнімдері мен техникалық дақылдардың жекелеген түрлерін өсіретін егіс жатады. Ақ егіс күтіп-баптауды көп қажет етпейді, ал көк егіс күтіп-баптауды талап етеді. Дегенмен ақ егіске зиян келтіретін табиғи құбылыстар көп: құрғақшылық, мезгілсіз жауған жаңбыр, дауыл. Мәселен, астықтың дәні пісіп тұрған кезде қатты жел соқса, егіннің дәндері төгіліп қалады.

Мезгілінде піскен астықты жинап алу шарасы егін ору деп аталады. Бұл науқан астықтың сұрпы мен тұқымына байланысты пісу мезгіліне сәйкес шілденің екінші жартысынан бастап күзге дейін жалғасады. Егінді жинап алғаннан кейін, көбінесе күзде, қазақтар үлкен мереке – сабантой өткізген.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан



Түсіндірме
сөздік

Дақыл – егіп өсірілетін өсімдіктердің жалпы атауы.

Науқан – қауырт жасалатын мерзімді іс.



А Мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

1. Мәтінде жоқ ақпаратты табындар.

Егістің түрлері/егін жинаудың ерекшеліктері/егінге қауіпті жағдайлар

2. Егін ору науқаны неге байланысты анықталады?

Астықтың сұрпы мен тұқымына/астықтың күтіміне/астықтың көлеміне



Ә Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Екпей егін шықпас,
Үйренбей білім жұқпас.

2. Жабайы шөп егінді аздырар,
Еріншектік ерді аздырар.

3. Шегірткеден қорыққан егін екпес,
Бейнеттен қорыққан мал жимас.



Б Мәтіндегі «ақ егіс», «көк егіс» тіркестеріне тән ортақ сипатты табыңдар.

а) бірынғай жуан сөз;

ә) бірынғай жінішке сөз;

б) сөз арасындағы дыбыстар бір-біріне әсер етеді.



В Қарамен берілген сөздерді сәйкес сөздермен ауыстырып жазыңдар.

1. Диканшылар егісті ақ егіс және көк егіс деп ажыратқан .	<i>көрсеткен/жіктеген</i>
2. Көк егіс күтімді көп талап етеді.	<i>қажет/мүмкін</i>
3. Астықтың пісу мезгілі оның сұрпына да байланысты болады.	<i>дәніне/түріне</i>
4. Піскен астықты жинап алу шарасы егін ору деп аталады.	<i>жұмысы/көлігі</i>

СӨЗДЕРДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ



Есте сақтаңдар!

Семасиология – сөз мағынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Тура мағына – сөздің бастапқы, өзгермеген мағынасы. **Сөздің ауыспалы мағынасы** – қолданыс барысында пайда болатын сөздің туынды мағынасы. Ауыспалы мағына сөздің тура мағынасынан пайда болып, дамиды. Мысалы:

1) аяқ – негізгі мағынада дене мүшесі: *адамның аяғы, малдың аяғы.*

2) аяқ – ауыспалы мағынада «соңы», «ақыры» дегенді білдіреді: *сабақтың соңы, әннің аяғы.*



2-тапсырма. Түсіндірме сөздіктен төмендегі сөздердің мағынасын қарандар. Олардың әртүрлі мағынасына мысал келтіріп, сөйлем құрандар.

Тер, сал, айыр, қап.



3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін суретпен сәйкестендіріңдер.

Шелектің түбі, теңіздің түбі, бір түп алма ағашы, ағаштың түбі.



A Барлық суретке ортақ сөзді атаңдар. Не байқадыңдар?



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Патша нөкерлерімен бірге серуенге шыққанда жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып еңбектеніп жатқан қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше сауалдан кейін патша егістіктің бұл адамдікі емес екенін, күніне 15 лира үшін жалданып еңбек ететінін ұғады. Патша жалақысының аздығына қайран қалады. Себебі патша сарайының бір күндік шығыны жүздеген алтынға шығатын еді. Шаруа патшаға қарап:

– Бұл ақша қанағатшыл адамға тіпті көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүремін. Бір бөлігімен қарызымды өтеймін. Бір бөлігін қорға жинаймын, – дейді.

Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден еш нәрсе түсінбейді.

Аккөңіл дикан күлімсіреп:

– Ақшаның бір бөлігімен қарызымды қайтарамын дегенім – бала кезімде үлкен қамқорлық көрсеткен әкем мен шешем ғой. Ақшамның бір бөлігін соларға беремін. Ақшамды қор ретінде жинаймын дегенім – бұл ақшамның бір бөлігін балаларымның біліміне төлеймін. Менің қол-аяғым жұмыстан қалған жағдайда, олар маған көмектеседі деп үміттенемін. Қалған ақшамды өзімнің мұқтаждықтарыма жұмсаймын, – дейді.

Патша қарапайым адамның бұл әрекетіне риза болады. Намысшыл шаруаның балаларының біліміне төлейтін ақшаны өз мойнына алады.

«Ана тілі» газетінен



А Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс және бұрыс ақпараттарды табыңдар.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Патшаны егіншінің жалақысы таңғалдырды.		
2	Патша егіншінің жұмбақтап айтқан сөзін бірден түсінді.		
3	Егінші бар тапқан ақшасын балаларының оқуына төлейді.		
4	Егінші өзінің әке-шешесіне ақша қарыз болған.		
5	Патша егіншінің әрекетіне риза болды.		



Ә Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар.

1	Егін егетін адам –	<div style="display: flex; flex-wrap: wrap; justify-content: space-around;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">қанағат</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">шқан</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">патша</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">жалақы</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">қамқорлық</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">нөкер</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px; margin: 5px;">ақкөңіл</div> </div>
2	Аз ақшаға да риза болу –	
3	Ханның жанында жүретін адамдар –	
4	Істеген жұмысқа берілетін қаржы –	
5	Біреуге қол ұшын беріп, көмектесу –	
6	Ел басқаратын адам –	
7	Ойын бүкпей айтатын ашық адам –	



5-тапсырма. Қарамен берілген тіркестің мағынасын ашатын қатарды табыңдар.

Емдік жақпамайды қол-аяғым жұмыстан қалғанда қолданамын .



- | | |
|--|---|
| <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 40px; height: 40px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 0 auto;">1</div> жұмысқа кешіккенде | <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 40px; height: 40px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 0 auto;">3</div> қолым мен аяғым ауырғанда |
| <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 40px; height: 40px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 0 auto;">2</div> жұмысқа барғанда | <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 40px; height: 40px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 0 auto;">4</div> ұйықтар алдында |



6-тапсырма. Қор сөзінің мағыналарымен танысып, оның кестеде қай мағынада қолданылғанын көрсетіңдер.

- Қор**
- 1. Мол жиналған қазына, дәулет. Мысалы: *Еңбек етіп, қор жинау керек.*
 - 2. Әлі игерілмеген табиғи байлық. Мысалы: *Мұнайдың мол қоры табылды.*
 - 3. Мемлекеттің, кәсіпорынның белгілі бір мақсатқа арналған қаржысы. Мысалы: *Кәсіпорын қорынан арнайы қаржы бөлінеді.*
 - 4. Қымыздың ашытқысы. Мысалы: *Біраз қымызды қорға алып қалдым.*

А	Қоры аз болып, қымыз ашымай қалыпты.	1	2	3	4
Ә	Білім сайысын ұйымдастыруға қордан ақша бөлінді.	1	2	3	4
Б	«Ақшамды қор ретінде жинаймын» дегенім – «балаларымның біліміне төлеймін» деген сөзім.	1	2	3	4
В	Елімізде табиғи байлықтың мол қоры бар.	1	2	3	4



7-тапсырма. №18 аудионы тыңдаңдар.



А Өлең мазмұны бойынша сұрақтардың дұрыс жауабын белгілеңдер.

- Диалог кімдердің арасында болды?
*данышпан мен бала / **әке мен бала** / бидай мен қожайын*
- Оқиға қай жерде өтіп жатыр?
егіс алқабында / бақшада / көшеде
- Бидайдың басын тіп-тік көтеріп тұру себебі неде?
дәні көп / басында дәні жоқ / сәлем беру үшін
- Басты төмен нү ненің белгісі?
басқадан кем болу / кемшілігі үшін ұялу / құрмет көрсету
- Акын тік өскен бидайдың әрекетін неге тенеңді?
тәкаппарлыққа / данышпандыққа / ақылдылыққа



Ә Қарамен берілген сөздердің мағынасын екінші бағаннан табыңдар.

- | | |
|--|------------------------------|
| 1. Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке карап. | <i>аспанға / шөптерге</i> |
| 2. Бидайлар тағзым етіп тұрды. | <i>ойланып / сәлем беріп</i> |
| 3. Құр сорапқан қарасына сұқтанба. | <i>түсіне / түріне</i> |
| 4. Дән берген қожасына сыйынып тұр. | <i>алғыс айтып / ұялып</i> |



Б Сен қалай ойлайсың? Бірге талқылайық.



Өлеңнің негізгі идеясы қандай?

1. Тәкаппарлық – жақсы қасиет емес.

2. Мінезді балаға тәкаппарлық тән.

3. Данышпан адам тәкаппар болмауы керек.



8-тапсырма. Ауыспалы мағынада берілген сөздердің тура мағынасын жазыңдар. Тура мағынасымен сөйлем құраңдар.

Үлгі: Асыл сөз – асыл тас.

Асыл тастардың бағасы тым қымбат.

Асыл сөз, терең ой, қатты адам, жұмыстың аяғы, салқын мінез.



9-тапсырма. Тура мағынасында тұрған сөздерді теріп жазыңдар.

Дүнненің кілті, жүрек әмірі, адамның айтқаны, қоянның құлағы, көкірегі ояу, даңғыл жол, жымыңдаған жұлдыз, биік тау, жақсы бала.



10-тапсырма. Асты сызылған сөздердің ауыспалы мағынасын көрсетіңдер.

Үлгі: жылы алақан – жылы жүрек, жылы сөз, өңі жылы екен, жылы қарсы алу.

Жылы алақан, адамның көзі, жүйрік ат, құс ұшты, ақ түс, ашы дауыс, ішім күйді, өткір жігіт.



11-тапсырма. Оқлық, қызық!



Қазақ халқы нанды «астың атасы» десе, қытай, үнді, жапон халқы күрішті дәл солай бағалайты. Күріш – өмірді ұзартып, ағзаны қажетті заттармен қамтамасыз ететін өте пайдалы дақыл. Ол ішек жұмысын жақсартып, ағзадағы токсиндерды сыртқа шығарады. Күріш суы ағзаны көмірсумен қамтамасыз етіп, асқазан ауруын емдейді. Ана сүтін тағаммен алмастыратын арнайы тағамдар шықпаған кезде жас сәбилерді осы сусынмен тамақтандырған екен.

www.alashainasy.kz



А Мәтіннен орфографиялық қате жіберілген сөздерді тауып, дұрыс нұсқада көшіріп жазыңдар.

Құстар әлемі

Көп мағыналы сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) құстардың түрлерімен;
- 2) көп мағыналы сөздер мен оларға тән қасиеттермен;
- 3) көп мағыналы сөздердің жасалу жолдарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Саятшылар құстарды үлкен екі топқа бөледі: оның бірі – желбесін құстар, екіншісі – тұяқты құстар.

Желбесін құстар дегеніміз – етін жеп, мамық жүнін шаруаға жұмсайтын пайдалы құстар тобы. Бұлардың өзі тіршілік етуіне қарай екіге бөлінеді. Суға жүзіп, су ішіндегі жалбыз, балдыр, неше түрлі жұмсақ жапырақ, сүлік, балық, ұлу жеп күнелтетін құстарды *су құстары* дейді. Оларға аққу, қоңырқаз, коқиқаз, бірқазан, қаз, үйрек, шағала сынды құстар жатады.

Суда жүзе алмайтын, қырда жүріп шалғын шөп, бидайық, бетеге, жусан, өсімдіктердің тамырын, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейді корек етіп, суды сирек ішетін қанаттылар тобын *қыр құстары* деп атайды. Бұл топқа дуадақ, жорға дуадақ, тырна, тарғақ сияқты құстар кіреді.

Кейбір құстар қыр мен сулы өлкені бірдей жайлап жүреді. Олар – қырғауыл, құр, шіл, ұлар, таукүдірет, орақтұмсық, бөдене т.б.

Тұяқты құстар өзара екі топқа бөлінеді. Олардың бір тобы адамның үйретуіне көніп, аңшылық кәсіпке қызмет ететін қыран құстар болса, енді бір тобы не шаруашылыққа, не аңшылық кәсіпке пайдалануға жарамайды. Аң-құс аулайтын, саятшылықта қолданылатын қыран құстар, негізінен, үш түрлі: бүркіт, қаршыға, сұңқар тектес құстар. Бұл үш текті құстың жаратылысы басқа құстардан өзге болып келеді. Олар түз құсының ішіндегі ең қарулы, тегеурінді әрі ұшқыры саналады және олардың тұяқ, тұмсық бітімі де басқа құстан өзгеше. Сондықтан оларды саятшылар тілінде *қыран құс* деп атайды.



Түсіндірме сөздік

Саят – аң аулау өнері.

Түз – үйден сырт жер, дала.

Тегеурінді – қайратты, күшті, қуатты.

Ұшқыр – мұнда: өте жылдам ұшатын.

Ә.Марғұлан



А Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты белгілеңдер.

1. Саятшылар құс атаулыны *тұяқты құстар*, *желбесін құстар* деп ажыратады.
2. Желбесін құстар тіршілік ету ортасына қарай суда, қырда және қыр мен сулы өлкені мекендейтіндер деп үшке бөлінеді.
3. Құстар бұталы, тоғайлы өзендердің бойын мекен етпейді.
4. Қыр құстары өсімдіктермен, шыбын-шіркейлермен қоректенеді.



Ә Қарға, сауысқан сияқты құстар қай топқа жатады? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР



Есте сақтаңдар!

Көп мағыналы сөздер бір негізден тарайды және бір сөз табына жатады.

Көп мағыналы сөз дегеніміз – екі немесе одан да көп мағынаға ие сөздер. Мысалы: *қанат* – 1) құс, шыбын-шіркейдің ұшатын дене мүшесі; 2) балықтың жүзу мүшесі; 3) киіз үйдің керегелері; 4) ұшақтың қанаты; 5) бір нәрсенің екі жағы (*оң қанат*, *сол қанат*).



2-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген сөздердің ауыспалы мағыналарын тауып жазыңдар.

Түбір сөз	Тура мағынасы	Ауыспалы мағыналары
Бас	дене мүшесінің атауы	...
Бет	адамның бет әлпеті, жүзі	...
Тұяқ	сүтқоректі жануардың аяғының басындағы жер басатын мүйіз тұқайы	...



3-тапсырма. Берілген сөздердің тура мағынасын анықтандар.

1. Өзеннің аяғы, сабақтың аяғы – ...
2. Таудың іші, орманның іші – ...
3. Етіктің тұмсығы, қайықтың тұмсығы – ...
4. Жұмыстың көзі, іненің көзі – ...



4-тапсырма. Мағынасы бөлек тіркесті табыңдар, себебін түсіндіріңдер.

- 1) **ата жолы**, даңғыл жол, кең жол;
- 2) ботаның көзі, жұмыс көзі, күлім көз;
- 3) сөздің төркіні, істің төркіні, жеңгемнің төркіні;

- 4) қыр көрсету, пышақтың қыры, шалбардың қыры;
- 5) домбыраның құлағы, қазанның құлағы, қойдың құлағы;



5-тапсырма. №19 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты көрсетіңдер.

1. Мәтінде *сүттің құрамы/құс сүті/көгершін мен пингвинге тән ерекшеліктер* туралы айтылған.
2. Көгершін балапандарын алғашқыда *сүтпен/балықпен/ірімшікпен* қоректендіреді.
3. Пингвиндер *қардың үстінде/мұхиттың дәл жағасында/судың ішінде* жұмыртқалайды.
4. Аналық пингвин мұхит жағасына *шоғылуға/балапаны үшін қорек жинауға/семіруге* кетеді.



Ә Сөйлемдердегі қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

1. Балапандары басқа азық түрлерімен қоректенуге **көшеді**.
2. Ауа райының **ауыр** жағдайына қарамастан жұмыртқалайды.
3. Сұйық зат пингвиндердің қарын **қабырғаларында** түзіледі.



6-тапсырма. Оқық, қызық!

Құс атаулының жартысына жуығы сайрауық құстар тобына жатады. Құстардың көбі қонақтап отырып сайрайды. Ал босторғай ұшып жүріп, уақыт талғамай сайрайды, сондықтан оны «ұшқыш әнші» деп те атайды.



Әжуан деген құс өзіне тән даусымен күн демей, түн демей сайрай береді. Сондай-ақ ол басқа құстардың даусына еліктейді. Тіпті мәшиненің гүрілін, иттің үргенін салатын шеберлігі де бар.

«Жануарлар, құстар, жәндіктер» кітабынан



А Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тауып, орфографиялық нормаға сай түзетіңдер.



Ә Мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

- | | |
|-------------------------------|--------------------------------|
| 1) уақыт талғамау | а) басқа ешкімде жоқ |
| 2) дауысқа еліктеу | ә) айнытпай салу |
| 3) өзіне ғана тән | б) күн-түн деп ажыратып жатпау |
| 4) естігенін қайталауға шебер | в) дыбысқа ұқсату |

Дала өсімдіктері

Омоним сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) дала өсімдіктерімен;
- 2) омоним сөздермен танысамыз.



1-тапсырма. Өленді мәнерлеп оқындар.



Тауқонақ, шайшөп, маңқа, құлынембес,
Сүттіген, еңлікмүйіз, киізкиік.
Ақшалғын, көкемарал, бетеге, раң,
Жапырақтеңге, бұйра, қисық, иық.



Балдырған, уқорғасын, атқұлақты,
Елік жүр сонысында соны қиып.
Желкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр,
Сауыны биешектің кеп тұр иіп.



Мыңтамыр, жуа, рауғаш, жаужапырақ,
Балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ.
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ,
Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ.

Ішінде сол қурайдың сұлу болар
Шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ.
Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып
Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ.

І.Жансүгіров



А Төменде берілген атаулардың шығу тегіне, мағынасына қатысты өз пікірлеріңді білдіріңдер. Сыныпта мұғаліммен талқылаңдар.

Мыңтамыр, еңлікмүйіз, құлынембес, атқұлақ, уқорғасын, жаужапырақ, тауқонақ, шайшөп, киізкиік, ақшалғын, көкемарал, жапырақтеңге, қарақияқ, таусарымсақ.



Ә Төмендегі атаулардың айтылуы мен жазылуында қандай айырмашылық бар? Себебін түсіндіріңдер.

Шайшөп, ақшалғын, уқорғасын, желкеуір.



Б Дұрыс жауапты дөңгелектеп белгілеңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Жазылуы

Аккой
Бақбақ
Жыланқияқ
Кпізкпік
Қарақияқ
Раң
Тауқонақ

Айтылуы

ағкой
бақпақ
жылаңғияқ
кпіскпік
қарағғияқ
раң
тауқонақ

аккой
бағбақ
жылаңғыйақ
кпізгік
қарағияқ
ыраң
тауғонақ

ОМОНИМ СӨЗДЕР

Айтылуы мен жазылуы бірдей, бірақ мағыналары әртүрлі сөздер **омонимдер** деп аталады. Мысалы:

1. Ат – балаға қойылған есім; зптын атауы.
2. Ат – мініске пайдаланатын жылқы.
3. Ат – жылқының басына ұқсатып жасалған шахмат фигурасы.
4. Ат – қару-жарақтан оқ шығару, ату.

Есте сақтаңдар!

Омоним сөздер бір сөз табына, кейде әртүрлі сөз табына қатысты болып келеді.



2-тапсырма. Жасырылған омоним сөздерді табыңдар.

Үлгі : 1 – ғ

1. Ағаш кесіп тынбаймын, Кейде бал да сыйлаймын.	а) жүз
2. Айқастарда үздік шыққан өр жанмын, Ат үстінде кейде тағың болғанмын.	ә) көк
3. Өкінгенде оқыс айтып қаласың, Оған кейде асығынды саласын.	б) біз
4. Түспін көзі жеткенге Жерге шығам көктемде.	в) қап
5. Әркімге тән өзіндік белгі Бірде мен санмын кәдімгі.	г) ер
6. Бірде мен етік тігемін Өзіміз деп те білемін.	ғ) ара

Жұмбақтар *Мәлімбаевтікі*



3-тапсырма. Сөйлемдерден омонимдерді тауып, қандай мағынада қолданылғанын көрсетіңдер.

1. Бұл жерде сыбызғы, қарақияк, қызғалдақ көп.
2. Маған сыбызғыда орындаған күй қатты ұнады.
 3. Ат құлағы тік, яғни шекесінің үстінде қалқынып тұрады.
 4. Шарбаққа атқұлақ, шырмауық қаптап кетіпті.
5. Балдырған жаз ортасында гүлдейді.
6. Балаларға арналған басылым – Балдырған.
 7. Өсімдіктің аты туралы мына сөздікте жазылған.
 8. Сұлтанның аты бәйгеден бірінші келді.



4-тапсырма. №20 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша дұрыс жауаптың астын сызыңдар.

1. Дермене жусаны – *шөттесін/бұталы/ жартылай бұталы* өсімдік.
2. Алдымен дермененің *гүлін/жапырақтарын/сабағын* жинайды.
3. Дермене жусанының түнбасы *асқазан мен ішек бездерінің қызметін жақсартады / бас ауруын емдейді*.



Ә Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты таңдаңдар.

1. Дермене жусанының гүлі.
2. Дермене атауының шығу тарихы.
3. Дермене жусаны – дәрілік өсімдік.
4. Дермене жусанының шпалық қасиеттері.



Б Артық сөз тіркесін табыңдар, себебін түсіндіріңдер.

1. Ішектегі құртты емдеу, тұзды құрт, құртты түсіретін дәрі;
2. Сабақ оқу, дермененің сабағы, сабағы қызғылт түсті;
3. Асқазан бездерін емдеу, ас қазанда тұр, асқазан ауруына шппа;
4. Аспаптың ішегі жіңішке, ішек ауруына дәрі, қос ішекті домбыра.



В Қарамен берілген сөздердің қандай мағынада қолданылғанын көрсетіңдер.

- | | | | | |
|---|---|---------------|--------------|-------------|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. Жусанның кіндік тамыры жуан болып келеді және айналасында қосымша тамырлар болады. 2. Жусанның қызғылт түсті сабақтары тік болып өседі. 3. Елімізде дәрілік өсімдіктің көптеген түрі кездеседі. | <table border="0"> <tr> <td style="border-left: 1px solid black; padding-left: 5px;">шеткі/негізгі</td> </tr> <tr> <td style="border-left: 1px solid black; padding-left: 5px;">тура/жіңішке</td> </tr> <tr> <td style="border-left: 1px solid black; padding-left: 5px;">түсі/сұрыбы</td> </tr> </table> | шеткі/негізгі | тура/жіңішке | түсі/сұрыбы |
| шеткі/негізгі | | | | |
| тура/жіңішке | | | | |
| түсі/сұрыбы | | | | |



5-тапсырма. Сөздердің омонимдік қатарын тауып жазыңдар.

Үлгі:



Қара, жак, жас, көр.




6-тапсырма. Мақал-мәтелдерден омоним болатын сөздерді теріп жазыңдар.

Үлгі: Ара – араның уы, екі ара, қол арасы.

1. Жақсы ат ажалға *ара* тұрмаса да, жаудан құтқарар.
2. Алма ағашынан алыс түспейді.
3. Шығысы жаман қамысты
Су ішінен өрт шалар.
4. Ақылдыға бақ қонса, көбейтеді достарын,
Ақымаққа бақ қонса, қас қылады дос-жарын.



7-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Ребусты шешіп, жасырын тұрған Бөлтірік шешеннің айтқан сөзін түсіндіріңдер.



Қайың ағашы

Көп мағыналы сөз бен омоним сөздің айырмасы

Біз бұл сабақта:

- 1) қайың ағашы және оның түрлерімен;
- 2) көп мағыналы сөздерге тән ерекшеліктермен;
- 3) омонимдердің көп мағыналы сөздерден айырмашылығымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Түсіндірме сөздік

Дің – ағаштың бұтақ тарайтын негізгі бөлігі.

Бүр – өсімдік пен ағаш бұтақтарының жапырақ, бүршік жаратын түйіні.

Сүрек – ағаш діңі мен бұтақтардың негізгі қатты бөлігі.

Кебеже – әшекейлеп, оюлап жасалатын ағаш сандық.

Адалбақан – киім ілетін ашалы ағаш.

Әлемде ақ түске не жалғыз ағаш – қайың. Аққайың – қабығы ақ, жапырағы жүрек тәрізді, бұтағы төмен салбырап өсетін ағаш. Блік-тігі – 25 метр. Қабығы тегіс, жылтыр болады. Аққайыңның жас жапырақтары мен бүрінен дәрі-дәрмек, түрлі бояуыш зат алынады. Ал оның көктемгі шырынының құрамында 20%-ға жуық қант болады, одан сусындар дайындалады.

Қайың ағашы оюға ыңғайлы, діңі мен сүрегі біркелкі жұмыр, ыстық пен суыққа төзімді. Көбінесе сүт пісуге арналған күбі, астау, тостаған, ожау тәрізді ыдыстар, шокпар, найза, жебе сияқты қарулар, кебеже, адалбақан, ертокым сияқты тұрмыстық заттар жасалады.

Қайыңның қызыл түсті түрі әлемде Қазақстанда ғана өседі. Ол Тобыл мен Есіл бойында, Наурызым қорығында ғана кездеседі. Қызғылт түсті қабығында ақ түсті шайырлы сүйелдері болады. Қызыл қайыңның ерекшелігі – су күйінде де, құрғақ күйінде де отқа жана береді әрі қызуы жоғары болады. Сыртқы көрінісінің әсемдігіне байланысты үй жиһаздарын жасауда жиі қолданылады.



Қазақстандағы ең көп таралған қайың түрі – сүйелді қайың немесе қотыр қайың. Ол – қабығы бұжыр-бұжыр, иілмелі бұтақты ағаш. Топырақ талғамайтын, суыққа төзімді сүйелді қайыңның жапырақтары үшбұрыш, ромб, жұмыртқа тәрізді болып келеді және жас шыбықтарынан шайыр ісі аңқып тұрады. Бұл



қайыңның қабығы – өте бағалы шикізат. Халық медицинасында бұл қайыңның қабығын сынықты біріктіру үшін қолданады. Лас ауа мен зиян қалдықтарға толы ауыр экологияға өзге қайыңдарға қарағанда сүйелді қайың әлдеқайда төзімді келеді. Сондықтан экологиялық апатты аймақтарда, өндіріс орындарына жақын жерлерге мол егіледі. Өзге қайыңдарға қарағанда кең таралып өсуінің себебі – суыққа төзімділігінде.

Қ.Слямбеков



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Медицинада қайың не үшін пайдаланылады?
2. Қайыңды қандай заттар жасауда қолданады?
3. Сүйелді қайыңның көп таралу себебі неде?
4. Қазақстан жерінде ғана өсетін қайың қалай аталады?



Ә Мәтінге сүйеніп, қайың түрлерінің ерекшелігін атаңдар.

КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗ БЕН ОМОНИМ СӨЗДІҢ АЙЫРМА ШЫЛЫҒЫ

Көп мағыналы сөздер әртүрлі заттың атауы болғанымен, өзара мағыналары жақын және бір сөз табына қатысты болады. Мысалы, «жүз» сөзі *адамның жүзі, тышақтың жүзі* тіркестерінде «бет» деген мағынада қолданылған.

Ал омоним сөздердің арасында мағыналық жақындық болмайды. Омонимдер бір сөз табынан да, әртүрлі сөз табынан да бола береді. Мысалы, «жүз» сөзінің мағыналары: 1) жүз – заттың санын көрсету (*жүз орындық*); 2) жүз – қимылды білдіру (*суда жүзу*); 3) жүз – заттың атын көрсету (*адамның жүзі*).



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді тіркескен сөздерімен бірге көшіріп жазып, мағынасын ашыңдар.

Үлгі: Ақ қабық – мұндағы «ақ» сөзі қардың түсіндей аппақ, қараға қарама-қарсы түс деген мағынаны береді.



2-тапсырма. «Түс» сөзінің мағыналарымен танысып, берілген сөйлемдерде қай мағынада қолданылғанын кестеде көрсетіңдер.

→ Түс
→ 1. Ұйықтап жатқанда көретін көрініс, бейне. Мысалы: <i>Бүгін қызық түс көрдім.</i>
→ 2. Бет әлпеті, адамның жүзі, түрі. Мысалы: <i>Бұл адамның түсі маған таныс.</i>
→ 3. Күннің қак төбеге келген уақыты, түс мезгілі. Мысалы: <i>Түс болды, үзіліске шығайық.</i>
→ 4. Қызыл, көк, ақ және т.б. тұратын заттың түсі, бояуы, реңкі. Мысалы: <i>Маған ақ түс ұнайды.</i>
→ 5. Негізінен ажырау, жұлыну, алыну, құлау. Мысалы: <i>Біразы жерге түсітті.</i>

А. Қайында нағыз ақ түс беретін бояу зат бар.	1	2	3	4	5
Ә. Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.	1	2	3	4	5
Б. Қайың көктемде ерте бүршік жарғанымен, жапырақтары кеш түседі.	1	2	3	4	5
В. Адам түсінде ағаш көрсе, өнінде оны табыс күтеді.	1	2	3	4	5
Г. Түсте осы ағаштың көлеңкесінде отырып демалуға болады.	1	2	3	4	5



3-тапсырма. Сөздерге сәйкес келетін суреттерді тауып, омонімдік және көп мағыналы қатарлы бөліп көрсетіңдер.



ОТ



ҚАЗ



БАС





4-тапсырма. №21, 22, 23 аудиоларды тыңдаңдар.



А Өлеңдердің мазмұны бойынша тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Үш акынның өлеңдеріне ортақ нәрсе не?
 - а) тақырып;
 - ә) ой;
 - б) ортақ нәрсе жоқ.
2. Өлеңдерде төмендегі ағаштардың қайсысы аталмайды?
 - а) қарағай;
 - ә) бәйтерек;
 - б) қызыл қайың.
3. «... туралық тар жеңсін десең әлемде» деген өлең жолында қарамен берілген сөз нені білдіреді?
 - а) әділдік;
 - ә) жеңіс;
 - б) ағаштар.
4. «Өзгелердің қисықтығын тура тұрып дәлелде» дегенде қарамен берілген сөз нені білдіреді?
 - а) дұрыс екенін;
 - ә) қателіктерін;
 - б) айтқандарын.



Ә Қарамен берілген сөздердің тура мағынасын анықтаңдар.

1. **Ерке** өзендер жатпайды тасып ағып,
Таулар да тұр **жамылып** басына бұлт.
2. **Жас төгеді** аспан да ашынғаннан,
Жасыл көркін жаздағы жасырған маң.
3. **Оқтай** түзу кей қарағай **көзін жазбай** тұрса айдан,
Шілік-шырша **орта жолда** омақаса қисайған.



Б Төмендегі өлең жолында «көк» сөзі қандай мағынада қолданылған?

Орман іші. Көз тұнады жарыса өскен ағаштан,
Бірі қисық, бірі түзу – бәрі **көкке** таласқан.



В Түсіндірме сөздіктен көк сөзінің басқа мағыналарын тауып, сөйлем құраңдар.



5-тапсырма. Сөздерді екі бағанға (көп мағыналы сөздер, омонімдер) жіктеп жазыңдар.

Көз, жас, бас, қол, ен, құр, аяқ, кара, кір, ор.



6-тапсырма. Оқып, қызық!

Ең алып ағаш



Жуандығына алты адамның құшағы әрең жететін 700 жастағы ерекше ағаш **Жаркент қаласынан** 30 шақырым жердегі **Әулиеағаш ауылының** маңында өседі. Бұл – кәдімгі қараағаш. Мұндай алып ағаш Қытайда, Меккеде де кездеседі. «**Бозбаламенбойжеткен**» аталған қос шынар да осы киелі ағаштың ұрпағы саналады. Бұл екі ағаштың арасынан өткен әйел **сәби сүю**

бақытына ие болады, ал ағаштың көз жасындай болып тамшылап тұрған су **түрлі ауруларға ем** деседі.

www.massaget.kz



А Мәтін мазмұнына ең жақын келетін тақырыпты тауып, ойларыңды дәлелдендер.

1. Емші ағаш.
2. Әлемнің алып ағашы.
3. Ауылдың көркі болған алып бәйтерек.



Ә Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.



7-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі *бет* және *бет* сөздері омоним ба, әлде көп мағыналы сөз бе? Жауаптарыңды түсіндіріңдер.

1. Аяның белі бүкшіп, шаршап қалды.
2. Анау тұрған белден ассаң, Алматы анық көрінеді.
3. Анам бұл іске белін буып кіріскен еді.
4. Тастың күнгей бетіне отыра кеттім.
5. Кітаптың әрбір бетіне қолтаңбасын қойды.
6. Дарияның екі беті де тоғайлы келеді.

5-бөлім

БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ



Уақыт – бізге берілген үлкен сый. Ол – бізді ақылды, талапты, жігерлі болуға үйрететін ұстаз.

Томас Манн

- **Синонимдер**
- **Антонимдер**
- **Сөздік қордың толығу жолдары**
- **Кірме сөздер**



Апта – уақыт өлшемі

Синонимдер

Біз бұл сабақта:

- 1) аптаға қатысты қазақы түсініктермен;
- 2) мағыналары бір-біріне жақын сөздермен;
- 3) синонимдік қатар түзетін сөздермен танысатын боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.



Апта – уақыт өлшемдерінің бірі. Қазақша дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі деп бөлінетін апта күндерінің атаулары парсы тілінің негізінде қалыптасты.

Қазақы дүниетанымға сәйкес аптаның әр күнінің өзіндік қасиеті бар. Мысалы, аптаның екінші – сейсенбі күнін *ауыр күн* деп есептеп, алыс жолға шықпаған, жаңа іс бастамаған.

Сәрсенбіні *сәтті күн* санап, бел бұған оңтайлы істерін осы күні бастауға тырысқан. Қазақта аптаның орнына *жұма* немесе *жеті* ұғымдары қолданыла береді. Бұл жұма күні мен жеті ұғымдарының қасиетті саналуына байланысты болса керек.

Түсіндірме
сөздік

Оңтайлы – ыңғайлы, қолайлы.

Өліара – ескі ай мен жаңа айдың арасындағы уақыт.

Жаңа туған ай орағы ұлғая келе жеті күнде жарты айға, келесі жеті күнде толған айға айналады. Үшінші аптада айдың тек сол жақ жартысы қалады, акыры төртінші аптада өліараға – ескі ай мен жаңа туатын айдың шеғарасына жетеді. Айда болып тұратын мұндай апталық өзгерістерге халық айрықша мән береді. Себебі осы өзгерістердің негізінде ауа райын болжаудың сан ғасырлық тәжірибесі қалыптасқан.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан



А Мәтінге сүйеніп, дұрыс жауапты табындар.

Қазақ халқында апта күндеріне қатысты дәстүрлі күн атаулары *бар/ болмаған* .

Қазақтар *сәрсенбі/сейсенбі* күнін іс бастауға сәтсіз күн деп есептеген.

Аспандағы айдың *пішіні/түрі* апта сайын өзгеріп отырады.

Айдағы апталық өзгерістер арқылы халық *адам болашағын/ауа райын* болжаған.



Ә Мәтіннің құрылымдық бөліктеріне сәйкес азатжолдарды тауып, ондағы ойды бір сөйлеммен жазып көрсетіңдер.

Мәтін бөлімдері	Азатжолдың реттік саны	Негізгі ой
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Қорытынды		



Б Қарамен берілген сөздерді қажетті сөздермен алмастырып жазыңдар.

1. Аптаның **сейсенбі** күнін қазақтар **ауыр** күн деп санаған.
2. Айда болатын өзгерістерге халық **айрықша** мән береді.
3. Сәрсенбіні сәтті күн деп, **істерін** осы күні бастауды жөн санаған.
4. Қазақ жерінің шығыс **өңірінде** жұма күнін қасиетті санайды.

Қажетті сөздер: шаруа, ерекше, аймақ, қиын.



2-тапсырма. Артық сөзді сызып, себебін екінші бағанға жазыңдар.

1	Дүннетаным, өліара, шегара, дәстүрлі	<i>Бұл сөз үндестік заңына сәйкес бірыңғай жіңішке айтылады.</i>
2	Күн, Ай, Шолпан, Марс	
3	Юпитер, астрономия, атау	
4	Ауа райы, оңтүстік, солтүстік	

СИНОНИМДЕР

Синонимдер – мағыналары жағынан бір-біріне жуық, дыбысталуы әртүрлі сөздер. Мысалы: *сұлу, әдемі, әсем, көркем, ару, ажарлы, көрікті, келбетті, шырайлы, реңді, өңді.*

АНВҚМА

БЕЛГІЛЕРІ

Синоним сөздердің мағыналарының жалпы жақындығына қарай бір топқа жинақталуы *синонимдік қатар* деп аталады. Мысалы, *мықты* сөзінің синонимдік қатары: *берік, күшті, қуатты, әлеуетті, қарулы.*

Синоним болу үшін :

- сөздер әртүрлі дыбысталуы тиіс;
- мағыналас сөздер бір сөз табына ғана катысты болуы керек.



3-тапсырма. №24 аудионы тыңдаңдар.



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Жанды сағат» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Жанды сағатқа нелер жатады?
3. Күнге қарап уақытты қалай ажыратуға болады?
4. «Нағыз күн сағаты» деген қандай сағат?
5. «От сағаты» деген қандай сағат?



Ә Қарамен берілген сөздерге мағыналас сөздерді екінші бағаннан табыңдар.

- | | |
|--|-------------|
| 1. Бағзы замандарда қазіргідей сағаттар болмаған. | a) тоқтаған |
| 2. Күн бір орнында еш уақытта кідірген емес. | ә) баяғы |
| 3. Кешке қарай күн ұясына қонады . | б) батады |



4-тапсырма. Синонимдік қатарларды табыңдар.

- | | |
|---|--|
| 1. а) өткір, қымбат, бағалы;
ә) алыс, шалғай, жырақ;
б) қарт, кедей, жас;
в) биік, аласа, жақын. | 6. а) қысқа, келте, шолақ;
ә) ұзын, биік, үлкен;
б) қыс, жаз, күз;
в) көктем, суық, шөп. |
| 2. а) жаяу, жүру, жүгіру;
ә) күту, тосу, аялдау;
б) күлу, жымшо, жылау;
в) қолдану, пайдалану. | 7. а) жану, от, жарық;
ә) тоқтау, бөгелу, сөну;
б) тым, аса, өте;
в) той, думан, қонақ. |
| 3. а) ұл, қыз, аға;
ә) қарт, кәрі, қария;
б) ана, ата, тәте;
в) ұят, ой, ақыл. | 8. а) жаңа, таза, әдемі;
ә) ескіру, тозу, көнеру;
б) жыртық, ұзын, көне;
в) кнім, шаш, сөмке. |
| 4. а) кітап, дәптер, қалам;
ә) қала, көше, даңғыл;
б) ел, халық, жұрт;
в) әңгіме, өлең, жыр. | 9. а) әтір, піссу, сезу;
ә) жақсы, тәуір, сұлу;
б) айран, ақ, ірімшік;
в) әскер, жасақ, қол. |
| 5. а) жеңіл, таяз, терең;
ә) күшті, әлді, қайратты;
б) ақ, кара, ала;
в) кесек, ұсақ, майда. | 10. а) үлгілі, тәрбиелі, көргенді;
ә) әсем, ару, қыз;
б) үміт, сенім, қуаныш;
в) бақыт, қуаныш, әнші. |



5-тапсырма. Мән-мағынасын әсерлендіре түсу үшін екі мағыналас синоним сөзді қатар пайдаланып, сөйлем құрандар.

Қайсар, қайратты; қаңбақтай, жеп-жеңіл; жұбын жазбай, бірге.



6-тапсырма. Оқлық, қызык!

Әлемдегі ең **қымбат** қалта сағат Женева аукционында 2,3 миллион долларға сатылған. Бұл алтын сағаттың салмағы – 500 грамм. Ол 1942 жылы арнайы тапсырыспен **жасалған**. Оның сағат, минут және секундты көрсететін таяқшаларынан басқа 24 түрлі механизмі бар. Атап айтқанда, күнтізбені, Айдың фазасын, секундтың жүзден бір бөлігіне дейін дәл көрсететін хронограф және тағы басқа **функциялары** бар.

Ал әлемдегі 920 қосалқы бөлшектен тұратын сағатты жасауға сегіз жыл **уақыт** кетіпті.



www.kaz.caravan.kz



А Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырыңдар.

Қажетті сөздер: бағалы, қызмет, мезгіл, істеу.



7-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Ребусты дұрыс шешсендер, Абай Құнанбайұлы айтқан нақыл сөзбен танысасыңдар.



x +



y +



”

+ ЫТ

т +



””

+ н

Уақыт – алтын қазына

Антонимдер

Біз бұл сабақта:

- 1) уақытты үнемді пайдалану туралы;
- 2) қандай сөздер антоним бола алатыны жайлы;
- 3) антоним бола алмайтын, бірақ мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Өленді түсініп оқындар.

Уақыттан асқан билік жоқ,
Уақыттан озған жүйрік жоқ,
Адамға Алла бұйыртқан
Уақыттан қымбат сыйлық жоқ.

Бұл өмір деген – қас-қағым,
Өтер де кетер жас шағың!
Сыйлатқың келсе өзіңді,
Уақытын сыйла басқаның...

Өткізе бермей жай ғана,
Уақытты жарат пайдаңа.
Жиырма төрт сағат – тең уақыт
Берілген кедей, байға да.

Жаныңа шуақ нұр беріп,
Қуантты бүгін кім келіп?
Жазып жүр жақсы нәрсені,
Бүгіннен бастап күнделік.

Өмірдің – уақыт бөлшегі,
Тұрмайды күтіп ол сені.
Уақытты босқа жеп жатқан
Іздеп тап артық нәрсені...

Бұл уақыт деген шынымен,
Өлшенбес сағат тілімен.
Өлшенер уақыт іспенен,
Не істедің бүгін күнімен?!

Әдемі сағат таңдайсың,
Көресің ұстап әрқайсын.
Он сағат сатып алсаң да,
Уақытты сатып алмайсың!

Дүбірін сезіп алыстан,
Заманмен мынау жарысқан.
Уақытын дұрыс жұмсайтын
Адамдар – нағыз данышпан!

А.Темірбай



А Сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Уақытты пайдаға жарату» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Уақытты босқа жеп жатқан қандай нәрселер?
3. Адамға күнделік жазу керек пе, қалай ойлайсындар?
4. Өлеңге қандай ат қояр едіңдер?
5. Уақыт не себепті іспен өлшенеді?
6. Қандай адамдарды данышпан дейміз?
7. Сендер үшін уақыт қымбат па? Не себепті?



Ә Әлең мазмұнына сәйкес келмейтін жауапты көрсетіңдер.

1. Уақыт – адамның қолындағы билік.
2. Уақыт адамның істеген жұмысымен өлшенеді.
3. Сағатты да, уақытты да сатып алуға болады.
4. Уақытты дұрыс пайдалана білу – данышпандық.
5. Уақыттан артық сыйлық жоқ.



Б Уақыт туралы мақал-мәтелдерді өлең мазмұнымен байланыстырып, мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|---------------------------------------|--|
| 1. Ештен кеш жақсы. | 3. Өткен күн – ұшқан құс,
Шақырсаң да келмейді. |
| 2. Уақыт тас екеш тасты да тоздырады. | |

АНТОНИМДЕР

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер *антонимдер* деп аталады: *жақсы – жаман, күн – түн, қуаныш – реніш*.

Антонимдес сөздер бір сөз табына жатады. Мысалы: *өтірік – шын* (зат есім), *жоғары – төмен* (үстеу), *ақ – қара* (сын есім).

ЕРЕЖЕ

Қарама-қарсы мағынада берілген сөздердің барлығы бірдей антоним бола бермейді. Мысалы, *таулы – таусыз, алыс – алыс емес* т.б. сияқты сөздер антоним болмайды.

Антоним болу үшін сөз мағыналарының қарама-қарсы болғаны жеткіліксіз, сонымен қатар олардың түбірлері де әртүрлі болуы керек: мысалы, *ашық – жабық, жану – сөну, өмір –*

ШАРТТАРЫ



2-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі антоним сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Үлкеннің сөзі – майда, кішінің сөзі – найза.
2. Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.
3. Достың ескісі жақсы, киімнің жаңасы жақсы.
4. Жақсыда жаттық жоқ,
Жаманда жақындық жоқ.



3-тапсырма. Бірінші қатардағы үлгіге қарап кестені толтырындар.

№	Сөз	Омоним	Синоним	Антоним
1	Бас	Адамның басы Жерді бас.	1. Бас, негіз, түп 2. Басу, таптау	бас – аяқ
2	Алыс			
3	Қара			



4-тапсырма. Төмендегі сөздердің қарама-қарсы мағынасын табындар.

Қымбат, бай, жас, артық, күн, жақсы, дұрыс.



5-тапсырма. №25 аудионы тыңдаңдар.



А Бос орындарды мәтін мазмұнына сай толтырып жазыңдар.

Күнделіктің адамға беретін ... өте көп.

Күнделік – өткен күн туралы

Күнделік ... қабылдауға да үйретеді.

Күнделік ... жетуге бастайтын жол.



Ә Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Күнделік жазудың қандай пайдасы бар?

2. Күнделік адамның жылағаны мен қуанғанын «көтереді» дегенді қалай түсінесіңдер?

3. Күнделік арқылы адам өзін сырттай қалай бақылай алады?



Б Қарамен берілген сөзге қарама-қарсы мәндегі сөзді атаңдар.

1. Технология дамыған кезде қағаз бен қалам **көп** қолданылмайды.

2. Күнделік жазудың өзіндік **артықшылықтары** бар.

3. Жазылған нәрселерге қарап отырғанда **жаңа** идеялар пайда болуы мүмкін.

4. Өз **қуанышымызды** күнделікке жаза аламыз.

5. Күнделік жазу ойды **дұрыс** жеткізе білуге үйретеді.



6-тапсырма. *Кім шатицаң?* Сөздердің қарама-қарсы сыңарларын жазыңдар.

Биік, аспан, бар, ақылды, оң, тәтті, ерте, батыр, жаз, қара.



7-тапсырма. Жұмбақтарды шешіңдер. Антоним сөздерді атаңдар.

1. Маған да, саған да
Жақын туыс – бес адам.
Үш әріптен тұратын,
Онға оқы, солға оқы, –
Өзгермейді еш одан.
Бәрі де өз жұртын,
Айтады, кәне, кім атын?
2. Асты – тас, үсті – тас,
Ортасында піскен ас.



3. Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар.
4. Әрі сусын, әрі дәрі,
Емге ішеді жас пен кәрі.
Малдың сүті – елдің құты,
Деп бағалар жұрттың бәрі.




8-тапсырма. Жаңылтпаштарды жылдам айтып үйренейік. Антонимдерді қатыстырып, өздерің де жаңылтпаш құрап көріңдер.

1. Ақ тайлақ ақ па?
Қара тайлақ ақ па?
2. Күн бе, түн бе,
Пілге мінбе.
3. Екеуінің жасы шамалас,
Бірінің шашы – қара шаш.
4. Сұр інген сүрінген бе?
Сүрінген сұр інген бе?



9-тапсырма. Кім тапқыр?! Сөзжұмбақты шешіп, жасырын сөзді табыңдар.



- | | |
|----------|---------------------|
| 1. Ыстық | } сөзінің антонимі. |
| 2. Жеңіл | |
| 3. Семіз | |
| 4. Қысқа | |
| 5. Қисық | |

Хобби деген не?

Сөздік қордың толығу жолдары

Біз бұл сабақта:

- 1) атақты тұлғалардың әуес істері туралы;
- 2) сөздік қордың толығу жолдары туралы;
- 3) төл сөздер және кірме сөздер туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Түсіндірме сөздік

Әуес – араб. құмар, үйір, құштар.

Сарп ету – тауысу, жұмсау.

Әрадамның қызығатын, әуестенетін ісі болады. Мұны кейде *хобби* деп те айтамыз. Біреулер үшін хобби ермек сияқты көрінуі мүмкін. Ал енді біреулер содан рухани ләззат алады. Олар сол әуестіктері үшін барлық уақытын сарп етуге бар. Мәселен, І Петр патшаның ұсталықпен айналысып, түрлі коллекция жинағаны жайлы дерек бар. Атақты химик Дмитрий Менделеев чемодан жиғанды жақсы көрген екен. Леонардо да Винчи атақты суретші ғана емес, керемет аспаз да болған. Лев Толстойдың жазушылығын ел білгенімен, етікшілігі жайлы ешкім білмейді.

Әдемі әуестігі бар жандар бізде де аз емес. Қазақ топырағындағы ең алғашқы коллекционер – Шоқан Уәлиханов. Шоқанның көптеген коллекциясы мен бай кітапханасы болыпты. Ол сирек кездесетін қымбат тастарды жинап, кейіннен оларды Германияның Дрезден қаласына сыйға тартыпты. Оның ескі музыкалық аспаптарды жиғаны да белгілі.

Әдемі әуестігі бар жандар бізде де аз емес. Қазақ топырағындағы ең алғашқы коллекционер – Шоқан Уәлиханов. Шоқанның көптеген коллекциясы мен бай кітапханасы болыпты. Ол сирек кездесетін қымбат тастарды жинап, кейіннен оларды Германияның Дрезден қаласына сыйға тартыпты. Оның ескі музыкалық аспаптарды жиғаны да белгілі.

Айта берсек хоббидің түрі сан алуан. Психологтер «хоббиі бар жандардың денсаулығы да жақсы болады» дегенді айтады.

Айта берсек хоббидің түрі сан алуан. Психологтер «хоббиі бар жандардың денсаулығы да жақсы болады» дегенді айтады.

www.zhasorken.kz



А Мәтін мазмұнын толық қамтитын тақырыпты көрсетіндер.

1. Жазушылардың ермек істері
2. Хоббидің денсаулыққа әсері
3. Шоқанның суретшілік шеберлігі
4. Белгілі тұлғалардың әуес істері



Ә Сен қалай ойлайсың? Топта талқылайық.



Әуес іспен айналысу – уақытты сарп ету

Келісемін, себебі ...

...

Келіспеймін, өйткені ...



2-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

- | | |
|----------------------|------------------------|
| 1. Ит өлген жер | а) жеке-дара, бөлек |
| 2. Уақытын сарп ету | ә) алыс, шалғай, жырак |
| 3. Алдына жан салмау | б) уақытын жұмсау |
| 4. Оңаша қалу | в) бәрінен озық тұру |



3-тапсырма. Артық сөзді сызып, себебін жазыңдар.

№	Сөздер	Себебі
1	арман ды, балықты, мәшiнендi, отты	Балық, мәшiне, от – деректi зат есiмдер, арман – дерексiз зат есiм.
2	нан, балық, қасық, дәм	
3	талға, шыбыққа, тоғайға, жерге	
4	ағасы, әжем, Ш.Уәлиханов, анам	
5	ұнату, жақсы, көру, сезiм	
6	суық, жарық, ыстық, қаранғы, көк	

СӨЗДІК ҚОРДЫҢ ТОЛЫҒУ ЖОЛДАРЫ

Қоғам өміріндегі түрлі жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етеді. Бұл сөздік қордың толығуынан көрінеді.

Сөздік құрамның дамуына сөздік қор негіз болады. Сөздерге қосымшалар жалғануы, сөздердің бірігуі мен тіркесуі арқылы жаңа сөздер жасалады. Мысалы: *оқыту* – *оқытушы*, *әуе* + *жай* – *әуежай*, *сынып* + *жетекші* – *сынып жетекші*.



4-тапсырма. №26 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты табыңдар.

1	Адам орта есеппен минутына 200-ден артық сөз оқи алады.	✓
2	Оқыған ақпаратты түсінуге оқу жылдамдығының әсері болады.	
3	Оқу кезінде көз шаршамас үшін мәтінді асықпай, жай оқу керек.	
4	Тарихта жылдам оқи алуымен ерекшеленген жазушылар да болған.	



Ә Бос орындарды мәтін мазмұнына сәйкес қажетті сөзбен толтырыңдар.

1. Әлемдегі адамдардың ... %-ы өте баяу оқиды.
2. Асықпай оқығанда адам кітапта жазылғанның 60%-ын
3. ... оқығанда жазылған ақпараттың 80%-ын түсінуге мүмкіндік туады.
4. Атақты қолбасшы Наполеон Бонапарт минутына ... сөз оқыған.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



Уақыт кері қайтпайды. Сондықтан әркім өз уақытын тиімді әрі пайдалы істерге жұмсауы керек. Ол үшін өзіне ұнайтын іспен айналысып, күн тәртібінен пайдасыз істерді алып тастау керек. Бір күнге, апта, ай немесе бір жылға жоспар құру маңызды істерді айқындауға, уақытты босқа жібермеуге көмектеседі. Бір істі бітіріп, содан кейін келесі іске көшкен дұрыс. Бастаған істі аяқсыз қалдырмауға, күнде ұйықтар алдында күні бойы жасаған істеріне тап-дау жасауға, әрбір әрекетке үлкен жауапкершілікпен қарап, бір жасаған қателікті қайталамауға, істі шала жасамауға, жоспарланған істі кейінге қалдырмауға тырысу керек. Кейде адамның жұмысқа қабілеті төмендейді, сондықтан демалысқа да дұрыс уақыт бөле білу керек.

www.massaget.kz



А Сен үшін қандай іс пайдалы және қандай іс пайдасыз? Өз ойыңмен бөліс.



Ә Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Айқындау* сөзінің синонимі
2. *Төмендеу* сөзінің антонимі
3. *Күн*, *апта*, *ай*, *жыл* сөздерінің жалпы атауы
4. *Аяқсыз қалдырмау* тіркесінің мағынасы
5. *Кері қайтпау* тіркесінің беретін мағынасы
6. *Үлкен* сөзінің антонимі

КАНДАЙ ?



6-тапсырма. «Мен уақытты бағындыра аламын» деген тақырыпта кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұратын шағын эссе жазындар. Эсседе төмендегі мәселелерді қамтындар.

- Уақыт туралы түсінік;
- Уақыттың «жауы» деген не?
- Мен уақытымды қалай өткіземін?



7-тапсырма. Төмендегі үлгі бойынша сөздік құрамды толықтыратын сөздерге мысал келтіріңдер.

Үлгі:

Қосымшалар арқылы : тыңдарман, даяшы, ...

Сөздердің бірігуі арқылы : пернетакта, галамтор, әуежай, ...

Сөздердің тіркесуі арқылы : жатын бөлме, жеке куәлік, ...



8-тапсырма. Оқып, қызық!

Қожанасырдан бір күні мұғалімі:

- Қожанасыр, бір тәулікте неше сағат бар? – деп сұрапты.
- Бүгін жиырма бес сағат болуы керек, – депті Қожанасыр.
- Қалайша? Жиырма төрт сағат емес пе? – депті мұғалімі.
- Сіз кеше «күн бір сағат ұзарады» деген болатынсыз ... – депті Қожанасыр.



A Сен қалай ойлайсың? Бірге талқылайық.



«Күн бір сағат ұзарады» дегенді қалай түсінуге болады?

1. Менің ойымша, ...

2. ...

3. ...

Сүйікті іс

Кірме сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) кірме сөздермен;
- 2) хобби туралы ақпараттармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Түсіндірме
сөздік

Жәдігер – араб. ескерткіш, ғимарат, мұра.

Адамның белгілі бір хоббимен айналысқаны дұрыс та шығар, бірақ мәселе оның қандай хобби екендігінде. Бұрынғы ата-бабаларымыздың заманында да мұндай «өнер» түрі болған. Мәселен, көне жәдігерлерді жинау, даланың ең төсінде ит жүгіртіп, құс салып саятшылық құру.

Танымал тұлғалардың жүрек калауымен айналысатын түрлі әуес істерінің болғаны тарихтан белгілі. Мысалы, көрнекті қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев атамыз оттық жинауды жақсы көріпті. Қазіргі таңда 3000-нан астам оттығы Алматыдағы мұражайында сақтаулы тұр. Ал атақты акын Қадыр Мырза Әлі бала күнінен бастап кітап жинаған және кейіннен онысы ең бай кітапханаға айналғанын білеміз.

Ендеше, хобби – белгілі бір затты жинау ғана емес, сонымен қатар сүйікті іспен айналысу деген сөз.

«Астана ақшамы» газетінен



A Сұрақтарға жауап беріңдер. Сыныпта талқылаңдар.

1. Сүйікті іспен айналысудың қандай пайдасы бар деп ойлайсындар?
2. Ата-бабаларымыздың қандай хоббиі болған?
3. Хоббиің тағы қандай түрлерін білесіңдер?
4. Ерекше хоббиі бар қандай адамдарды білесіңдер?
5. Қадір Мырза Әлінің хоббиі туралы не ойлайсындар?



Ә Қарамен берілген сөздер/сөз тіркестерінің қай мағынада қолданылғанын көрсетіндер.

1	Хобби еріккен адамның ермегі сияқты болып көрінеді.	босқа уақыт өткізуі/қызыға айналысатын ісі
2	Адамның жүрек қалауымен жасайтын әуес әрекеттері болады.	ұнатпай/өз еркімен
3	Ата-бабаларымыз даланың ең төсінде ит жүгіртіп, құс салған.	қақ ортасында/жазық жерде
4	Бұрынғы заманнан келе жатқан өнердің бірі – құс салу.	саят құру/құс ұшыру



Б Мәтіннен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді тауып жазыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

КІРМЕ СӨЗДЕР

Басқа тілден енген сөздер *кірме сөздер* деп аталады.

Араб-парсы тілінен енген сөздер: *айна, мұғалім, қызмет, бақыт, дүние, дос, уақыт*.

Монғол тілінен енген сөздер: *алтын, аймақ, қарыз, бұқа, ау, шебер*.

Орыс тілінен енген сөздер: *сіріңке, тима, сөмке, газет, кәрзеңке, альбом, диктант*.

Басқа тілдің сөздері қазақ тіліне екі түрлі жолмен енеді:

1) қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп, дыбыстық өзгеріске ұшырап енеді: *тәрелке (тарелка), облыс (область), бөтелке (бутылка), кәмпит (конфета)*;

2) бастапқы қалпын сақтап енеді: *химия, геометрия, лицей, математика, еркіндік*

Есте сақтаңдар!



Соңғы жылдары кірме сөздердің бірқатары қазақ тіліне аударылды: *теплица – жылыжай, аэропорт – әуежай, вертолет – тікұшақ*.

ЕРКІМДІК МЫСАЛЫ



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Мен қалам жинаймын. Олардың алғашқысы – сиямен жазатын сия-сауыт болса, кейінгісі – қазіргі заманауи тұрғыдағы әртүрлі қаламдар. Кездесулерге барған кезде көбіне қалам сыйлап жатады. Қазір менде қаламның 1000-нан астам түрі бар.

О.Асқар



A Өздеріңнің сүйікті істерің туралы мәтін құрастырып жазыңдар.




3-тапсырма. Сөздерді екі сандыққа бөліп жинаңдар.

Төл сөздер



Поэзия, акын, спорт, тау, теннис, жыл, гольф, әдебиет, ән, кітап, оқу, қазақ, турнир, ел, ракетка, домбыра, кубок, бизнесмен, аяқ, көп, автор, уақыт, қалам, тілекхат, әуес іс, бақыт, білім.

Кірме сөздер



4-тапсырма. Артық сөзді сызып, себебін түсіндіріңдер.

Ата-баба, дала, тіл, кітапхана, жүрек.	Себебі: үндестік заңына бағынбай тұрған осы қатардағы жағыз сөз
Үш, әлем, тарих, ғылым, мешіт, пән	
Қалам, емтихан, интернет, мұғалім, бала	
Әдебиет, тамақ, қыз, ана, жеті, үлкен	
Жәшік, кәмпіш, бәтенке, костюм, кереует	



5-тапсырма. №27 аудионы тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңдер.

1. Дана шәкірттеріне бұршақ пен тасты араластыру керектігін айтады.
2. Дана шәкірттеріне құмыраның көмегімен тәжірибе жасап көрсетеді.
3. Дана бұршақ пен суды уақытпен салыстырады.
4. Дана шәкірттеріне уақытты босқа өткізбеуге кеңес береді.



Ә Мәтін мазмұны бойынша бос орындарды толтырып жазыңдар.

1. Данышпан адамның өмірін ... теңейді.
2. Отбасы, денсаулық сияқты маңызды нәрселерге ... балама етіп алады.
3. Кез келген адамның өміріндегі ұсақ-түйек нәрселерді ... теңейді.
4. Құмыраны құмға толтырсаң, ... пен ... орын қалмайды.
5. Құмыраға кеседегі суды құйған кезде, шәкірттері
6. Дана бұршақты ... теңейді.



Б Мәтіннің негізгі идеясы болмайтын қатарды табыңдар.

- | | |
|---|---|
| 1 | Адам өмір бойы үйренумен болады. |
| 2 | Адам өмірінде маңызды сәттер болады. |
| 3 | Адам уақытты дұрыс пайдалана білуі керек. |
| 4 | Ұсақ-түйек нәрсеге көңіл бөлмеу керек. |



В Сен қалай ойлайсың? Бірге талқылайық.



Адам өміріндегі ұсақ-түйек нәрселерге не жатады?

1. ...

2. ...

3. ...



6-тапсырма. Оқып, қызық!

Менің «Қайрат» командасы туралы 100 альбомым бар. 2000-ға жуық жинаған мақал-мәтелдер мен қағызпаларым (анекдот) тағы бар. Халық емшілігіне қатысты дүниелерді 40 жылдан бері жиып келемін. Қазір оның саны 1000 альбомға жетіп қалды. Аурулардың аттарына байланысты 200 альбом, дәрілік өсімдіктерге қатысты 200 альбом, медицина және хайуанаттар тақырыбындағы 100 альбомым бар. Сондай-ақ Қазақстанда шыққан конверттердің 1000-нан астамы да менің қоржынымда.

Ш.Сарыбаев



А Сөйлемдегі қарамен берілген тіркестің мағынасын келесі бағаннан көрсетіндер.

Тілші ғалым, академик Шора Сарыбаевтың қоржынында Қазақстанда шыққан мыңнан астам конверт бар.	қаттасында	
	сөмкесінде	
	жатты гатымда	
	кәдімгі қоржында	

Құсбегілік – хоббидің бір түрі

Лексиканы қайталау

Біз бұл сабақта:

- 1) қыран құс баптау да сүйікті іс екенін түсінеміз;
- 2) лексика саласы бойынша алған білімімізді қорытындылаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Түсіндірме
сөздік

Мойындау – мойынсұну, көну.

Атакәсіп – атадан келе жатқан үйреншікті, бұрыннан белгілі іс.



Құспен аңға шығу – көшпелілерде аңшылықтың ең кең тараған түрі. Бастапқыда бұл өнер азық табу мақсатында қалыптасқанмен, қазіргі таңда хоббиге айналған. Сондай-ақ жануарларды жөнсіз атып-жоюға шектеу қойылған. Дегенмен осынау кнын әрі қызықты хоббиге құштар құсбегілер әрқашан да табылады.

Жабайы құстарды қолға үйрету өнері ғасырлар бойына жинақталып, мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа табысталып, құпияда сақталған.

Болашақ бүркітшілерді 7–10 жасынан бастап үйретеді. Алғашында балаға аса үлкен емес құстарды – қаршыға мен түйғындарды баптауға рұқсат беріледі, ал 14-15 жасқа келгенде бүркітті сеніп тапсыра бастайды. Құстың адамды мойындауы өте кнын. Ол үшін олар кемінде үш тәулік бірге болуы тиіс. Бұл уақыт ішінде адам құсқа ұйқы бермейді және өзі де ұйықтамайды. Олар өзара мінез күрестіреді. Егер екеуі де осыған төзсе, төртінші тәулікте бүркіт адамды мойындайды. Бірақ құстың

өз атын танып, бұйрықтарды орындауға үйренуі үшін кемінде тағы 9 ай қажет. Қазақстандағы бүркітшілердің саны елуге жетер-жетпес. Аңшылыққа жастарды баулу, үйрету – атакәсіп пен салт-дәстүрдің асыл қазынасын толықтыра түсу деген сөз.

Бүркітті 10 жылдан артық ұстамайды. Оны ұрпақ беру үшін еркіндікке жібереді. Қамауда бұл құстар көбеймейді. Табиғи жағдайларда бүркіт 80–100 жыл тіршілік етеді.

«Жәрдем» газетінен



A Қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен алмастырып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Тәжірибелі **бүркітшілер** халық арасында үлкен құрметке ие болған.
2. Ертеде адамдар аң аулау арқылы **азығын** тауып жеген.
3. Жабайы құстарды қолға үйретудің **құпиясы** ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған.
4. Жас бүркітші балаға алғашқыда қаршыға мен түйғынды **баптауға** рұқсат береді.
5. Құсты ұрпақ жалғастыру үшін **еркіндікке** жібереді.

Қажетті сөздер: сыр, үйрету, бостандық, құсбегі, тамақ.



2-тапсырма. Берілген тіркестерді тура және ауыспалы мағынада қолданылуына қарай бөліп жазыңдар.

Жылы сөз, қыздың төркіні, биік мақсат, адамның қолы, есіктің тұтқасы, жер кіндігі, қол ұшын берді, қол-аяғы шаршады, жүйрік ат, жүйрік ой, палуандар күресі, жемқорлықпен күресу.



3-тапсырма. Омоним сөздер мен көп мағыналы сөздерді табыңдар. Олардың қандай айырмашылықтары және ұқсастықтары бар?

1. Қаз мойын/жерді күрекпен қаз.
2. Үй салу/қолқа салу/қаржы салу.
3. Орта бойлы/орта білім/орта ғасыр.
4. Қолдан тоқылған кілем/қол жинап, жауға аттану.
5. Өткені көкірегінде сайрап тұр/көкірек тұсы ауырды.
6. Іске жарау/жаралану.
7. Мақта теру/біреуді мақтап сөйлеу.



4-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Үлгіге қарап, әртүрлі сөздерден синонимдік қатар жасаңдар.

Үлгі: сұлу, көркем, әдемі, көрікті, ару.




5-тапсырма. Сөзжұмбақты шешейік.

1. Сөздің тура және ... мағынасы болады.
2. Басқа тілден енген сөздер ... сөздер деп аталады.
3. ... сөздер дегеніміз – сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы.
4. Мағыналары жағынан бір-біріне жуық, дыбысталуы әртүрлі сөздер –
5. Айтылуы, тұлғасы бір, мағыналары басқа сөздер.

6. Сөздік құрамның дамуына ... ұйытқы болады.

7. ... – дегеніміз мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер.



6-тапсырма. Лексиканы қайталау тестісін орындаңдар.

1. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорына жатпайтын қатарды көрсетіндер.

- а) аяқ, қол, бас;
- ә) ағаш, бұтақ, жапырақ;
- б) фото, студент, касса;
- в) табақ, шелек, қасық.

2. Берілген сөздердің қай атауға мысал бола алатынын табындар.

Домбыраның құлағы, адамның құлағы, қазанның құлағы...

- а) синоним;
- ә) омоним;
- б) тура мағыналы сөздер;
- в) көп мағыналы сөздер.

3. «Шырақ» сөзінің тура мағынада қолданылған нұсқасын анықтаңдар.

- а) Шырағым-ау, кешігіп қайда жүрсің?
- ә) Үміт шырағы сөнбесін;
- б) Сөредегі шырақты алып кел;
- в) Білім – өмір шырағы.

4. Антонимдік жұпты көрсетіндер:

- а) табиғи – жасанды;
- ә) күлу – күлімсіреу;
- б) қолдану – пайдалану;
- в) жалтақ – именшек.

5. Кіріме сөздерге тән анықтаманы табындар:

- а) басқа тілден енген сөздер;
- ә) мағыналары жағынан бір-біріне жуық сөздер;
- б) айтылуы, жазылуы бір сөздер;
- в) екі сөздің бірігуі арқылы жасалған сөздер.

6-бөлім

ҚИЯЛ ӘЛЕМІ



Қыран жетпеген жерге қиял жетеді.
Мәтел

- **Сөзжасам. Сөздің құрамы. Түбір және қосымша**
- **Туынды сөздердің жасалу жолдары**
 - **Күрделі сөздер. Біріккен сөздер**
 - **Тіркесті күрделі сөздер. Қос сөздер**
 - **Қысқарған сөздер**



Сиқыршылар

Сөзжасам. Сөздің құрамы. Түбір және қосымша

Біз бұл сабақта:

- 1) сөзжасам және сөз құрамы туралы;
- 2) түбір мен қосымшаны ажырату жолдары туралы;
- 3) еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты қасиеттер туралы білетін боламыз;



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Баяғыда бір етікші болыпты. Әбден кедейленіп, қос етік тігерліктей ғана былғарысы қалыпты. Інірде әлгі былғарыдан етік пішеді де: «Қазір жатып ұйқымды қандырып, таңертең ертерек тұрып тігіп тастармын», – деп ойлайды.

Таң сәріден оянып жұмысқа кіріспекші болып ынғайланса, жұмысы дайын тұр – етіктерді біреу тігіп қойыпты. Етікші сенер-сенбесін білмейді. Етікті қолына ұстап, аударып-төңкеріп қарай бастайды. Тігісінде бір ақау жоқ. Асқан ісмер адамның қолынан шыққаны көрініп тұр.

Көп ұзамай сатып алушысы да табылады. Етікке қызығып, көп ақша төлеп, сатып әкетеді. Етікші енді екі қос етік тігетіндей былғары сатып алады. Інірде екі қос етікті пішеді де: «Қазір жатып көз шырымын алайын, таңертең ертерек тұрып, тігіп тастармын», – деп ойлайды.

Таң сәріден тұрып қараса, екі қос етіктің екеуі де тігулі дайын тұр. Сөйтіп, күн сайын осылай қайталана береді. Інірде пішілген етік таңертең тігіліп дайын тұрады. Етікшінің жокшылық өмірі ұмыт бола бастайды.



Бір күні күндегідей бірнеше етік пішіп қояды да, ұйықтар алдында әйеліне:

– Бәйбіше, бүгін ұйықтамай, етікті тігіп жүрген кім екенін көрсек қайтеді? – дейді. Бұл сөзге әйелі қуанып:

– Мақұл, ұйықтамасак – ұйықтамайық. Көрейік кім екенін! – дейді. Үстел үстіне шырақ жағып қойып, бұрышта ілінген киімдердің артына тығылып, күтіп отыра береді.

Түн ортасы болғанда, үйге кішкентай кісілер кіреді. Етікшінің үстеліне шығып, отыра қалып, кіп-кішкентай саусақтарымен пішілген былғарыны алып, тіге бастайды.

Таңертен әйелі күйеуіне:

– Бұл кішкентай кісілер қолымызды байлыққа жеткізді. Біз де бұларға бір жақсылық жасайық. Кішкентай кісілер біздікіне ылғи түнде келеді, үстерінде киімі жоқ, сірә, тонатын шығар. Мен әрқайсысына көйлек, күрте, шалбар тігіп қояйын, ал сен етік тік, – дейді.

Сөйтіп, бір күні кешке сыйлықтарын пішілген былғарымен бірге үстелге қойып, өздері тағы да бұрышқа тығылып, кішкентай кісілердің келуін тосады.

Бұрынғыдай түн ортасы болғанда, үйге кішкентай кісілер келеді.

Үстелге секіріп шығып, іске кіріспек болғанда, пішілген былғарымен бірге әдемі көйлек, күрте жатқанын, қасында кіп-кішкентай етік тұрғанын көреді.

Кішкентай кісілер әдегенде аузын ашып қалса да, сонынан қуанып, мәз болады. Әдемі киімдерді тез-тез киіп алып, би билеп, өлең айта бастайды. Содан соң бір кезде ғайып болады, қайтып етік тігуге келмей қояды. Бірақ етікші кішкене кісілердің арқасында өмір бақи бақытты ғұмыр кешеді.

Ағайынды Гриммдер



Түсіндірме
сөздік

Іңір – күн батып, қараңғы түсе бастаған кез.

Ақау – кемшілік, мін.



А Мәтін бойынша берілген ақпаратты растаңдар немесе жоққа шығарыңдар.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Кешке пішіп қойған етіктер таңертен тігулі тұрады.		
2	Етікшінің жоқшылықтан құтылуына кішкентай кісілер көмектеседі.		
3	Етікші мен әйелі кішкентай кісілерге өздерінің риза екендігін білдіреді.		
4	Кішкентай кісілер сыйлықтарды алған соң да етікшіге ұзақ уақыт көмектесіп тұрады.		



Ә Мәтін мазмұнының баяндалу ретін табыңдар.



А. Етікшінің бақытты ғұмыр кешуі.

Ә. Кедей етікшінің өмірі.

- Б. Етікшінің жокшылықтан құтылуы.
- В. Етікшінің аң-таң болуы.
- Г. Етікші мен әйелінің түнгі қонақтарға жасаған сыйы.



Б Мәтінге ұсынылған тақырыптың бірін таңдаңдар немесе өздерің тақырып қойыңдар. Себебін түсіндіріңдер.



В Өзара мағыналас сөздерді сәйкестендіріңдер.

Көз шырымын алу
Аузын ашып қалу
Көзін тайдыра алмау
Көз ілеспеу
Жұрдай болу
Асқан ісмер адам

Өте жылдам
Барынан айырылу
Ұйықтау
Таңғалу
Іске шебер адам
Көзін ала алмау

СӨЗЖАСАМ.

ТУЫР ЖӘНЕ ҚОСЫМША

Сөзжасам дегеніміз – жаңа сөздердің жасалуы. Жаңа сөздер: жұрнақ арқылы (*оқу + шы, оқу + лық*), екі сөздің бірігуі арқылы (*темір + жол, бет + орамал*), екі сөздің қосарлануы арқылы (*ата-ана, азық-түлік*), екі сөздің тіркесуі арқылы (*күн сәулесі, он екі*) жасалады.

Сөздің түбірі – сөздің ешқандай тұлғалық бөлшектерге бөлінбейтін түпкі бөлшегі және жаңа сөз жасаудың негізі. Мысалы: *бала, оқы, кітап, қағаз, мектеп* және т.б.

ТУЫР

Қосымшаның екі түрі бар: жұрнақ және жалғау.

Жұрнақ – жана сөз тудырушы қосымша. Мысалы: *дәрі – дәрі + гер, дәрі + хана* т.б.

Жалғау – сөз бен сөзді байланыстырады, бірақ жаңа сөз жасмайды. Мысалы: *оқушы + лар + га, бала + мыз, ауыл + ым*.

ҚОСЫМША



2-тапсырма. Берілген сөздерді түбір және туынды (түбір мен жұрнаққа ажырайтын) сөздерге бөліп жазыңдар.

Етікші, кедей, етік, былғары, ұйқы, ісмер, адам, киім, түн, саусақ, тапшылық, кісі, сәттілік, жокшылық, би, өлең, әйел, ой, көйлек, шалбар, көз, үстел, күрте, сыйлық, біз, сен, ұйқы, сөз, жұмыс, өмір, тігіс.



3-тапсырма. Сөздерді жасалу жолына қарай топтастырындар.

Танертен, сәттілік, аң-тан, тапшылық, етікші, беті-қолы, ісмер, пішулі, жоқшылық, бірнеше, байлық, жақсылық, түн ортасы, сатып алушы, сатушы, тігіс.			
<i>Журнал арқылы</i>	<i>Екі сөздің бірігуінен</i>	<i>Екі сөздің қосарлануынан</i>	<i>Екі сөздің тіркесуінен</i>
...



4-тапсырма. Артық сөзді сызып, себебін түсіндіріңдер.

Үлгі: сатып алушы, етікші, адам. Себебі «адам» бұл қатардағы жалғыз негізгі түбір сөз.

- а) жақсылық, бақыт, өмір, арман.
- ә) қос, бір, бірнеше, төрт, екі.
- б) кішкентай, әдемі, тігулі, үлкен.
- в) етікші, көйлек, шалбар, күрте.



5-тапсырма. Үлгі бойынша берілген сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратындар.

Үлгі: жақсылық – жақсы+лық.

Балалық, түнгі, достық, ісмер, тазалық, жұмысшы, өнерлі, оқулық, сыныптас, қалалық, қысқы, аудандық, сәттілік, тігінші, шеберхана.



6-тапсырма. №28 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты табыңдар.

1. Алдаркөсенің басты арманы – *түлкі ішік/жылы үй*.
2. Алыстан көрінген адамның бай адам екендігін Алдар *үстіндегі киімінен/атының жүрісінен* біледі.
3. Алдар *ыстықтан/тоңын* келе жатқан адамдай кейіп танытады.
4. Бай үстіндегі түлкі ішіктен *жауран/ыстықтан* келе жатыр екен.



Ә Қарамен берілген сөздің мағынасын табыңдар.

1	Алдар бірде жапан далада жортып келе жатып сұмдық тонады.	<i>қатты/аздап</i>
2	Аяқ-қолының жаны кетіп, бас сұғар үйді армандайды.	<i>жылынатын/кіретін</i>
3	Сақылдаған сары аязда тонбаса, түлкі тоны бар адам ғана тонбайды.	<i>сары түсті/қатты суық</i>




Б Мәтіннен Алдардың айтқан мақал-мәтелін тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Ауылдан шыққан күні байға қонба, сайға қон.
Бай пәле болады, сай пана болады.
2. Жолдың алыс-жақынын жортқан біледі,
Дәмнің ащы-тұщысын татқан біледі.



В Берілген сөздерді екі сандыққа бөліп жинаңдар.

Түбір сөздер



Бай, тон, аттылы,
ауыл, түгін, адамдай,
дала, суық, құстай,
үй, жылы, жүйрік,
ұшқыр, ақша, көңілді,
түлкі, қасқыр, күлкі,
тесік, жылу, жел, ел,
ішік, жыртық, кісідей,
бөрік, бас, жамау.

Туынды сөздер



7-тапсырма. Сөздерді жасалу жолына қарай кестеге орналастырыңдар.

Күншуақ, атты, мәз болу, ақылды, жетпіс жеті, аяқ-қолы, бет-аузы, ешқандай, колорамал, ащы-тұщы, алыс-жақын, сексен сегіз, дәмді, аман-саулық, тастай.

Жұрнақ арқылы	Екі сөздің бірігуінен	Екі сөздің қосарлануынан	Екі сөздің тіркесуінен
...



8-тапсырма. Берілген сөйлемдер неше мағынада қолданылады? Әр мағынасына жеке-жеке сөйлем құрап жазыңдар.

Жас, қас, түс, асық, жақ, бақ, алма



9-тапсырма. Берілген сөздерден жұрнақ арқылы жасалған сөздер мен жалғау жалғанған сөздерді екіге бөліп жазыңдар.

Сықыр, сықырмен, сықырға, сықыршы, сықыршылық, сықырлық, сықырлы, сықырдың.

Ағаштар неге ашуланды?

Туынды сөздердің жасалу жолдары

Біз бұл сабақта:

- 1) қоршаған ортаны аялауды үйренеміз;
- 2) қазақ тіліндегі туынды сөздер туралы;
- 3) туынды сөздердің жасалу жолдары жайлы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Мектепте көшелерді көгертіп, ағаш отырғызу апталығы басталды. Оқушыларды түгел қызықтырған бұл бастама тек Алмабекке ұнамады. Бірақ жұрт бір кісідей жұмылып кіріскен істен Алмабек шетте қала алмады. Өз сыныптастарымен бірге тоғайға да барды. Бірнеше жас тал, терек, қайың әкеліп, басқалардың үлгісімен терезе тұсынан тізіп отырғызды.



Жаз шықты. Көктемде отырғызған ағаштардың жапырақтары желкідеп, бойлап өсе бастады. Солардың арасында Алмабек отырғызған ағаштар ешбір күтім көрмеген соң, тамырланып кете алмай, шөгіп, шала-жансар жұтап тұрды. Бұл қайғылы халді самал жел өзен бойындағы орманға жеткізді.

Бір күні Алмабек жолдастарымен бірге өзенге шомылуға барады. Олар шешініп те үлгермеді еді. Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара бұлт басып кетеді. Азынап жел тұрды. Балалар сасқалақтап үйлеріне қарай жүгіре жөнеліседі.

Дәл осы уақытта адам айтса нанғысыз ғажап оқиға болды. Орман іші азан-қазан жаңғырып кетті. «Ә, бәлем, Алмабек, қолымызға түстің бе?» деген ашулы дауыстар жамырап естіледі.

Алмабекте ес қалмады. Бірнеше солқылдақ көк шыбық жотадан шып-шып еткізіп, шарпып өтті.

– Сендерге мен не жаздым?! – деп, Алмабек жылап жіберді. Сол кезде көп жасаған орман атасы кәрі Еменнің гүжілдеген жуан даусы естілді.

– Сенің жазығың сол – біздің бірнеше жас шыбығымызды үйінің қасына отырғызбақ болып, қазып әкетіп едің, нағыз азап халге салып қойыпсың. Ағаштан көрген не жамандығың бар? Жаздығүні

Түсіндірме сөздік

Қопсыту – жұмсарту, босату.

Сая – ағаштың көлеңкесі.

ыстықта саямызға паналайсың. Қыстыгүні бораннан қорғаймыз. Астындағы орындығың мен алдындағы үстелің, қалам-қағазына дейін – бәрі ағаштан істеледі. Үйіңе қабырға болып та қаланамыз. Сен осыны неге түсінбейсің, неге бағаламайсың? – деді қарт Емен.

– Кешіріңіздер. Мен отырғызған ағаштарымды бүгіннен бастап мәпелеп, күтуге уәде беремін, – деді Алмабек.

– Жарайды, – деді қарт Емен, – Олай болса, бар үйіңе.

Алмабек үйіне келді. Дереу күрек алып, ағаштардың түбін қопсытты. Арықтан су әкеп құйды. Күрт түспес үшін ағаш дінгегінің түп жағын әкпен ақтап қойды. Аз күнде ағаштар қайтадан жанданды.

Б.Соқпақбаев



А Мәтінді бөліктерге бөліңдер. Кестені толтырыңдар.

Мәтін бөлімдері	Негізгі ой
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	



Ә Мәтіннің мазмұнын қорытындылауға болатын мақал-мәтелді көрсетіңдер. Таңдауларыңды дәлелдеңдер.

- | | |
|---|---|
| 1. Еңбек мұратқа жеткізеді,
Жалқаулық абыройды кетіреді. | 2. Ағаш тамырымен мықты,
Адам дос-жаранымен мықты. |
|---|---|



Б Қарамен берілген сөздің мағынасын көрсетіңдер.

1	Жұрт бір кісідей жұмылып кіріскен істен Алмабек шет қала алмады.	қосылды/сырт қалды
2	Адамдар жаздыгүні ми қайнатқан ыстықта ағаштың саясын паналайды.	қатты/желді
3	Орман болса ауылдың тап іргесіне тиіп тұр.	қатар/жақын
4	Осы уақытта адам айтса нанғысыз гажап оқиға болды.	сенетін/сенбейтін
5	Ешбір күтім көрмеген ағаштар тамырланып кете алмай, шөгіп, шала-жансар жұтап тұрды.	құрап, сусан/жайқалып

ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

Қазақ тілінде сөздер түбір сөздер және туынды сөздер деп бөлінеді.

Туынды сөздер дегеніміз – жұрнақ жалғану арқылы негізгі түбірден жасалатын сөздер. Мысалы: *кітап – кітапхана*.

Туынды сөз түбір сөзден ғана жасалып қоймайды, туынды сөздердің өздерінен де өрби береді. Мысалы, *біл → білім → білімпаз → білімпаздық*.



2-тапсырма. Туынды сөздердің астын сызындар.

Көктем, ағаш, апталық, мектеп, орындық, емен, оқушылар, орман, көше, терезе, кешегі, аққайың, дінгек, бұтақ, қыстақ, шыбық, тамыр, алқап, бұлт, боран, үстел.



3-тапсырма. Артық сөзді сызындар. Себебін түсіндіріңдер.

- а) әдепті, ақылды, жалқау, тәртіпті
- ә) үстел, қалам, орындық, қағаз
- б) білім, білгіш, біл, білімпаз
- в) дінгек, бұта, емен, қайың



4-тапсырма. Сызбада көрсетілген сөздерді тіркестіріп, пайда болған тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Берілген сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратып, мағынасын түсіндіріңдер.

Биші, биле, билеу, билеуші.



6-тапсырма. №29 аудионы тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

1. Атақты Әулікөлге жақын жерде ... бар.
2. Бір-бірімен бітесіп өскен қайыңдар ... қатты таңғалдырады.
3. Бурабай маңындағы ауылдың жастары ... жиналады екен.

Байқоңыр

Күрделі сөздер. Біріккен сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) күрделі сөздер және олардың түрлерімен;
- 2) біріккен сөздер және олардың жасалу жолдарымен;
- 3) Байқоңыр қаласы туралы қиялдан туған әңгімемен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

... Қамбар екі апта жол жүріп, Айлақ деген қалаға жетеді. Ол бұл қалаға келген адамдардың не себепті кері оралмайтынын білгісі келеді. Бірақ бір күн жүріп, ешбір адамды таппайды. Содан бұл жерден қайтайын десе, жолдан адасып қалады. Ол: «Енді отбасымды көрмеймін, туған жеріме қайтып оралмаймын ба?» – деп ойланып отырады да, ұйықтап кетеді. Ертеңінде оянса, бір үйде ұйықтап жатыр екен. Үйден шықса, бұл қалаға келген адамдардың барлығы осында екен. Ол қуанып бәрімен амандасып, мән-жайды сұрастыра бастайды.

Түсіндірме
сөздік

Құбыжық – табиғаттағы жан-жануарлардың ешқайсысына ұқсамайтын қорқынышты мақұлық.

Сол кезде бір қарт адам: «Балам-ау бұл жер, әрине, әдемі, жақсы және ең маңыздысы – бұл жерде тұратын адамдар ешқашан қартаймайды. Бірақ, ең жаманы, бұл жерден бізге шығуға болмайды. Бұл жерде бір құбыжық бар. Бірақ өте мейірімді құбыжық. Мұнда тірі жан болмағанын біліп, «адамдар қоныстансын, қартаймасын» деген оймен біздің ғаламшарымызға келген екен», – дейді. Сонда Қамбар: «Онда неге біз бұл арадан шығып басқаларды шақырмаймыз?» – дегенде, әлгі құбыжық келіп: «Мен сендерді жіберсем, сендер басқа адамдарды шақырасыңдар, ал олар бұл жерге қызығып, осында келгісі келеді. Бәрі келгенде адам саны көбейіп, бұл Айлаққа сыймай кетеді», – деп жауап қайтарады.

Біраз жыл өткеннен кейін құбыжық: «Енді мен өз ғаламшарыма қайтайын. Бұл жерде барлығы сол қалпы қалады, тек адамдар қартаяды», – деп, өз ғаламшарына ұшып кетеді.

Сөйтіп, Қамбар адамдарды алып ауылға қайтады. Туыстары оларды көріп қуанып, үлкен той жасайды.

Қазір бұл мекенде Байқоңыр ғарыш айлағының орналасуы осы оқиғаға байланысты деген болжам бар.

Д.Жүхетқызы



А Құбыжықтың іс-әрекетіне қарап, оны сипаттаңдар.



Ә Қарамен берілген сөздерді сөйлем мағынасы өзгермейтіндей басқа сөздермен алмастырып жазыңдар.

1	Айлақ қаласы туралы бір киял-ғажайып әңгіме бар екен.	адам сенгісіз
2	Қалаға аяқ басқан адамның барлығы қаладан қайтып оралмайшы екен.	
3	Бұл жердегі ең жақсы және ең маңызды нәрсе – осында тұратын адамдардың ешқашан қартаймауы .	
4	Құбыжық бұл жерде бұрын тірі жан болмағанын біліп, «осында адамдар қоныстансын » деп ойлайды.	



Б Сөйлемдерді оқып, түбір сөздерді тауып жазыңдар.

Байқоңыр – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында орналасқан ғарыш алаңы. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы ескерілді.



2-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен туынды сөздерді тауып, оларды түбір мен қосымшаға ажыратыңдар.

Әңгіме, ғасыр, апта, жаналық, ғарыш, қарапайым, әдемі, ғарышкер, қарт, мейірімді, сұлулық, ғаламшар.

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР. БІРІККЕН СӨЗДЕР



Есте сақтаңдар!

Екі сөзден құралып, бір сұраққа жауап беретін, бір ұғымды білдіретін сөздер **біріккен сөздер** деп аталады. Біріккен сөздер бірге жазылады.

– қысқарған сөздер: **ҰБТ** (ұлттық бірыңғай тест), **БАҚ** (бұқаралық ақпарат құралдары) т.б.

– тіркесті (тіркескен) сөздер: *көркем шығарма, туган жер, құдайы қонақ, төрт түлік, үй жұмысы* т.б.

Күрделі сөз дегеніміз – кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, бір сұраққа жауап беріп, бір мағына беретін сөз.

Күрделі сөздердің төрт түрі болады:

– қос сөздер: *ел-жұрт, бала-шаға, құрт-құмырсқа* т.б.

– біріккен сөздер: *бәйтерек, тасбақа, тікұшақ, күнтізбе* т.б.



3-тапсырма. Өздерің білетін күрделі сөздерді еске түсіріп, кестеге орналастырыңдар.

Біріккен сөздер	Қос сөздер	Тіркесті сөздер



4-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді пайдаланып, біріккен сөз жасаңдар.

Үлгі : бал + мұздақ – балмұздақ

Ақ, әуе, бал, қол, бағдар, шаң,
дүнне, қыл, бақ, ғалам

сорғыш, тану, бақ, жай, сақал,
мұздақ, шатыр, шар, шам, қобыз



5-тапсырма. Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, біріккен сөзден тұратын атауларды жазыңдар.

1	<i>Адам аттары</i>	Айсұлу, Ерсұлтан, ...
2	<i>Өсімдік аттары</i>	Алабота, ...
3	<i>Қала аттары</i>	Талдықорған, ...
4	<i>Тау аттары</i>	Алатау, ...



6-тапсырма. Артық сөзді сызып, себебін түсіндіріңдер.

- а) теңіз, мұхит, өзен, жағажай
- ә) ұшак, тікұшак, әуежай, жолсерік
- б) туған жер, төлқұжат, елтаңба, түпнұсқа
- в) автобекет, жанкүйер, бағдаршам, құбыжық
- г) биыл, итаяқ, аққұтан, өнеркәсіп, жалақы
- ғ) бау-бақша, саябақ, бақшасарай, балабақша



7-тапсырма. №30 аудионы тыңдаңдар.



A Дұрыс жауапты таңдаңдар.

1. Ғарыш кемесі «Байқоңыр»/«Кибер» деп аталады.
2. Экипаждың бесінші мүшесі механик/жасанды адам болатын.
3. Ғарыш кемесінде кенет «апат»/«көмек» аппаратының кернейі дабыл қақты.
4. Экипаж мүшелері әлем картасына /компьютерге үнілді.
5. Командир ғарыш кемесін ең жақын деген сарғыни ғаламшарға/ Жерге бұруға бұйрық берді.



Ә Мәтінді қайта тыңдап, екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңдер.

жасанды	оқиға
электрондық	заңы
ғажайып	адам
тартылыс	ми
жана	ғаламшар




8-тапсырма. Берілген қанатты сөздерді топ болып талқылаңдар. Ішінен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын көрсетіңдер.

1. Фантазия – өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі дінгегі. Ол ақылды кеңейтеді. Фантазиясыз жанадан бір нәрсені ойлап табу мүмкін емес. (М.Жұмабаев)
2. Дүниені қиял-ойдың күші шыр көбелек айналдырады. Істеген амалдарыңның барлығы, ең алдымен, қиял-ойдан бастау алады. (А.Эйнштейн)



9-тапсырма. *Кім татқыр ?!* Сөзжұмбақты шешіп, жасырын сөзді табыңдар.



1. Екі сөздің бірігуінен жасалатын күрделі сөз.
2. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша.
3. *Ойыншықтың* сөзінің негізгі түбірі.
4. Жаңа сөз тудырушы қосымша.
5. *Еңбекқордың* сөзіндегі буын үндестігіне бағынбай тұрған жұрнақ.
6. *Қаңтарда* сөзінің түбірі.
7. Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалатын сөздер.
8. Кемінде екі сөзден құралып, бір сұраққа жауап беретін сөздер.

Бала қиялы

Тіркесті күрделі сөздер. Қос сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) уәдеде тұрудың жақсы қасиет екендігі туралы;
- 2) тіркесті сөздер және олардың ерекшеліктері жайында;
- 3) қос сөздер және олардың түрлері туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Біраз әлденіп алғаннан кейін Сұлтан екеуміз балықтарды соя бастадық. Күн кешкіріп, тоғай ішін көлеңке басып кетті.

Сұлтан кенет:

– Қара Көже, қаракшы болғың келе ме? – деп сұрады.

– Қайтіп?

– Осы араның бір жерінен көрінбестей етіп күрке жасап аламыз. Балықты мол етіп кептіріп жайып тастаймыз. Кейде, мүмкін, жолға шығып, кісі тонаймыз. Бұрынғы қаракшылар қайтіп өмір сүрсе, біз де сөйтеміз.

– Біздің ыдыс-аяқ, ештеңеміз де жоқ қой?

– Оның бәрін үйден әкеп аламыз, – деді Сұлтан. – Бұл бір керемет болар еді ғой.

– Мен оқуды қайтем?

– Оқуынды оқи бер. Біз күндіз емес, түнде қаракшылық істейміз.

Сұлтанның идеясы мені қызықтырып жіберді. Иә, бұл, шынында да, ғажап болар еді-ау. Шіркін, бір түнде Жанарды да ұрлап әкелер едік. Ол бізге ас пісіріп, кірімізді жуып берер еді.

Балықтарды сойып болғаннан кейін әдемілеп тұрып шыбыққа тіздік. Содан кейін маңайдан күрке жасайтын ыңғайлы жер іздей бастадық. Ондай ыңғайлы жер судың дәл жағасынан табыла кетті. Іт тұмсығы батпайтын жыныс, көк талдың арасы. Талдың желкілдеген ұштарын шырмап, айнала тоқып тастап едік, ұядай ғана әдемі қуыс пайда болды. Оның оймақтай аузынан бір кісі еңбектеп әрен сыяды.

– Қатып кетті! Өмір деп, міне, осыны айт. Ей, Қара Көже! Өмір бойы көрмеген рақатыңды көрсететін болдым-ау. Бірақ Қара Көже, біз мынаған келісейік: ендігәрі бір-бірімізге жаздағыдай опасыздық істемейік. Шын, адал дос болайық. Қаракшылар бірі үшін бірі жанын қиюға тиіс. Кәне, әкел қолыңды!



Түсіндірме сөздік

Күрке – шағын баспана, лашық.

Опасыздық – мұнда: сатқындық.

Қарақшылық – тонаушылық.

Сұлтан екеуіміз қол алыстық, шынашақ ілмелестірдік. Сұлтан оны сол қолының алақанымен қырынан бір қойып үзді де:

– Токта, біткен жоқ, – деп, шөпшек ағашпен жерге дөңгелек сыза бастады.

– Бұл не?

– Бұл – қызыл ошақ. Кімде-кім сертті бұзатын болса, о дүниеде тозақта шыжғырылады.

Дөңгелектің ортасын айқастыра Сұлтан сызықтар жүргізді. Сонан соң етпетінен жата түйіскен жеріне мандайын тигізді. Бұл ырым-

калып, сол сызықтардың ды мен де істедім.

Б.Соқпақбаев



А Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес аяқтап жазыңдар.

1. Күн кешкіріп, тоғай ішін көленке басқан кезде,
2. Сұлтанның идеясы Қожаға ұнады, себебі
3. Кейде жолға шығып, кісі тонаймыз, өйткені
4. Судың дәл жағасындағы көк талдың арасынан ыңғайлы жер тауып,
5. Сұлтан мен Қожа шын, адал дос болуға келісті, сөйтіп
6. Жерге сызылған дөңгелек бұл –
7. Сертті бұзуға болмайды, ал сертті бұзған адам
8. «Шіркін, бір түнде Жанарды да ұрлап әкелер едік» деп



Ә Мәтіннен туынды сөздерді тауып, кестені толтырыңдар.

Туынды сөздер:	Сұрағы:	Мысалы:
<i>Ұядай</i>	<i>Қандай?</i>	<i>Ұядай әдемі күрке жасап алдық.</i>

ТІРКЕСТІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР. ҚОС СӨЗДЕР

ТІРКЕСТІ СӨЗ

Екі я одан да көп сөзден құралып, бір ұғымды білдіретін, бір сұраққа жауап беретін күрделі сөздер **тіркесті сөздер** деп аталады. Мұндай сөздер мағынасы жағынан бір ұғымның атауы болып келеді, бірақ бөлек жазылады. Мысалы: *сөз таттары, қара торы, үш жүз* т.б.

Қос сөз дегеніміз – екі сөздің қосарлануы немесе қайталануы арқылы жасалып, бір ұғымды білдіретін сөздер. Қос сөздер дефис арқылы жазылады.

Қосарлама қос сөз екі сөздің қосарлануынан жасалады: *ата-ана, құрт-құмырсқа, күні-түні, үлкенді-кішілі*.

Қайталама қос сөз бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалады: *сөйлей-сөйлей, төбе-төбе*.

Бірқатар қос сөздердің екінші сынары жеке қолданылмайтын, мағынасыз сөздер болып келеді: *бала-шаға*.



2-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен тіркесті сөздерді теріп жазыңдар.

Жақсы көру, жпырма бес, әдемі күрке, екі дос, қызыл ала, жедел жәрдем, еңбек ету, қызмет ету, қазақ тілі, жақсы оқушы.



3-тапсырма. Күрделі сөздерді тауып жазыңдар.

Жүз жыл, ас пісіру, тіл білімі, өнерпаз бала, отыз алты, ауа райы, қызық кино, оқушылар сарайы, қатты жел, жаттығу залы.



4-тапсырма. Қос сөздерді жасалуына қарай екіге ажыратыңдар.

Ел-жұрт, топ-топ, көзбе-көз, жалт-жұлт, ірі-ірі, үлкен-кіші, киім-кешек, қысы-жазы, дір-дір.



5-тапсырма. Қос сөздерді сынарларына қарай кестеге топтап жазыңдар.

Әке-шеше, бала-шаға, ағайын-туыс, ығы-жығы, құрт-құмырсқа, қазақша-ағылшынша, мыж-мыж, асты-үсті, бақа-шаян, кей-кейде, сүт-мүт, береке-бірлік, сөзбе-сөз, сарт-сұрт, тәп-тәтті, жып-жылы, тым-тырыс, ұрыс-керіс, аяқ-табақ, пыш-пыш.

Екі сынары да мағыналы қос сөз	Бір сынары мағыналы, екінші сынары мағынасыз қос сөз	Екі сынары да мағынасыз қос сөз
...



6-тапсырма. №31 аудионы тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұны бойынша дұрыс жауапты белгілеңдер.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	2	3	4
1	Оқиға ертедегі Парсының бір қаласында болған.	✓	
2	Аладдиннің әкесі тігінші болған.		

1	2	3	4
3	Көпес Аладшiнге камқор болады.		
4	От жаққан жер қызып, қақ жарылады да, төменге түсетiн басқыш көрiнедi.		
5	Аладшiн шамды алып, баспаздақпен сыртқа шығады.		
6	Аладшiн ызаланып, қолындағы шамды ысқылағанда, құмырадан дәу жын шығады.		
7	Жын Аладшiндi үйiне жеткiзiп, аштықтан сақтайды.		



Ә Мәтiн кейiпкерлерiнiң iс-әрекетiне қарап, берiлген сипаттамалардың кiмге тән екенiн көрсетiңдер.



7-тапсырма. Кестенi үлгiге сәйкес толтырып жазыңдар.

Үлгi : Тiгiншi – туынды сөз.

Сөздер	Түбiр сөз	Туынды сөз	Тiркестi сөз	Бiрiккен сөз	Қос сөз
Тiгiншi		+			
Көршi-қолан					
Қара торы					
Спқыршы					
Бүлдiрген					
Латын тiлi					
Жержанғақ					
Оқу-бiлiм					
Сырдария					
Ағылшын					
Ашық сабақ					

Менің сайгүлігім

Қысқарған сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) сайгүліктер туралы;
- 2) қысқарған сөздер туралы;
- 3) қысқарған сөздердің жасалу жолдары туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Сен қалай ойлайсың? Бірге талқылайық.



Суретші болу үшін не қажет?

1. ...

2. ...

3. ...




2-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Осы сендерге «Бейнелеу өнері» деген сабақ ұнай ма? Маған ешқашан ұнаған емес. Қазір фотоаппарат дегенді екінің бірі ұстап жүр. Одан қалса, ұялы телефонда фотокамера тағы бар. Сурет керек пе, «шырт» еткіз де, түсіріп ал. Ал қолмен сурет салу деген – біріншіден, қағазды былғау, екіншіден, бояуды ысырап ету, үшіншіден, алтын уақытты жоғалту.

Өткенде мұғалім ағай бізге «Қиялымдағы сайгүлік» деген тақырыпта сурет салуды тапсырды. Қызық өзі, алдымен: «Шіркін, ер қанаты – ат!» – деп тамсанып алды. Сосын сынып ішін бір шолып шықты да:

– Биыл Жылқы жылы, балалар! Алпамыстың Байшұбарындай, Қобыландының Тайбурылынд ай, Кендебайдың Керкұласындай қас тұлпарды ерттеп мініп, желмен жарыса шабуды армандамайтын бала бар ма? Түсіріңдер сол арманды ақ қағаздың бетіне! – деді.

Қанша жерден қиялдасам да, көз алдыма оскырынған тірі тұлпарды келтіре



Түсіндірме
сөздік

Ысырап ету – шашылып-төгілуден болған шығын.

Қиял – орындалуы қиын арман, тілек.

Сайгүлік – жүйрік ат.

алмадым. Есесіне, «Роллс-Ройс», «Феррари», «Бентлилер» көз алдымда көлбеңдей берді. Тіпті, тәтті қиялға берілгенім соншалық, темір тұлпардың бейнесін қағаз бетіне қалай түсіргенімді байқамай қалыппын.

Кенет... «Ей, мынауың не?» – деген дауыс селк еткізді. Жалт қарасам, ағайым төбемнен төніп тұр екен.

– Ағай, не ғой... Қиялымдағы сайгүлік... – дедім мінгірлеп.

Елдің назары маған ауды. Алдымда отырғандар бері бұрылып, артымдағылар мойнын созып, біреулер орындарынан тұрып кетті. Айнала күбір-сыбыр, шік-шік күлкі...

– Ағай, бұл – абстракция! Ол өмірді өзгеше көреді! – деп қалды сол арада қу тілді сыныптастың бірі.

Балалар ду күлді. Мен болсам:

– Иә, ағай, сол әлгі не ғой... Жылқыны осылай елестетіп... – деп сасқан үйректің керін келтірдім.

Ағай сәл ойланып тұрды да:

– Әй, жарайсың! Неткен қиял десеңші! Нағыз суретші осындай болуы керек! Әкел күнделігіңді. «Бес» қоямын! – деді.

Қуанғаным-ай сонда! Күнделігімді ағайдың қолына ұстата салдым. «Әрі қарай не болды?» дейсіңдер ме? Сұмдық болды! Ағайдың «бес» орнына сүп-сүйкімсіз, белі бүкшіген «екілікті» күнделікке қонжита салғаны.

– Ағай, неге алдайсыз? Мынау – «екілік» қой! «Бес қоямын!» дедіңіз ғой жаңа ғана!

– Қайдағы «екілік»? Сенің көзіңе солай көрініп тұрған шығар? Ал менің көзім «бесті» көріп тұр. Абстракция! – деді ағай.

«Ұлан» журналынан



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бейнелеу өнері сабағы мәтін кейіпкеріне неге ұнамайды?
2. «Сурет салу – алтын уақытты жоғалту» деген пікірмен келісесіңдер ме?
3. Оқушы бала неге қанша қиялдаса да, сайгүлік атты көз алдына елестете алмады?
4. Оқушы неге тұлпардың орнына «темір тұлпар» салды деп ойлайсыңдар?
5. Сурет салудың қандай пайдасы бар?
6. Қазақ халқы не себепті жылқы малын ерекше қадірлеген?
7. Мәтінде қандай батырлардың аты аталады?



Ә Қарамен берілген сөздерді сөйлем мағынасы өзгермейтіндей басқа сөздермен ауыстырып жазыңдар.

1	Қазір фотоаппарат дегенді екінің бірі ұстап жүр.	Қазір фотоаппарат дегенді <i>елдің бәрі</i> ұстап жүр.
2	Мұғалім көзілдірігінің үстінен сүзе қарап, сынып ішін бір шолып шықты .	
3	Елдің назары маған ауды.	
4	Ағайдың «бес» орнына сүп-сүйкімсіз «екілікті» күнделікке конжита салғаны .	



Б Мәтіннен күрделі сөздерді табыңдар.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Күрделі атаулардың белгілі тәсілдермен қысқартылып айтылуы **қысқарған сөздер** деп аталады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы – ҚР, сантиметр – см, килограмм – кг.*

– Күрделі атау құрамындағы сөздер бас әріптерден құралады, оларға қосымша дефис (-) арқылы жалғанады: *БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы, АҚШ-тың (Америка Құрама Штаттарының);*

– Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің бас буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады: *ҚазҰМУ – Қазақ ұлттық медицина университеті.*

– Әртүрлі өлшемнің атаулары: *м (метр), см (сантиметр), кг (килограмм), т (тонна), га (гектар), ц (центнер)* тәрізді белгілер де қысқарған сөздерге жатады. Бұл сөздер кіші әріппен жазылады.



3-тапсырма. Сөздерді қысқартып жазыңдар.

№	Толық атауы	Қысқартылған атауы
1	Дүниежүзілік сауда ұйымы	
2	Бұқаралық ақпарат құралдары	
3	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы	
4	Ұлттық бірінғай тестілеу	
5	Біріккен Ұлттар Ұйымы	
6	Километр	
7	Миллиметр	



4-тапсырма. Қысқарған сөздерге қажетті қосымшаны жалғап, екі бағандағы сөздерді тіркестіріңдер.

Бес см ...	оқу
1200 км ...	қысқа
ҰБТ ...	жоғары ұпай жинау
ҚазҰУ ...	ұшу



5-тапсырма. №32 аудионы тыңдаңдар.



А Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкестендіріп аяқтаңдар.

1. Мун Сиктің анасы таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, бірақ
2. Мун Сик анасына көмектесуді ұйғарады, сөйтіп
3. Жолда келе жатқанда Мун Сик жап-жас бұғыны кездестіреді, ол
4. От сияқты жанып тұрған гүл – жень-шень, Мун Сик
5. Бұғы кеткен соң үстелдің үстінде
6. Мун Сиктің бұршақтарға қолын тигізуі сол екен, –
7. Мун Сик пен шешесі енді қиыншылық көрмейді, оларға бұғы



ә Қарамен жазылған сөздерге мәндес сөздерді тауып жазыңдар.

Жесір әйел күн санап **жүдеп**, бойынан әл кете бастайды. Мун Сик **ит тұмсығы өтпейтін** ағаштардың ішімен келе жатады. Бір кезде бұғы бір секіріп, **көзден ғайып** болады. Анасы **шипна** өсімдіктің бір кесе тұнған суын ішіп, жазылып кетеді. Енді Мун Сик пен **шешесі** өте жақсы тұратын болады.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сөзжасам дегеніміз не?
2. Жаңа сөздер қалай жасалады?
3. Түбір мен қосымша деген не?
4. Туынды сөздер қалай жасалады?
5. Күрделі сөздердің неше түрі бар?
6. Қос сөздердің қандай түрлері бар?
7. Тіркесті сөздер қалай жасалады?

7-бөлім

КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ



Алыс жол алғашқы қадамнан басталады.

Мәтел

- Негізгі және көмекші сөздер
 - Сөз таптары
 - Зат есім
 - Зат есімнің түрлері
- Зат есімдердің жасалу жолдары



Әлемдегі алғашқы көлік

Негізгі және көмекші сөздер

Біз бұл сабақта:

- 1) әлемдегі алғашқы көлік түрлерімен;
- 2) негізгі және көмекші сөздермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.



Жер бетіндегі ең алғашқы автокөлік Францияда пайда болған. Инженер-механик Николас Джозеф Кагнот пен әскери механик Брезин өздеріне дейін іске асырылмаған күрделі жобаны қолға алып, бұмен жүретін тұңғыш көліктің үлгісін құрастырып шығарды. Алайда бұл алғашқы көліктің жылдамдығы өте баяу болатын, ол сағатына бар болғаны 4 шақырым ғана қозғалған. Дегенмен бұл көліктің артықшылығы 5 тонна жүкті тасымалдай алатын еді. Тежегішіндегі ақаудың салдарынан көлік бірнеше рет жол апатына ұшырайды. Нәтижесінде Франция билігінің шешімімен 1771 жылы көліктің шығарылуы тоқтатылды.

Жанармаймен жүретін темір тұлпарды ойлап тапқан – неміс инженері Карл Бенс. Бұл үш дөңгелекті және екі орынды көлік болатын. Карл Бенстің туындысы «Атсыз күйме» деген атаумен танымал болды. Авто-

Түсіндірме сөздік

Дереккөз – мәлімет, ақпарат алынған орын.

Өнертапқыш – өндірісте техника жетістіктерінен жаңалық ашқан адам.

Жанармай – бензин, жермай, мазут сияқты сұйық отынның жалпы атауы.

көлік сырттай карағанда аты жоқ күймеге ұқсайтын. Сонымен қатар келесі бір дереккөздерде: «Жанармаймен жүретін алғашқы көлікті ойлап тапқан өнертапқыш – Зигфрид Маркус» деп көрсетіледі. Оның 1875 жылы құрастырған көлігі сағатына 15 шақырымға дейінгі жылдамдықпен қозғалған екен. Ал сағатына 100 шақырым жылдамдықпен жүретін алғашқы көлік 1899 жылы Парижде пайда болған. Оны құрастырған бельгиялық Камиль Женатци.

www.massaget.kz



А Мәтін мазмұнына сәйкес ақпараттарды көрсетіңдер.

1. Мәтін алғашқы көліктің түрлері/көлікке арналған жанармай туралы.
2. Тұңғыш автокөлік XVIII ғасырдың соңында/ XIX ғасырдың аяғында пайда болды.
3. Бүмен жүретін көліктің тежегіші әлсіз/жылдамдығы жоғары болды.
4. Сағатына 100 шақырым жылдамдықпен қозғалатын көлік алғаш рет Бельгияда / Францияда / Италияда пайда болды.



Ә Қарамен жазылған сөздің мағынасын табыңдар.

Баяу қозғалу	а) шапшаң;	ә) ақырын;	б) жылдам.
Тиімді автокөлік	а) қажет;	ә) қымбат;	б) қолайлы.
Тұңғыш көлік	а) бірінші;	ә) соңғы;	б) екінші.
Темір тұлпар	а) темір ат;	ә) автокөлік;	б) аты бар арба.

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ СӨЗДЕР

Қазақ тіліндегі сөздер мағынасы мен қызметіне қарай екі үлкен топқа бөлінеді: негізгі сөз және көмекші сөз.

Негізгі сөздер заттардың, құбылыстардың, олардың түр-түсінің, сан-сапасының, мезгіл-мекенінің, іс-қимылының атын білдіреді. Негізгі сөздер белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлемде өздігінен сөйлем мүшесі қызметін атқара алады. Мысалы: *Күн, Жер, кітап, гүл, он, кел, жақсы, боран, бүгін, көк, сегіз, ана, бауыр* т.б.

Көмекші сөздер сөйлемде өздігінен сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды және ешқандай сұраққа жауап бермейді. Олар негізгі сөздермен тіркесіп, тіркескен сөзінің мағынасын толықтырады, сөз бен сөзді байланыстырады. Мысалы: *де, үшін, дейін, туралы, соң, арқылы, және, әрі* т.б.

Есте сақтаңдар!

Сөздің құрамын, сөз таптарын қарастыратын тіл білімінің бір саласы *морфология* деп аталады.





Б Мәтіннен көмекші сөздерді тауып, оларды тіркескен негізгі сөздерімен бірге көшіріп жазыңдар.

Ұлағ : үшін – жету үшін.



В Мәтінге сүйеніп кестені толтырыңдар.

Заттың атын білдіретін сөздер	Заттың санын білдіретін сөздер	Қимылды білдіретін сөздер
...



Г Екі бағанды сәйкестендіріп, сөйлем құраңдар.

Қозғалтқыш	үшін
Шақырымға	ғана
Автокөлік	арқылы
Бүмен	кейін
XVIII ғасырдан	дейін





2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Жолға шықсаң, жолдасыңның жүгі болма, жұбы бол.

2. Жол қуған қазынаға жолығады, Сөз қуған бәлеге жолығады.



3-тапсырма. Берілген сөздермен тіркесетін көмекші сөздерді тауып жазыңдар.



4-тапсырма. №33 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

1. Кемелер айлақтар мен порттарға ... бойынша кіреді.
2. Кемелер ... қарай бірнеше түрге бөлінеді.
3. Авиатасымалдаушы кеме ұшақтарды алып жүретін ... кеме болып табылады.
4. Қазіргі «Норвегия» жолаушылар кемесінің ұзындығы ... метр болады.
5. Жолаушыларды көліктерімен бірге алып жүретін кеме ... деп аталады.
6. Ішіне 3000 адам мен 410 көлік сыятын швед кемесі ... деп аталады.
7. Су астында бірнеше ай жүретін кемеде арнайы ... болады.
8. Сүңгуір қайықтар ... жұмыстарына қолданылады.



Ә Көмекші сөздерді табыңдар.

1. Кеме – жолаушылар мен жүк таситын ең танымал су көлігінің бірі.
2. Кейбір кемелер жүк тасымалдаумен ғана айналысады.
3. Мұхиттың өте терең жерлерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде сүңгуір қайықтар қолданылады.



5-тапсырма. Оқық, қызық!

«Титаник» – Ирландияда құрастырылған жолаушылар кемесі. Бұл су көлігі сол заманғы ең үлкен, ең әдемі және жолаушыларға барлық жағдай жасалған кеме болды. Титаниктің ұзындығы 275 метр, салмағы 46 мың тонна болған.



1912 жылы 10 сәуірде Нью-Йоркке бағыт алған алғашқы сапарында Британия мен АҚШ туын желбіретіп шыққан әйгілі кемеңіз палубасында 20 құтқарушы қайық болған еді. Бұл Британ кодексінің талабынан 4-ке артық болатын. Алайда кемеңіз барлық жолаушысын қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін бұл қайықтар жеткіліксіз еді. Сапар барысында кеме мұзтаумен соғылып, 1500-дей адам кемемен бірге суға батып кетеді.

www.massaget.kz



А Мәтіннен көмекші сөздерді тауып, тіркескен негізгі сөзімен бірге көшіріп жазыңдар.

Жол белгілері

Сөз таптары

Біз бұл сабақта:

- 1) жол белгілерімен;
- 2) жолда жүру тәртібімен;
- 3) сөз таптарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



Тұңғыш бағдаршам 1868 жылы 10 желтоқсанда Лондондағы Парламент ғимаратының алдына орнатылды. Алғашқы кезде екі семафорлық қанаты бар бағдаршам қолмен басқарылған. Қанатының көлбеу көтерілгені «Токта», 45 градусқа салбырап тұрғаны «Абайлап жүр» деген белгіні білдірді. Ал қараңғы түскен кезде айналмалы газшам пайдаланылды. Осылайша шамдағы қызыл, жасыл түстер арқылы жол

қозғалыстары реттелді. Бұл жаяу жүргіншілердің көшеден өтуін жеңілдетті. 1869 жылы 2 қаңтарда газбен жанатын шам жарылып, бағдаршамды басқаратын полицей жараланады. Осы оқиғадан кейін бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт қалады.

1912 жылы АҚШ-та Юта штатының тұрғыны Лестер Вайр электрмен жанатын, қызыл мен жасыл түсті 2 дөнгелек шамы бар бағдаршам ойлап табады. Ал 1918 жылдан бастап үш түс қолданыла бастады. Бағдаршамдағы түстер бекер тандап алынбаған. Қызыл түс қауіп ұғымын білдіреді әрі күндіз де, түнде де, тұман мен жауынды күні де жақсы көрінеді. Жасыл түс қызыл түстен оңай, айқын ажыратылады. Сары түс – қызыл мен жасыл түстердің арасындағы айырмашылықтың белгісі. Алматыдағы алғашқы бағдаршам 1938 жылы Панфилов және Гоголь көшелерінің қиылысына орнатылды.

www.aitaber.kz

Түсіндірме
сөздік

Семафор – теміржол бойындағы бағанаға орнатылған қозғалмалы сигнал.



А Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін артық сөзді табыңдар.

Қолмен басқарылатын екі қанатты бағдаршам үш түрлі/екі түрлі белгіні көрсеткен.

Газбен жанатын шамы бар бағдаршамды *полицей/жол көрсетуші адам* басқарған.

Күндіз де, түнде де, тұманды және жауынды күндері *сары түс/қызыл түс* жақсы көрінеді.

Алматы көшелеріне *1938 жылы/1930 жылы* алғашқы бағдаршам орнатылды.



Ә Қарамен берілген сөзге мағыналас сөзді табыңдар.

Бекер тандап алу	бастапқы
Алғашқы кездері	жіегі
Жолдың бойы	күш-қуаты жетпеу
Бағдарлаушының шамасы келмеу	босқа



Б Төмендегі сөйлемдерден негізгі және көмекші сөздерді табыңдар.

Қанатының көлбеу көтерілгені «Токта», 45 градусқа салбырап тұрғаны «Абайлап жүр» деген белгіні білдіреді. Қызыл түс қауіп ұғымын білдіреді әрі күндіз де, түнде де, тұман мен жауынды күні де жақсы көрінеді.

СӨЗ ТАПТАРЫ

Тілдегі сөздердің мағынасы алуан түрлі. Бір топ сөздер заттың атын білдірсе, келесі бір тобы заттың сындық, сандық белгілерін білдіреді: *жатырақ, бала, жылқы* – зат есімдер; *жақсы, қызық, жасыл* – сын есімдер; *отыз, он* – сан есімдер.

Қазақ тіліндегі сөздер мынадай сөз таптарына бөлінеді:

1. Зат есім (кітап, қол);
2. Сын есім (қызыл, биік);
3. Сан есім (бір, жүз);
4. Есімдік (мен, сен);
5. Етістік (бару, жазу);
6. Үстеу (тез, жоғары);
7. Еліктеу сөз (тарс-тұрс, дір-дір);
8. Шылау (үшін, туралы);
9. Одағай (бәрекемді, құрау-құрау).



2-тапсырма. Суретке қарап, шағын мәтін құрастырыңдар.





3-тапсырма. №34 аудионы тыңдаңдар.



A Өлең мазмұнына сәйкес дұрыс жауапты белгілеңдер.

1	Өлең не туралы?	теміржол/жол белгілері/өзен, көпір
2	Өлеңде қандай пішін аталмады?	үшбұрыш/шенбер/төртбұрыш
3	Қызыл түс нені білдіреді?	бұрылу/тыйым салу/кері бұрылу
4	Жолда неге көңіл бөлу керек?	қнылысқа/белгілерге/бұрылысқа



Ә Өлеңді қайта тыңдап, сөйлемдерді қажетті сөзбен толықтырыңдар.

1. Қнылыста, ..., бұрылыста түрлі-түрлі белгі бар.
2. Келесісі шеті қызыл ..., бұл белгілер ескертеді, біліп ал.
3. ... сырын еске сақтап ал, болашақта жүресің ғой талай жол.



4-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі әр сөзге сұрақ қойып, сөз таптарына талдаңдар.

1. Алыс жол атты сынайды,
Ауыр жол ерді сынайды.

2. Жолға шықпас бұрын
Жолдасыңды сайла.



5-тапсырма. Оқыық, қызық!

Жалғыз жолаушыға қызмет ететін пойыз



Жапонияның Хоккайдо аралындағы Ками-Сиратака бекеті жалғыз оқушы үшін жұмыс істейді. 2013 жылы теміржол басшылығы бұл бекеттің қызметін тоқтатқан болатын. Бірақ бекетке жақын маңда тұратын оқушы қыздың мектепке бара алмай жүргені ескеріліп, бұл бағыттағы пойыз қайта іске қосылды. Бүгінде пойыз оқушы қыздың сабақ кестесіне байланысты қатынайды. Ол қыз мектепті бітіргеннен кейін теміржол бекеті де өз қызметін тоқтатпақ.

www.massaget.kz



A Мәтіннен зат есім мен сан есімдерді теріп жазыңдар.

Тіркемелі трактор

Зат есім

Біз бұл сабақта:

- 1) қамқор бала Мақсұтпен;
- 2) зат есім және оның сұрақтарымен;
- 3) дара және күрделі, негізгі және туынды зат есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Мақсұт есімді қиялшыл қара торы бала болыпты. Өзінің ойлап таппайтын заты, армандамайтын нәрсесі жоқ. Әкесі – бесасап механизатор. Алып «К-700» тракторын ұршықша үйіреді. Күзгі егін орағы кезінде комбайнға отырады. Керек жағдайда жүк мәшинесін де жүргізеді.



Үлкен қалада тұратын Әсем әпкесі – дәрігер. Бір жолы інісіне әп-әдемі көк түсті ойыншық трактор сатып әкелді. Мақсұт қолына ұстап, алай-бұлай қарады да, есіне әлдене түскендей:

– Тіркемесі қайда? – деді.

– Көріп тұрсың, бір өзі.

– Ендеше ойнамаймын. Менің достарымда мұндай ойыншық трактор көп, бәрінің тіркемесі бар. Айтшы өзің, жалғыз трактормен не істеймін сонда?

Бұлардың әңгімелерін тыңдап отырған Аманғали аға кішкентай ұлының қасына келіп:

– Тіркемені өзім жасап беремін, – деп, қолы епті әкесі ойыншық тіркеме жасауға кірісті. Он шақты күнде тіркеме дайын болды.

Қорада үш-төрт сныр, отыз шақты қой-ешкі бар. Алты ай қыс бойына малдың жем-шөбін салатын, қарайтын – анасы. Жас тезегін тазалауға күші жетпей ме, уақыты аз ба, көбіне шетке ысырып, үйе салады. Балабақшадағы жұмысына асығады.

Әкесі үйіліп қалған малдың тезегін аптасына бір-ақ рет шығарады. Оның да қолы тие бермейді. Таңертеннен жұмысқа кетіп, қас қарайғанда оралады.

Кей кездері әжесі білегін сыбанып, жиылып қалған тезекті шығаруға кірісіп кететіні бар. Бірақ бір қайырымға келмей, белін ұстап отыра кетеді.

Түсіндірме
сөздік

Бесаспап – қолынан келмейтіні жоқ шебер.

Ұршықша үйіру – істі дөңгелетіп ала жөнелу.

Отағасы – шаңырақтың иесі, ер адам.

Жуықта Әсем әпкесі тағы телефон шалды. Үйде жалғыз отырған Максұт телефон тұтқасын көтерді. Қысқа амандық сұрасқан соң, кішкентай ұл көптен ойында жүрген өтініш-тілегін жеткізді.

– Әпке, әпке деймін?! Үйге қашан келесіз? Жакында ма?! Жаксы болды ғой! Маған трактор сатып әкеліңізші. Трактор болғанда, мал қораны тазалайтын, өзі жүретін трактор.

Әпкесі ондай ойыншық трактордың болмайтынын айтып жатыр.

– Әкелмесен, ауылға келме?! – деп қойып қалды інісі.

Содан бері Максұт әпкесін асыға күтіп жүр. Қаладан катынайтын автобус тоқтайтын аялдама жаққа жиі қарайды. Қиялында малдың тезегін шығаратын тіркемесі бар тракторға отырып, мал қораны тап-тұйнақтай етіп тазалап қойған. Енді анасы мен әжесі отағасына «Шығарып бер!» деп жалынбайды.

Т.Әбдірайым



А Мәтін мазмұнына сүйеніп, дұрыс жауапты белгілеңдер.

1. Максұттың отбасы қалада/ауылда тұрады.
2. Максұттың анасы дәріханада/балабақшада жұмыс істейді.
3. Әпкесі сыйлыққа тіркемелі трактор / ойыншық мәшине сатып алды.



Ә Сөйлемдерді аяқтап жазыңдар.

1. Аманғали аға – қолы епті, шебер кісі, ол
2. Максұттың әжесі жасы үлкен кісі, сондықтан
3. Әсем анда-санда телефон соғып тұрады, ол
4. Максұт әпкесінің келуін асыға күтіп жүр, себебі
5. Егер Максұттың тіркемелі тракторы болса, онда

ЗАТ ЕСІМ

Зат есім – заттың, құбылыстың атын білдіріп, **кім? не?** деген сұраққа жауап беретін сөз табы. Мысалы: *адам, достық, алма*.

Кім? деген сұраққа жауап беретін зат есімдерге жалпы адамға қатысты атаулар жатады. Мысалы: *Айжан, аға, әже, кісі, ана*.

Не? деген сұрақ адамнан өзге барлық жан-жануар және күллі заттар мен құбылыс аттарына қойылады.

ТҮЛГАСЫ-
НА ҚАРАЙ

Негізгі зат есім деп түбірге және жұрнаққа бөлшектенбейтін, бір ғана түбір сөз ретінде қабылданатын зат атауын айтамыз. Мысалы: *күн, адам, дала*.

Туынды зат есім — түбір және қосымшаға ажыратып көрсетуге болатын сөздер. Мысалы: *машыны, жүргізуші*.

ҚҰРАМЫ-
НА ҚАРАЙ

Күрделі зат есімдер кемінде екі я одан да көп түбір сөзден құралады. Мысалы: *тасбақа, сөз табы, ата-ана*.

Дара зат есімдер бір ғана түбір сөзден жасалады. Мысалы: *бас, ауыл, су, сиыр*.



Б Мәтіннен зат есімдерді тауып, кестені толтырыңдар.

Түбір зат есімдер	Туынды зат есімдер
Бала,	Тіркеме – тірке + ме,



В Мәтінде кездесетін зат есімдерді кестеге сәйкес екіге топтастырыңдар.

Кім?	Не?
...	...



2-тапсырма. Берілген дара зат есімдерден күрделі зат есімдер жасаңдар.

Үлгі: мал қора, ...

Мал, бота, қора, ас, перне, көз, үй, тақта, еңбек, зейнет, ақы, кітапша.



3-тапсырма. №35 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты көрсетіңдер.



Ә Берілген зат есімдерді дара және күрделі түрге топтастырыңдар.

Рельс, қозғалыс, электр қуаты, шақырым, көлік, ат арба, донғалақ, электр тоғы, бұрылыс, теміржол, энергия, болат.



Б Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Трамвай көлігінің кемшіліктері мен артықшылықтары қандай?
2. Трамвай қандай энергиямен қозғалады?
3. Алғашқы трамвайлар қалай қозғалған?



4-тапсырма. Оқыық, қызық!

Алматыдағы ерекше трамвай



Таңғажайып трамвай-кофехана – алматылық студенттердің бірегей жобасы. 1976 жылы құрастырылған чехиялық жолаушылар тасымалдайтын көлікті жоба авторлары қоғамдық демалыс әрі тамақтану орнына айналдырды. Алматы қаласының көшелерімен жүретін бұл ерекше трамвайда жалпы 27 орынды 7 үстел мен бар үстелдері орналасқан. Вагонның іші қызыл түсті, сәнді безендірілген.

www.obrazovanie.kz

Әлемдегі ерекше әуежай



Оңтүстік Кореяның Сеул қаласынан 70 шақырымда орналасқан Инчхон әуежайы – әлемдегі ірі әрі ең керемет он әуежайдың бірі. Ол 2001 жылы ашылған. Әуежайдың басты артықшылығы – ондағы ойын-сауық кешендері. Адамдардың көпшілігі әуеге көтерілу алдында қобалжып жатады. Осындай ыңғайсыздықтың алдын алу мақсатында әуежайда түрлі ойын-сауық бұрыштары ұйымдастырылған. Бұл әуежайда жүріп түрлі қызықты іс-шараларды тамашалап, ұлттық киімдерді киіп суретке түсуге болады. Тіпті арнайы орындарда бір сағаттай мызғып алуға да болады.

www.massaget.kz



А Мәтіндерден туынды зат есімдерді тауып жазыңдар.



Ә Мәтіндерден «Кім?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді табыңдар.



5-тапсырма. Өртүрлі дереккөздерді пайдаланып, өздеріңе ұнайтын көліктің (автокөлік, әуе көлігі, су көлігі) бір түріне қатысты қызықты ақпарат жинаңдар. Онда төмендегідей сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көлік қашан және қай жерде пайда болған?
2. Көліктің қандай артықшылығы бар?
3. Қандай кемшілігі бар?
4. Ол көлік қаншалықты қауіпсіз?

Метрополитен

Зат есімнің түрлері

Біз бұл сабақта:

- 1) қоғамдық көліктердің бірі – метромен танысамыз;
- 2) жалпы және жалқы зат есімдерді, деректі және дерексіз зат есімдерді бір-бірінен ажырату жолдарын үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Адам саны көп, үлкен қалалардың тұрғындары үшін ең қолайлы қоғамдық көліктің түрі – метро. «Қоғамдық көліктің рельсті түрі» деген мағынаны білдіретін француздың «метрополитен» сөзі қазір көптеген елдерде өзгеріссіз қолданылады. Әдетте, метро тұрғындар саны миллионнан асатын үлкен қалаларда салынады.

Әлемдегі 3,6 шақырымды құрайтын ең алғашқы метро 1863 жылы 10 қаңтарда Лондонда іске қосылды. Қазір бұл метро ең «қарт» метро саналады, 2011 жылы желтоқсанда Алматы қаласында іске қосылған Қазақстандағы алғашқы және жалғыз метро әлемдегі ең жас метрополитен болып табылады.

Әлемдегі метро бекеттерінің аялдамалары бір-біріне ұқсас келеді. Алайда Алматы метросындағы бекеттер бір-бірінен өзгешеленіп тұруымен ерекшеленеді. Құрылысы 23 жылға созылған Алматы метросының ұзындығы 11,3 шақырымды құрайтын 9 бекеттен тұрады және 40 метрлік тереңдікте салынған. Метрополитеннің күту алаңдары кең, жарық, таза. Пойыздардың орташа жылдамдығы сағатына 40 шақырымды құрап, жолаушыларды бір бекеттен екінші бекетке 2-3 минуттың ішінде жеткізеді. Метро қызметін тұтынушыларға 24 эскалатор, 9 желдеткіш және көтергіштер мен лифт қызметі ұсынылған.

Ал әлемдегі ең ұзын метрополитен Қытай астанасы Пекин қаласында орналасқан. Бұл метро 1969 жылы ашылып, 2012 жылы жаңа бекеттермен толықтырылды. Сөйтіп, метроның ұзындығы 442 шақырымға жетті. Пекин



Түсіндірме сөздік

Бекет – 1) қатынас көліктері, жолаушылар мен жүргіншілер аялдайтын жол бойына орнатылған орын; 2) мұнда: метростансысы.

Қадағалау – бақылау, тексеру.

метросы 16 бағытқа қатынайды және 265 бекеттен тұрады. Бұл алып метроны күніне 10 миллионға жуық жолаушы пайдаланады екен.

Қазіргі кезде әлемде ірі қалалардағы жол-көлік қозғалысында қауіпсіздігі мен жайлылығы және уақыт үнемдеу жағынан метромен бәсекеге түсетін «көлік» жоқ.

www.massaget.kz



А Мәтінге сүйеніп, ойды жалғастырыңдар.

1. «Метрополитен» – кірме сөз, ол
2. XIX ғасырдың екінші жартысында
3. XXI ғасырдың басында
4. Алматы метросының ерекшеліктері:
5. Пекин метросы
6. Метроны пайдаланудың артықшылығы:



Ә Мәтіннен сөз таптарының әрқайсысына 5 сөзден тауып, кестені толтырыңдар.

Сөз таптары	Мысалы
Зат есім	...
Сын есім	...
Сан есім	...
Есімдік	...
Етістік	...



2-тапсырма. Берілген сөздер ішінен туынды зат есімдерді теріп жазыңдар.

Үлгі : желдеткіш – желдет + кіш

Елдер, желдеткіш, қала, жүргінші, көліктер, тұтынушы, ұзындық, саяхатшы, желтоқсан, жолаушы, сөмке, халық, касса, бағдаршам, бекет, метрополитен, мүгедек, қауіпсіздік, лифт, жылдамдық, аялдама.

ЗАТ ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Жалпы есімдер дегеніміз – тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдардың атауын білдіретін зат есімдер. Мысалы: *ағаш, ат, ас, арал, арба, бас, бала, ақыл, сана, көмір, кеңсе.*

Жалқы есімдер деп белгілі бір затты арнайы, даралай атайтын зат есімдерді атаймыз. Мысалы: *Асқар, Тайбурыл, Теміртай.*

Деректі зат есім – нақтылы тануға, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімдер. Мысалы: *мысық, ағаш, дән* т.б.

Дерексіз зат есім – көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары. Мысалы: *достық, арман, тілек* т.б.



3-тапсырма. Жоғарыдағы (1-тапсырма) мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазындар, олардың жалпы атауын көрсетіндер.



4-тапсырма. №36 аудионы тыңдаңдар.



А Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сай толықтырыңдар.

1. Аспалы көпірдің негізгі жолы ілгектер арқылы ... бекітіледі.
2. Семейдегі аспалы көпір көлемі жағынан әлем бойынша ... орында.
3. Көпірдің биіктігі – ... метр, ені – ... метр, ұзындығы – ... метр.
4. Көпір пайдалануға ... 17 қазанда берілді.



Ә Берілген сөздерді төрт топқа бөліп, кестені толтырыңдар.

Семей, арқан, шынжыр, Ертіс, қала, жоспар, Кариб, жоба, көл, жүк, өзен, мемлекет, ТМД, жұрт, материал, көлік, жер сілкінісі, төзім, компания, тапсырыс, нысан, халық, уақыт, қызмет, жұрт, пойыз, бекет, шақырым, жүйе.

Жалқы есім	Жалпы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім
...



5-тапсырма. Берілген сөздерді екі бағанға (жалпы, жалқы) жіктеп жазыңдар.

Әлия, балалар, ағаш, Жайық, ауылдар, аудан, Лондон, оңтүстік, Достық даңғылы, облыс, Қаратау, көл, қыздар, Темірқазық.



6-тапсырма. Топтық тапсырма. Қазақстанның бір қаласын таңдап, оның аудандары, көшелері, зауыт-фабрикалары, мәдени орындары т.б. туралы ақпарат жинаңдар. Сол ақпараттар негізінде шағын мәтін құрастырып жазыңдар.



7-тапсырма. Төмендегі қанатты сөзден дерексіз зат есімдерді тауып жазыңдар.

Адам әрекетін ақыл, сана, сезім, жүрек билейді, сондықтан адам бойынан алдымен мейірім, рақым, әділет, шапағат, ар-ұят табылуы керек.

Ш.Құдайбердіұлы

Жолы болғыш үшеу


Зат есімдердің жасалу жолдары

Біз бұл сабақта:

- 1) қанағат, шыдамдылық қасиеттерімен;
- 2) туынды зат есімдердің жасалу жолдарымен;
- 3) сөз тудырушы жұрнақтардың ерекшеліктерімен танысамыз.



1-тапсырма. Ертегі мәтінін оқындар.



Бір карт адам ұлдарын шақырып:

– Қартайдым, қалдырар ақшам жоқ, қазіргі беретінім де арзанқол дүниелер. Осы заттарды алып, көз көріп, құлақ естімеген елді табуға аттаныңдар. Тапсаңдар, бақытты боласыңдар, – депті. Сөйтіп, үлкен ұлына әтеш, ортаншы ұлына шалғы, кенжесіне мысық береді.

Әкесі қайтыс болған соң, үлкен ұлы әтешін алып, жолға шығады. Әтешке ешкім қызықпайды. Қайда барса да, мұнарада жел айналдырып тұрған «әтешті» көреді. Ақыры бір аралға тап болады. Мұндағылар өмірі әтеш көрмеген екен, танның атқаны мен күннің батқанын ғана біледі екен.

Жігіт әтешін көрсетіп, бір түнде үш рет шақырып, уақыттың қанша болғанын білдіреді. Соңғы шақырғаны – «таң атып қалды» дегені, ал күндіз шақырса, «ауа райы бұзылады» дегені, – деп түсіндіреді.

Жұртқа әтеш ұнайды. Олар:

– Әтешінді сатпайсың ба? – деп сұрайды.

– Бір есекке жүк болатын алтын берсеңдер, сатамын, – дейді.

Арал тұрғындары қолма-қол сұрағанын береді.

Ағасы оралғанда, інілері оның олжасына таңғалады.

Ортаншы жігіт:

– Шалғымды қолыма ұстап, мен де жолға шығамын, – дейді. Қайда барса да шалғы ұстаған шаруаларға жолығады. Әбден үміті үзілерде бір аралға тап болады. Арал тұрғындары бұрын шалғы көрмепті. Жігіт егіске барып, бидайды шалғымен ора бастайды. Қимылына көз ілеспей, бидайды лезде бітіреді. Арал тұрғындары ауыздарын ашып тұрып қалады. «Кұралынды сат» деп жігітке жалынады.

– Бір атқа жүк болатын алтын беріндер, – дейді. Сұраған алтынын алып, жігіт кері қайтады.

Ортаншы ағасы оралған соң, кенже ұл да мысығын алып жолға шығады.

Жігіттің мысығын апармаған жері қалмайды, барған жерлерінде мысық көп екен. Ақырында жігіт кемеге мініп, теңізге кетеді. Бірнеше күн өткенде бір аралға жетеді. Аралда тышканның көптігі сондай, тал түсте өріп жүреді екен. Мұны көрген жігіт мысығын жерге жібереді. Мысық лезде король сарайын тышқаннан тазартады.

Сол-ақ екен, арал тұрғындары:

– Мысықты сатып алыңыз, – деп корольға жалынады.

Король:

– Мысықтың құны қанша? – деп сұрайды.

– Алтын артқан өгіз берсеңдер, беремін, – дейді жігіт. Король жігіттің қойған шартына келісіп, алтын артқан өгіз береді. Жігіт тапқан табысын алып, еліне қайтады.

Сөйтіп, карттың үш ұлы әкелері қалдырған өздеріне тиесілі заттарын осылайша кәдеге жаратыпты.

Ағайынды Гриммдер



А Дұрыс жауапты белгілеңдер.

1. Әкесі үш ұлына бағалы заттар / қарапайым нәрселерді береді.
2. Әтешті көрмеген арал халқы уақытты ажыратуды / ауа райы туралы ештеңе білмейді екен.
3. Бидайды шалғымен орғанда, халық қорқып кетеді/таңғалады.
4. Аралда тышқандар түнде/күндіз өріп жүреді екен.



Ә Қарамен берілген сөздерді екінші бағандағы сәйкес сөзбен алмастырыңдар.

1	Әкесі кенже ұлына мысық береді.	жақсы көретін / ең кіші
2	Арал тұрғындары қолма-қол сұрағанын береді.	алақанына/бірден
3	Ағасының олжасына інілері таңғалады.	әкелген алтынына / есегіне
4	Арал тұрғындары құраллы сатуын өгінеді.	әтешті / шалғыны
5	Мұндағылар өмірі әтеш көрмеген екен.	ешқаннан/күндіз
6	Өздеріне тиесілі заттарын кәдеге жаратады.	тән/киелі



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Бір күндік жолға шықсаң, үш күндік азық ал.
2. Із жолға жеткізер, жол елге жеткізер.
3. Алыс жүрсең де, жолмен жүр.

ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған зат есім туынды зат есім деп аталады.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік	жақсы + лық, шын + дық, дос + тық, шебер + лік
-шы/-ші	етік + ші, ән + ші
-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш	бас + қыш, сүз + гіш, қыр + ғыш, сыпыр + ғыш
-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе	бөл + ме, мін + бе, тоқы + ма, кес + пе
-қы/-кі, -ғы/-гі	ашыт + қы, бұр + ғы, сүз + гі, шап + қы



3-тапсырма. Берілген сөздердің қандай жолмен жасалғанын айтыңдар.

Қолжазба, сыпырғыш, БҰҰ, ерлік, жеңілдік, әке-шеше, кескіш, дәрігер, кітапханашы .



4-тапсырма. №37 аудионы тыңдаңдар.



А Өлең мазмұны бойынша дұрыс жауапты белгілеңдер.

Өлеңде *жол белгілері/түзу көше/жолда жүру* туралы айтылады.

Өлеңде *автобус/троллейбус/трамвай* аты аталмайды.

Қоғамдық көлікке *таласпай/бірінші/ең соңында* міну керек.

Көшеде жүргенде *айқайламау/асықпау/шуламау* керек.



Ә Берілген зат есімдерді түбір және туынды түрлерге топтастырыңдар.

Жолдас, көше, достық, тәртіп, өмір, балалық, автокөлік, троллейбус, сыбаға, киім, пық, жанжал, ақылшы.

8-бөлім

АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ



Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық
қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абай

- **Көптік жалғау**
- **Тәуелдік жалғау**
- **Зат есімнің септелуі. Атау, ілік, барыс, табыс септіктері**
- **Жатыс, шығыс, көмектес септіктері**
- **Зат есімнің жіктелуі**



Қожаның портреті

Көптік жалғау

Біз бұл сабақта:

- 1) сырт келбетімізді сипаттауды үйренеміз;
- 2) көптік жалғауы және көптік мағына туралы;
- 3) көптік жалғауының сөздерге жалғану тәртібі туралы білетін боламыз;



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Фамилиям – Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

Қадыр – менің әкем. Мен әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар бала не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...

Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталып қана қоймай, сырт бейнесі қоса сипатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін. Токтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді-өзім айнадан байыптап қарап алайын... Мынау, міне, мұрын. Әжем кейде менің атымды атамай «Тәмпіш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетеді, қосауыз мылтықтың аузындай үнірейіп тұр. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. Шашымды Әбубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған.

Ой, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар – ол Әбубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып жүрмей қояды. Шашымды әр алған сайын Әбубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таңғалып бітеді.

– Япыр-ай, мұндай да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек! Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр.

Сипатталмаған енді нем қалды? Қаралығымды әуел баста-ақ айтқанмын. Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Бәтшағардың бітпейтін жерге бітуін карашы. Одан да бетімнің ұшына таман болсашы. Сонда әдемірек көрінер ме едім?!

Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, «әкем тәрізді сұнғақ боласың» дейді. Кімдікі рас екенін құдайым білсін.



Өткен күзде мектепте дәрігер қарап өлшегенде, бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Шашым болғанда, жүз қырық шығуы сөзсіз еді. Тақырбас жүргеннің осындай залалы да бар. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын.

Б.Соқпақбаев

Түсіндірме
сөздік

Ұстара – шаш алатын, сақал-мұрт қыратын өткір арнайы пышақ.

Тікенек – мұнда: қатты (шаш).



А Берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес ары қарай жалғастырыңдар.

1. Қожа әжесінің қандай адам екенін білмейді, өйткені
2. Қожа аты-жөнін айтып, содан соң сырт бейнесін сипаттауға көшті, себебі
3. Қожа әжесінің «Тәмпіш неме» деген сөзімен келіседі, себебі
4. Әжесі Қожаны ұзын бойлы болады деп ойлайды, себебі
5. Әбубәкір Қожаның мінезін шашымен салыстырады, өйткені



Ә Ерекшеленіп берілген сөздерді синонимдерімен ауыстырыңдар.

Менің олардан алабаөтен жырылып шыққаным жарамас дедім. Тақырбас жүргеннің осындай залалы да бар. Егер шашым болса, жүз қырық шығуы сөзсіз еді.

Қажетті сөздер : бөлектену, зиян, анық.

КӨПТІК ЖАЛҒАУ

ЕРЕЖЕ

Көптік жалғау – жалғанған сөзіне көптік мағына беретін қосымша. Көптік жалғауы үндестік заңына сәйкес төмендегідей нұсқаларда қолданылады: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер (*қала-лар, мекеме-лер, ғалым-дар, өзен-дер, ат-тар, шөп-тер*).

ЕРЕКШЕЛІГІ

Көптік жалғауы көптік ұғымды білдіретін *барлық, көптеген, қанша, әр, бірнеше, сан түрлі, біраз* сөздерімен, сандармен тіркесіп келген зат есімдерге жалғанбайды: *5 кітап+тар, барлық адам+дар, көп оқушы+лар*.

Есте сақтаңдар!



Көптік жалғауы жалғанбайтын зат есімдер: сұйықтық ұғымды білдіретін сөздер (*су, шай, сорпа*); газ тектес зат атаулары (*бу, түтін, шаң*); ұнтақ, майда зат атаулары (*қант, ұн, құм*); дерексіз зат есімдер (*қуаныш, шындық, өкініш*); табиғат құбылыстарының атауы (*жел, боран, қар*).



2-тапсырма. Берілген сөздерге көптік жалғауларын жалғандар.

Адам, бала, кейіпкер, шығарма, сынып, дәрігер, саусақ, тіс, құлақ, біз, мектеп, оқушы, кітап, сурет, ұстара.



3-тапсырма. Көптік мәнді зат есімдерді жазыңдар.

Сұйық заттар : айран, ...

Газ тектес заттар : озон, ...

Бір-бірлеп санауға келмейтін заттар : ұн, шаң, шаш, ...

Мөлшер-шамасы (көптігі) сан арқылы анықталатын зат есімдер : 20 қой, ...



4-тапсырма. Көптік жалғауы қате жалғанған сөйлемдерді табыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

1. Алыстан көп жылқы көрінеді.
2. Біраз ойыншығымды ініме бердім.
3. Менің анамның шаштары өте ұзын.
4. Айымның бірнеше қаламсаптары бар.
5. Адам бойында сан түрлі мінез болады.
6. Мұздатқыштан 5 балмұздақтар алдым.
7. Әр адамдар өз заттарына ұқыпты болу керек.
8. Бүгін барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысты.
9. Дархан кітапханадан қанша кітаптар алғанын ұмытып қалды.



5-тапсырма. №38 аудионы тыңдаңдар.



A Сөйлемдерді мазмұнына қарай сәйкестендіріңдер.

1. Өте пессимист, өмірге сенімі жоғалған жандар	А. Оң жаққа қисайтып жазатындар
2. Өте ұқыпты, ұяң, ешкімге сырын аша бермейтін тұйық жандар	Ә. Сол жаққа қарай қисайтып жазатындар
3. Жұртқа жақсылық жасауға бейім адамдар	Б. Жолдан төмен түсіріп жазатындар
4. Көңіл күйлері тұрақсыз, сәт сайын мың құбылып тұратындар	В. Әріптерді бояп, бірнеше рет бастырып жазатындар
5. Мақсатқа жетуді ойлайтын кісілер	Г. Ірі әріптермен үлкен-үлкен етіп жазатындар
6. Өте көңілді жандар	Ғ. Әріптерді ұсақ әрі әдемі жазатындар
7. Өкпешіл, ренжігіш келетін жандар	Д. Қыныр-қисық етіп жазатындар



6-тапсырма. Қасында отырған сыныптасыңның жазуына (қолтанбасына) карап, сол аркылы оның мінезіне сипаттама беріңдер. Мәтінде айтылған мәліметтер өз мінездеріне сәйкес келе ме?



7-тапсырма. Оқық, қызық!

Дөңгелек жүзді адам – айналасына жайлы, төңірегіндегілерге қолайлы жағдай жасай алатын жан. Ондай жандар әділ, еңбекқор болады.

Маңдайы жалпақ, иегі сүйірленіп, үшбұрыштанып келген адамның есте сақтау қабілеті жақсы, бірақ мінезі құбылмалы.

Ат жақты кісі жұртты бір іске бастауға икемді, зиялы, ұйымдастыру қабілеті мол болып келеді.

Қырынан қарағанда томпақ бет болып көрінетін адамдар қалжыңқой, ақжарқын болып келеді.



www.jas.kz



А Мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар.



Ә Мәтіннен көптік жалғау жалғанбайтын зат есімдерді теріп жазыңдар.



8-тапсырма. Тіркестерді өзіне мағыналас екінші бағандағы сөздермен сәйкестендіріңдер.

1. Айдай сұлу
2. Ақша бет
3. Ат жақты
4. Ашық жүзді
5. Екі пығына екі кісі мінгендей

- а) бет әлпеті сопақша келген (адам)
- ә) жайдары, жылы жүзді
- б) өте тұлғалы, енгезердей
- в) өте әдемі
- г) сұлу жүзді, аппак



9-тапсырма. *Кім татқыр ?!* Ребусты дұрыс шешсеңдер, Досбол би айтқан қанатты сөзбен танысасыңдар.



К +



Мі +



+з



+т

Мінез – жанның айнасы

Тәуелдік жалғау

Біз бұл сабақта:

- 1) мінез-құлықтың адам өміріне әсері туралы;
- 2) тәуелдік жалғауының түрлері туралы ақпараттармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Жол үстінде едім. Тамақ ішейін деп вагон-ресторанға бардым. Екі даяшы жүр. Бірі – қалың ерін, дудар бас, жирен шашпы ұзын әйел. Барылдап сөйлеп, жер-көкті көшіріп жүр. «Заказ алыңыз!» – дегенге: «Келгенің жаңа ғой, әкетіп бара ма?» – деп, «Тамағыңызды тезірек әкеліңіз!» – дегенге: «Отыра тұр, қызметіннен қалып бара жатпаған шығарсың», – деп үнемі нығыртып сөйлейді.

Ал екінші бір бөлмеде талдырмаш кара торы қыз жүр. Аяғын ұшынан басады. Жұрттың бәріне езу тартып күледі. «Қазір», – деп қалқи жөнеледі.

Байқап отырмын. Сол қыз қызмет етіп жүрген жақта келуші де көп. Ал біз отырған бөлмеде төрт-бес адам бармыз.

Мен екі даяшы қыздың қылығы мен ісіне қайран қалып, бақылаумен болдым.

Бір заманда дудар басты шақырдым.

– Әкетіп бара ма?! – деп гүж етіп, қасымнан өтіп кетті. Үндемедім...

Келесі күні тағы да ресторанға бардым. Бергі бетте кісі тым көп екен. Ал арғы бетте бір ғана жолаушы бар. Дудар бас әйел ... буфеттің алдында отыр.

Мен сол жаққа өттім. Даяшыға тіс жарып ештеңе демедім. Тамағымды ішіп, есебімді айырдым да, тұра бердім. Сол кезде дудар бас әйел сәл езу тартып:

– Кеше не сұрамақ болып едің? – деді.

Мен қайта отырдым.

– Ашуланбасаңыз ғана айтамын.

– Ал ашуланбайын, сұрашы, – деді.

– Сіз неге дөрекісіз?

– Сол ма? Әйелдің қабағы қыртыстана қалды.

– Сол, – деп күлдім мен. Даяшы жаулығы да, татулығы да жоқ бір кейіпке келді.

Түсіндірме
сөздік

Талдырмаш – нәзік, жіңішке.

Нығарту – сөзбен төпеу, тұқырту.

Кейіп – кескін, түр, пішін.

– Білесің бе? Ана қызды көргенде жыным ұстайды менің. Әдейі істейді, – деді дудар бас әйел.

Менің аңғарғаным да осы еді. Қара торы қыз мына дудар бас әйелдің дәрекілігін көріп, жібектей ширатыла түседі. Сөйтіп, келушілерді өзіне үйіріп алады екен. Ал оның осы мінезіне мына дудар бастың жыны келіп, дәрекілене түсетін көрінеді.

С.Шаймерденов



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Автор вагон-ресторанға барғанда нені байқайды?
2. Дудар бас әйелдің дәрекілік танытуына не себеп болды?
3. Екінші бөлмеде келушілер саны неліктен көп?



Ә Берілген сөйлемдерді әдеби нормаға сәйкестендіріп, қайта жазыңдар.

1. Әкетіп бара ма? – деп гүж етті.
2. Барылдап сөйлеп, жер-көкті көшіріп жүр.

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

ЕРЕЖЕ

Тәуелдік жалғау – бір заттың басқа бір адамға (затқа) тәуелді, меншікті екенін білдіретін зат есімге тән қосымша.

МЫСАЛЫ

	Оңаша тәуелдеу	Ортақ тәуелдеу
I	Менің дәптер (-лер) + ім	Біздің дәптер (-лер) + іміз
II	Сенің дәптер (-лер) + ін Сіздің дәптер (-лер) + ініз (сыпайы түрде)	Сендердің дәптерлер + ін Сіздердің дәптерлер + ініз
III	Оның дәптер (-лер) + і	Олардың дәптер (-лер) + і



Б Оқылым мәтінінен тәуелдік жалғауымен берілген сөздерді теріп жазып, қай жақта тұрғанын көрсетіңдер.



2-тапсырма. Берілген сөздерді тәуелдік жалғауы арқылы байланыстырып, бірнеше сөйлемнен тұратын шағын мәтін құраңдар.

Үлгі : Адамның мінезі бала жастан қалыптаса бастайды.

Ана, көңіл, адам, мінез, әке, бет әлпеті, ұстаз, ой, бала, сөз, достар, жүрек, ел, қасиет, мен.



3-тапсырма. №39 аудионы тыңдаңдар.



А Берілген музыка түрлері қандай адамдарға тән екендігін жазыңдар.

Опера, джаз, рэп, классика, рок, поп.



4-тапсырма. Өздерінің сүйікті әндерін мен әншілерін, олардың сыртқы келбеті туралы шағын мәтін дайындаңдар.



5-тапсырма. Оқық, қызық! Көп нүктенің орнына қажетті жалғауларды қойып оқыңдар.



Әбілхан Қастеев – қазақтың бейнелеу өнерінің ата... . Қазақ елінің тарих... , туған жер... мен өскен елі, дәстүрлерін шежіре ретінде көркемдеп жеткізген.

Ол атақты Амангелді Имановтың портретін салуға ұзақ дайындалады. Торғай облысына әдейі барып, А.Имановтың туыстарымен, сарбаздарымен сөйлесіп қайтады. Батырдың суреттер... қалмағандықтан, оның бейнесін көрген-білген адамдардың сөздеріне сүйеніп қана құрау керек болды. Ол сол жерде батырдың қол... мен басының пішінін дәлме-дәл суреттеп қағазға түсіреді. Суретті аяқтағанда, көтерілісшіні тікелей танытын адамдар портреттің Имановқа қатты ұқсайтынына таңғалыпты.

www.voxpopuli.kz



А Қарамен берілген сөздерді сөйлем мазмұны өзгермейтіндей басқа сөздермен ауыстырып жазыңдар.

1. Суретші А.Имановтың туыстарымен сөйлесу үшін Торғай облысына **әдейі** барды.
2. Батырдың бейнесін оны көрген адамдардың сөздеріне **сүйеніп**, қағаз бетіне салған.
3. Суретші суретті **аяқтағанда**, А.Имановты **тікелей** танытын адамдар қайран қалады.



6-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын екінші бағаннан табыңдар.

1. Жылы-жылы сөйлесен, жылан інінен шығады.	А. Адамның сыртына қарап алданып қалма, оның бар сыры ішінде.
2. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында.	Ә. Жұмыстан қашқан адам істі күнде кейінге қалдыра береді.
3. Еріншектің ертені бітпес.	Б. Көңілге қонымды жылы сөз тауып, адамды өзіне баурай сөйлеу.

Ұрлық түбі – қорлық

Зат есімнің септелуі. Атау, ілік, барыс, табыс септіктері

Біз бұл сабақта:

- 1) ұрлық түбі қорлық екенін түсінеміз;
- 2) қазақ тіліндегі септік жалғауларымен;
- 3) атау, ілік, барыс, табыс септіктерімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ауыл сырты. Түн.

Алаңқайда арқандаулы көкжал ат Дәулет пен Асанды танығандай оқыранып, басын жерден көтерді.

Алпысты алқымдап қалған Бейсенбай ата көкжал атын шарбак сыртына арқандап қоюдан бір танбайды. Әйтеуір көкжал атының таңертеңмен үйреншікті алаңқайда арқандаулы тұратынына кәміл сенеді.

Бұл жолы да көкжал ат Дәулет пен Асанды ауылдан жырақта орналасқан бақшаға дер кезінде жеткізді.

Екеуі көкжал атты елдің көзіне түспейтіндей етіп жыра ішіне байлады. Содан соң қаптарын арқалап, Мамырбай атаның карауындағы бақша ішіне сүңгіп кетті...

Бақшада теңкіген қауын-қарбызды таңдап, қаптарына ытқыта бастады. Апыл-ғұпыл бір-екі шырын қауынды сойып жеп те үлгерді.

...Кенет карауыл төбенің басына үш-төрт ит абалап үріп шықты. Дәулет пен Асан сілтідей тынды. Төбе басына көп ұзамай жарау жирен атқа мінген Мамырбай ата көтерілді.

Түндегі айдың сүттей жарық сәулесі ешбір электр қондырғыларын қажет етпейді. Карауылтөбе басында тұрған адамға айналасы ат шаптырым болатын бау-бақша іші алақанға салғандай болып көрінеді.

Дәулет Асанға:

– Атыздың ішіндегі түйеқарының астына тығыла тұрайық. Бәлкім, байкамай кетіп қалар... – деп сыбырлады.

Түнгі дыбыстың айналаға жаңғырық болып естілетінін кім білген?! Сол сәтте иттер шәуілдеп бау-бақшаға қарай жүгірді.

Лезде Дәулет пен Асан тығылған атыздың төңірегіне абалаған



Түсіндірме сөздік

Атыз – егістікті суару үшін тартылған арық.

Жарау ат – жараған, бабына келген ат.

Түйеқарын – сортаңды жерде қауқиып өсетін сабағы бұдырлы өсімдік.

Алақанға салғандай – ап-анық.



иттер қаптап кетті. Екеуі тырп етпейді... Түйеқарын ішіне тұмсықтарын батыра алмай, иттер әлек...

Кенет Мамырбай атаның зәрлі дауысы найзағайдың жаркылындай түн құшағын шарпып өтті...

– Әй, жүгермектер! Қашанғы жатасыңдар! Түйеқарынды жастанбай шығындар, түге!.. Кет-әй!.. – деп иттерін аулақ қуды.

Ол мойындары салбырап түйеқарын астынан шыққан Дәулет пен Асаннан жөн сұрады. Жеті атасын түгендеп, толықканды мәліметпен қаныққан ол:

– Білесіңдер ме, қазақтың «Ұрлық түбі – қорлық» деген мәтелі бекер айтылмаса керек?! Қауын-қарбызды сұрасаңдар да беремін ғой, түге!.. Алындар... Екінші бұлай етуші болмандар, түге!

... Сол түні Дәулет пен Асан екі қап қауын-қарбызды көкжал аттың бауырына өңгеріп ауылға қайтты.

Ж.Құтьбаев



А Мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттың дұрыс не бұрыс екенін анықтаңдар.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Бейсенбай атаның көкжал аты бар.	✓	
2	Мамырбай атаның жирен аты шарбақ сыртында арқандаулы тұрады.		
3	Дәулет пен Асан тал түсте бақшаға барды.		
4	Түнде дауыс айналаға жаңғырық болып естіледі.		
5	Бақшаны күзету үшін электр қондырғылары орнатылған.		



Ә Мақал-мәтелдерді мәтінмен байланыстырып әңгімелеңдер.

1. Түйе ұрлаған да – ұры,
Түйме ұрлаған да ұры.

2. Ұры басқаның малын жейді,
өзінің арын жейді.



Б Мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Мәтінге ат қойыңдар.

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ. АТАУ СЕПТІК. ІЛІК СЕПТІК. БАРЫС СЕПТІК. ТАБЫС СЕПТІК

Септік жалғаулары зат есімдердің мағыналарын түрлендіріп, оларды басқа сөздермен байланыстырады. Бұл *зат есімдердің септелуі* деп аталады.

Қазақ тілінде 7 септік бар: атау септік; ілік септік; барыс септік; табыс септік; жатыс септік; шығыс септік; көмектес септік.

№	Септік	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалы
1	Атау	кім? не?	–	кім шана
2	Ілік	кімнің? ненің?	-ның/-нің, -дың/ -дің, -тың/-тің	кімнің шананың
3	Барыс	кімге? неге?	-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не	кімге шанаға
4	Табыс	кімді? нені?	-ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні, -н	кімді шананы



В Берілген сөздерге атау, ілік, барыс, табыс септіктің жалғауларын жалғаңдар.

Ата, ауыл, бала, демалыс, қарбыз.



Г Дұрыс нұсқасын табыңдар.

1. Көк жал ат Асанды танығандай *басты/басын* жерден көтерді.
2. Балалармен бірге *бау-бақша/бау-бақшада* аралағанды ұнатып қалыпты.
3. Бейсенбай ата да көкжал атын шарбақ *сыртына/сыртқа* арқандап қояды.
4. Бұл оқиға сабақ боларлықтай *олардың/олар* есінде қалды.



2-тапсырма. Берілген табыс септіктегі сөздермен сөйлем құрандар.

Тасты, әжені, орманды, баласын, гүлді.



3-тапсырма. №40 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Днуана сәбіге қатысты қандай жорамал айтты?
2. Сараң бала не үшін ақ көгершінді атты?

3. Алмағашы неліктен ақ гүл жармайды?
4. Ақ көгершіннің ағаш басына қонақтамауына не себеп?
5. Сараң баланың арманы қандай?



Ә Мәтінді қайта тыңдап, бес зат есім жазыңдар. Ол сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратыңдар.

Үлгі : Диуана сәбидің бетіне карапты.

- Бетіне :** 1) *түбірі* – бет (зат есім);
 2) *і* – тәуелдік жалғауының 3-жағы.
 3) *не* – барыс септік жалғауы.



4-тапсырма. Оқнык, қызык!

Маймыл мен айна

(Крыловтан)

Айнаның қарсы алдына Маймыл барып,
 Айнадан өз суретін көре салып,
 Аюға жанындағы күліп айтты,
 Ақырын аяғымен түртіп қалып:

«Бері қара! Бұ кім өзі, мынау перің?
 Білмеймін қайдан шыққан мұндай көрім?!
 Он екі мүшесінің бірі оңды емес,
 Көз салып, қарап тұрсам әрбір жерін!

Мен бұған титтей ғана ұқсас болсам,
 Ішіме пышақ салып өлер едім!
 Ол рас бес-алтау бар екені
 Кейіпсіз нақ осындай бөлелерім».

«Маймылжан, біраз ғана етсең төзім,
 Менің бар жалғыз ауыз айтар сөзім:
 Әуре боп бөлелерің санағанша,
 Абайлап қарашы әуел өзіңе-өзің».

Аюдың бұл ақылы айтқан досқа,
 Бір жүріп, бірге тұрған көңіл қосқа,
 «Алды – жөн адасқанның» деген сөз ғой,
 Тыңдаусыз, құр далада қалды босқа.

Аударған А.Байтұрсынұлы



А Өлеңнен септік жалғаулы сөздерді тауып жазыңдар.



Ә Өлеңнен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып жазыңдар.

Жігіттің сұлтаны

Жатыс, шығыс, көмектес септіктері

Біз бұл сабақта:

- 1) ер жігітке тән қасиеттермен;
- 2) жатыс, шығыс, көмектес септіктерімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ыбыштың мінез-құлқы, кескін-келбеті, аузындағы сөзі мен күлкісіне шейін әкемен аумамай калған, сойып қаптағандай дерсін. Екі пығы қақпактай, менен екі есе бар. Ол асығу дегенді әсте білген жан емес. «Ойбай, тұр, қойға қасқыр шапты!» десең де, орнынан жайбаракат көтеріліп, маймаң-маймаң басып барып, жарбыған жаман кепеден ер-тоқымын алады, содан соң үйде қалған камшысына қайта келеді. Содан кейін барып байлаудағы күрең қасқаны асықпай ерттей бастайды. ... Әкем Ыбыштың осы жайбаракаттығын ғана жаратпайды. Басқа жағынан Ыбыш ол үшін жігіттің сұлтаны, нағыз еркек.



Күш дегеніңіз оның бойына сыймай, асып-төгіліп жатыр. Аузын шымшып тіккен екі орыс қабың Ыбыш үшін түк емес. Қауын көтергендей екеуін екі қолтығына қысып алады да, алдына кездесе қалған анау-мынау арық-атызыңнан аттап-бұттап жүре береді.

Ыбыштың айрықша бір қасиеті – көкпарға құмарлығында. Көкпар хабары шықса, Ыбышты тану мүмкін емес. Жалпақ танауы балықтың желбезегіндей желп-желп етіп, үлкен қой көздері қызыл көрген аш бүркіттің жанарындай от шашып шыға келеді. Қой бағу, қозы төлдету дегенің жайына қалады. Атын таң асырып, жалын тарап, түнімен ұйықтамай шығады. Тіпті бөшкедегі ауызсудың екі-үш шелегін алып, күренің жалт-жұлт еткізіп жуып қояды. Ыбыштың атқұмарлығы мен шабандоздығына әкем қашан да разы. Көкпар – ата мен бабаның атын шығаратын, даңққа бөлейтін қасиетті бәйге. Ал көкпар болмайтын күндері ол Ыбышты уысынан шығармай, берік ұстайтын. Біз бәрі-

Түсіндірме сөздік

Әсте – ешқашан, еш уақытта.

Кепе – жартылай жерден қазылған, қабырғалары балшық не шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылған шағын лашық.

міз де оның ызғарлы жүзінен ығысып жүре береміз. Тау қопарар еңгезердей Ыбыштың да оның алдында бір уыс мактадай бола қалады. Сондықтан мен өзім шаппасам да, «көкпар хабары шықса екен» деп тілеп жүремін. Онда үй ішіне жылылық, көңілділік енеді.

Д.Исабеков



А Төмендегі сипаттаулар мен суреттеулер кімге немесе неге тән екенін табындар.

1. Мұрны жалпақ, қой көзді.
2. Қатал, айтқанын істететін жан.
3. Жалпақ танауы балықтың желбезегіндей желп-желп етеді.
4. Көп сөйлемейтін, баяу қозғалатын.
5. Жауырындары қақпақтай, алып күштің иесі.



Ә Мәтінде неше кейіпкерге сипаттама берілген. Олар кімдер?



Б Мәтіннен Ыбыштың қара күштің иесі екендігін көрсететін сөйлемдерді тауып жазындар.



В Мәтіннен атау, ілік, барыс, табыс септіктерде тұрған зат есімдерді табындар.



Г Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Жүйрік алысқа,
Жігіт намысқа шабады.
2. Елдің атын жалғыз жігіт шығарады.
3. Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра.

ЖАТЫС СЕПТІК. ШЫҒЫС СЕПТІК. КӨМЕКТЕС СЕПТІК

№	Септік	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалы
5	Жатыс	кімде? неде?	-да/-де, -та/-те	кімде шанада
6	Шығыс	кімнен? неден?	-нан/-нен, -дан/ -ден, -тан/-тен	кімнен шанадан
7	Көмектес	кіммен? немен?	-мен, -бен, -пен	кіммен шанамен



F Мәтіннен жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларымен келген сөздерді тауып, үлгіге сәйкес талдаңдар, мағынасын көрсетіңдер.

Әкемнен – кімнен? Әке – түбір зат есім; -м – 1-жақ тәуелдік жалғауы; -нен – шығыс септік жалғауы.



2-тапсырма. Берілген сөздерді септендер.

Жігіт, көкпар, бүркіт, аға, бауыр, мінез.



3-тапсырма. №41 аудионы тыңдаңдар.



A Сипаттаулар арқылы сөзді табыңдар.

1. Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су.
2. Сапар шегуші адам.
3. Құранды, діни ғибадатты жақсы білетін адам.
4. Затты алып-сатумен айналысатын адам.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына жатыс септік тұлғасындағы қажетті сөздерді жазыңдар.

1. Мекенді білдіретін сөздер: *үйде*, ...
2. Жасты білдіретін сөздер: *қырықтарда*, ...
3. Мезгілді білдіретін сөздер: *қыста*, ...



5-тапсырма. Жаңылтпаштарды жатқа айтыңдар. Жатыс септікте тұрған сөздерді табыңдар.

- | | |
|---|-------------------------------------|
| 1. Кемел Кемерде жүр,
Кемерде Кемел жүр. | 2. Жүйек жиекте,
Жүйекті жиекте. |
|---|-------------------------------------|

М.Әлімбаев



6-тапсырма. Оқнык, қызык!

Қазақ кино өнерінің алтын туындысы – «Гауһар-тас» фильмі 1975 жылы жарыққа шықты. Бүкілодақтық тұсаукесері 1977 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында өтті.

Фильмнің режиссері басты кейіпкер Салтанаттың бейнесін сомдайтын актриса іздеу мақсатында үлкен кинобайқау ұйымдастырады. Іріктеуге оныншы сынып оқушысы *Жанна Қуанышева* да келеді. Кинобайқаудан өткен ол бірден басты рөлге бекітіліп, қазақ келінінің бейнесін фильмде тамаша сомдап берді.



www.massaget.kz



A Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді тауып жазыңдар.

Игілік басы – ынтымақ

Зат есімнің жіктелуі

Біз бұл сабақта:

- 1) жіктік жалғауларымен;
- 2) татулықтың маңызымен;
- 3) жіктелетін және жіктелмейтін зат есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Ертегі мәтінін оқындар.



Ертеде ақылы асқан, қайраты тасқан бір бай өмір сүріпті. Қорасы төрт түлік малға толы болыпты. Сол байдың екі төбет иті болған екен, біреуі – Төрткөз, ал екіншісі – Мойнақ.

Екі ит те өте ақылды болыпты, күндіз бекерден-бекер үрмей, адамға шаппай, тыныш жатып, қараңғы түсе сала қора-қонысты, малды күзетіп, ұрыны да, қасқырды да жақын келтірмейді екен.

Бірде, түс мезгілінде, мал өрістен оралып, малшылар анда-санда «Шәйт!» деп қойып, демалып жатады. Әлгі екі ит те қарындарын тойдырып, өзара әңгіме-дүкен құрады. Олар жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық туралы әңгімелеседі, ақырында достық пен дұшпандық тақырыбы қозғалады. Сонда бәрін білгіш Мойнақ:

– Төрткөз, менің ойымша, достықтан артық ештеңе жоқ. Осы екеуміз өзара таласпайтын күн бола ма екен? Екеуміз ұрсысып, таласып жатқанда, таласқан затымызды Құтпан немесе Жолдаяқ алып кетеді. Менің байқауымша, Жолдаяқ, Құтпан мен Бөрібасар бізге қарағанда татулау! Екеуміз де тату өмір сүрейік! Дос болайық, ұрысты тоқтатайық! Қалай қарайсың, достым? – дейді.

Төрткөз керіліп:

– Мойнеке, сөздерің дұрыс! Қарнымыз тоқ, неміз бізді ренжітпейді, ұрыспайды, ұрмайды. Бәріне өзіміз кінәліміз! Болмас нәрсеге таласамыз! – дейді.

Мойнақ жолдасына қарап, не істерін білмей, «Ал, ендеше, дос болайық!» – деп айтқысы келіп, бірақ қорқып тұрады. Сол кезде Төрткөз оны құшағына алып:

– Осыдан кейін біз айырылмас достармыз, ешкім де, еш нәрсе де бізді ажырата алмас! Аштан өлсек те тамаққа таласпаймыз! – деп анттасып, бір-бірінен ажырай алмай тұрған кезде, үйден лақтырылған

бір қу сүйек екеуінің ортасына түседі. Екеуі де әлгі сүйекті бірдей бас салады. Бір-біріне ырылдап, төбелесіп, таласады. Олар ырылдасып жатқанда басқа иттер жүгіріп келіп, әлгі сүйекті іліп кетеді. Шуды естіген қойлар кашады, ал малшылар екі итті сойылдап жүріп зорға ажыратады.

Түсіндірме
сөздік

Жомарттық – қолы ашықтық, мырзалық.

Сараңдық – біреуге бірдене бере қоймайтын қолы тарлық.

Сойыл – қолға ұстауға ыңғайлап жонған, ұзындығы 2-2,5 метр, диаметрі 6-7 сантиметр қатты ағаш.



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сендер *достық* дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Ертегіге қандай атау берер едіңдер?
3. Екі ит неге бір-біріне берген уәделерінде тұра алмады?



Ә Мәтіннен антоним сөздерді теріп жазыңдар.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

1. Жақын таласса, жатқа жем болар.
2. Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады.

ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Зат есімдер сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда жіктеліп қолданылады. **Жіктік жалғаудың** 3 жағы, жекеше, көпше түрлері бар.

ЕРЕЖЕ

МЫСАЛЫ

Жекеше түрде

- I. Мен оқушымын
- II. Сен оқушысың
- Сіз оқушысыз
- III. Ол оқушы

Көпше түрде

- Біз оқушымыз
Сендер оқушысыңдар
Сіздер оқушысыздар
Олар оқушы



3-тапсырма. Берілген сөздерге жіктік жалғауларын жалғап, сөйлем құраңдар.

Адам, әріптес, жаттықтырушы, саудагер, жазушы, оқырман, жолсерік, бала, көрші, көмекші.



А Сөздерге көптік жалғауларын жалғап жазыңдар.



4-тапсырма. Берілген зат есімдерді тәуелдендер.

	I жақ	II жақ		III жақ
Дос	досым	досың	досыңыз	досы
Қала				
Білім				
Отан				



5-тапсырма. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде жіктендер.

	I жақ		II жақ				III жақ	
Дос	<i>достын</i>	<i>достыз</i>	<i>достың</i>	<i>достыңдар</i>	<i>достыз</i>	<i>достыздар</i>	<i>дос</i>	<i>дос</i>
Ұстаз								
Женімпаз								



6-тапсырма. №42 аудионы тыңдаңдар.



A Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бала неге «көзілдірікті сындырып алдым» деп өтірік айтты?
2. Әжесі неге немересін жазаламады?
3. Інісінің қылығын қалай бағалар едіңдер?
4. Сендер осындай жағдайға тап болғанда не істер едіңдер?



ә Берілген сөздерді септендер. Сұрақтарға сай сөздерді түрлендіріңдер.

Сөздер	Кімнің? Ненің?	Кімге? Неге?	Кімші? Немі?	Кімде? Неде?	Кімнен? Неден?	Кіммен? Немен?
Дос						
Әже						
Нағашы						
Ізгілік						
Көзәйнек						



B Сөздерді жіктеп жазыңдар.

Іні, аға, ата.

Ер ел үшін туады

Зат есімді қайталау

Біз бұл сабақта:

- 1) елге қызмет ету – басты борыш екеніне көз жеткіземіз;
- 2) өткен сабақтарды еске түсіреміз, зат есім туралы алған білімімізді қорытындылаймыз.



1-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын топпен бірге талқылап, өз пікірлеріңді білдіріндер.

1. Отан үшін еңбек етсең –
Халқыңның сүйген ұлы боласың.

2. Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайын.



A Мақал-мәтелдерден негізгі және көмекші сөздерді табындар.



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, сөз таптарына топтастырындар.

Үлгі :

Зат есімдер: ат, ер, ...

Сын есімдер: ереуіл, егеулі, ...

Сан есімдер :

Ереулі атқа ер салмай...

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Төбінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,

Төбінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?

М.Өтемісұлы





3-тапсырма. Жұмбақтардың жауабын табындар.

Аралайық әлемді,
Берем дерек, дәлелді
Табындаршы өздерің,
Жұмбақтадым қай елді?



1. Айтындаршы ал енді,
Тундрасы бар елді.
2. Базары көп, тола адам,
Ала такия, ала шапан.
3. Мұнараны ең алып,
Алған қайсы ел салып.
4. Айтындаршы, ал енді,
Шай мен пілі бар елді.



4-тапсырма. Деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратындар.

Қалта, көз, білім, кітап, ізет, қалам, парасат, жүрек, шаш, құрмет, ақиқат, терезе, сырға, сағат, арба, өтірік, алғыс, көлік, көмек, баспалдақ, наразылық, адамгершілік, уақыт, өшіргіш, аю, қулық, суыр, қағаз.



5-тапсырма. Көптік жалғауы дұрыс жалғанбаған сөздерді тауып, себебін түсіндіріңдер.

Үлгі: Мұнайлар – кате, себебі мұнай көптелмейтін зат есім.

Мұнайлар, көлікдер, шамдар, шанадар, алқаптар, сөзлер, дүкендер, жастықтар, мұғалімдар, шаштар, бастықтар, асықтар, әжедер.



6-тапсырма. Нақыл сөздерді түсініп оқындар.

Мен — қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «Алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!

С.Торайғыров

Парыз сезімі, адамгершілік – жекебастың, ұлттың, Отанның мақтанышы.

Б.Мамышұлы



А Нақыл сөздердегі тәуелдік жалғаулы сөз тіркестерін тауып жазындар.



7-тапсырма. Жіктелетін зат есімдерді тауып, оларды жекеше және көпше түрде жіктендер.

Адам, дүкен, мұғалім, сегіз, көлік, қызметкер, асығысу, зере, студент, сөздік, ақылды, шаң, оқушы, дейін, зейін, зерек.



8-тапсырма. Өткен тақырыптарды қайталау тестісін орындандар.

- 1. Көмекші сөз қатысқан тіркесті табындар.**
 - а) орман іші;
 - ә) ауылдың малы;
 - б) Сәуленің қуыршағы;
 - в) баланың бесігі.
- 2. Жіктеліп тұрған зат есімі бар сөйлемді табындар.**
 - а) Менің әпкем өте әдемі;
 - ә) Жанат досымен әңгімелесіп тұр;
 - б) Кім еңбекті көп істесе, үлесті мол алады;
 - в) Мен мектепте мұғаліммін.
- 3. Жалқы есім қатысқан сөйлемді табындар.**
 - а) Жарайды, тазалығына сендім;
 - ә) Шөге ғой, түйем, шөк-шөк;
 - б) Мен саған мұны ақыл ретінде айтамын;
 - в) Жандос, Ержанды шақыршы.
- 4. Омоним сөз қатысқан сөйлемді көрсетіндер.**
 - а) Жә, жарар, керек емес енді;
 - ә) Тәйт, саған алма деп айтты емес пе;
 - б) *Ақын* сөзінің мағынасын таппадым;
 - в) Жарқ ете қалған естеліктей болды-ау.
- 5. Зат есім нені білдіреді?**
 - а) заттың мөлшерін;
 - ә) заттың санын;
 - б) заттың атын;
 - в) заттың сапасын.
- 6. Жалқы есімі бар қатарды табындар.**
 - а) Ертіс өзені Қазақстанның қай қалаларынан ағып өтеді;
 - ә) Көше бойлап қыдырып жүрміз;
 - б) Облыс бойынша олимпиадаға қатыстық;
 - в) Қаладан келген қонақтар бүгін қайтпақ.
- 7. Дерексіз зат есім қатыспаған сөйлемді табындар.**
 - а) Ой, сана адамның жасына байланысты өзгеріп отырады;
 - ә) Мектеп парталары ағаштан жасалады;
 - б) Көңілге тиер ауыр сөз айтпа;
 - в) Сезімді сыртқа шығарып үйрену керек.
- 8. Жұрнақ арқылы жасалған зат есімді табындар.**
 - а) Домбырадан сабақ алып жүрміз;

- ә) Оқушылар кітаптарын үлестіріп алды;
- б) Ақылды адам уақытты тиімді пайдаланады;
- в) Ғалия бүгінгі жұмысын жақсы атқарыпты.

9. Дұрыс жалғанған көптік жалғаулы сөйлемді табындар.

- а) Сұрақтар бойынша маған хабарласыңыздар;
- ә) Бірнеше кісілер болып жұмыс атқардық;
- б) 250 қойлар бағып жүрген малшы болатын;
- в) Алманың ішінен екі құрттар шықты.

10. Септік жалғаулы сөзді көрсетіндер.

Ол мектепке асығып келді.

- а) ол;
- ә) келді;
- б) асығып;
- в) мектепке.

11. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіндер.

Айшаның анасы кітапханада жұмыс істейді.

- а) Айшаның;
- ә) кітапханада;
- б) жұмыс істейді;
- в) анасы.

12. Жіктік жалғаулы сөзді көрсетіндер.

Біз тәртіпті, білімді оқушымыз.

- а) тәртіпті;
- ә) білімді;
- б) біз;
- в) оқушымыз.

13. Қазақ тілінде қанша септік бар?

- а) бес;
- ә) жеті;
- б) төрт;
- в) алты.

14. Дерексіз зат есімді мәтелді табындар.

- а) Бала адамның бауыр еті;
- ә) Баланың бас ұстазы – ата-ана;
- б) Балалы үйдің ұрлығы жатпайды;
- в) Адам болатын бала алысқа қарайды.

9-бөлім

АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ



Сыртқы дүние: Күн, Ай, жұлдыздар және
Жер – алғашқы құдірет болып табылады.

Ш.Уәлиханов

- **Сын есім**
- **Сапалық және қатыстық сын есімдер**
 - **Сын есімнің шырайлары**
- **Сын есімдердің жасалу жолдары**
 - **Сын есімдердің заттық мәнде қолданылуы**



Тіршілікке қолайлы ғаламшар


Сын есім

Біз бұл сабақта:

- 1) Жер ғаламшарымен;
- 2) сын есім және оның сұрақтарымен;
- 3) дара және күрделі сын есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.



Жер – Күн жүйесінің үшінші ғаламшары. Жер өз осінде дөңгеленіп қозғалады әрі Күнді айналады. Өз осінің бойымен дөңгелеп қозғалуынан туындаған тербеліс күшінің әсерінен Жер эллипс түріндегі орбитамен Күнді 365 күн 6 сағатта бір рет айналып шығады.

Жердің осы орбитадан ауытқып кетпеуін камтамасыз ететін нәрсе – Күн мен Жердің арасындағы тартылыс күші. Жер мен Күннің арасындағы қашықтық – тіршілік үшін ең қолайлы қашықтық. Жер Күнді айналғанда Жер бетіндегі Күннің түсу нүктесі де өзгереді. Сол себепті Күннің сәулесі Жер бетіне түрлі уақытта және түрлі пішінде түседі.

Жерде тіршілікке қолайлы жағдайды туғызатын – атмосфера. Атмосфера – шар тәрізді әрі биіктігі 1500 шақырымға дейін жететін Жер шарын қоршаған, негізінен, газ бен бұдан тұратын қабық.

Атмосфераның жер бетіне жақын қабақтарының 78%-ы азот, 21%-ы оттегіден тұрады. Бұлардан басқа атмосферада су буы, түссіз, иіссіз газдар – аргон, көмірқышқыл газы, метан, гелий, сутегі, озон да бар.

Атмосферадағы озон қабатының қызметі өте маңызды. Ол Жерді Күннен келетін зиянды сәулелерден қорғап тұрады.

Су буы, негізінен, атмосфераның астыңғы қабақтарында болады. Бұлттардағы су буы жауын-шашын болып жерге түседі.

Жер – Күн жүйесіндегі тіршілікке қолайлы бірден-бір ғаламшар.

«Күн жүйесі» кітабынан

**А** Дұрыс ақпаратты белгілеңдер.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Жер мен Күннің арасында тартылыс күші болады.	✓	
2	Жер өз осін бір тәуліктен артық уақытта айналып шығады.		
3	Жердің атмосфера қабаты бірнеше газдан тұрады.		
4	Озон қабаты Күннен келетін түрлі сәулелерді Жерге жеткізбей ұстап қалады.		

**Ә** Мәтінді төменде көрсетілгендей құрылымдық бөліктерге бөліп, жоспар құрыңдар.

1. Кіріспе 2. Негізгі бөлім 3. Қорытынды

**Б** Ерекшеленген сөздерді мағыналас сөздермен алмастырыңдар.

1. Жердің орбитадан *ауытқын* кетпеуін Күн мен Жердің арасындағы тартылыс күші қамтамасыз етеді.
2. Жер өз осінде дөңгеленіп *қозғалады* әрі Күнді де айналады.
3. Жерді тіршілікке *қолайлы* жағдай туғызатын атмосфера қабаты қоршап тұр.

СЫН ЕСІМ

Сын есім – заттың сапасын, сынын, қасиеті мен сипатын, көлемін, салмағын, түр-түсін, дәмін білдіретін сөздер. Ол *қандай? қай?* деген сұрақтарға жауап береді.

Дара сын есімдер – түбір және туынды сөздерден жасалған сын есімдер. Мысалы: *ақ, кең, жарық, тәтті, бой + шаң, тұз + сыз, тау + лы* т.б.

Күрделі сын есімдер – кемінде екі сөздің қосарлануы, тіркесуі, бірігуі арқылы жасалған сөздер. Мысалы:

- тіркесуі арқылы: *ақ ала, қара көк, ұзын бойлы* т.б.
- қосарлану арқылы: *биік-биік, орманды-тоғайлы* т.б.
- екі сөздің бірігуі арқылы: *дүниежүзілік, халықаралық* т.б.

**В** Мәтіннен сын есімдерді тауып, тіркескен сөздерімен бірге көшіріп жазыңдар.

Үлгі : түссіз газ, ...

**2-тапсырма.** Сын есімдерді табыңдар.

Адал, әдепті, білім, озат, ұқыпты, тәртіпті, шындық, қуаныш, күлкі, ой, сұлу, жүйрік, мықты, кітап, тазалық, жуан, ұзын, ақыл, батыр.



3-тапсырма. Мақал-мәтелдерден сын есімдерді табындар. Оларды құрамы мен мағынасына қарай талдандар.

Үлгі: семіз – дара сын есім; заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді.

1. Жері семіздің – малы семіз.

2. Жасыл желек – жердің көркі.

3. Таулы жер бұлақсыз болмас,

Сулы жер құрақсыз болмас.



А Мақал-мәтелдерден ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын анықтаңдар.



Ә Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Сын есімдерді құрамына қарай екіге топтап жазыңдар.

Қара торы, биік, жылы, түссіз, жарық, дөңгелек, ойлы-қырлы, бұлтты, жінішке, жүйелі, қысқа бойлы, кең, салмақты, суық, күрделі, сары ала

Дара	Күрделі



5-тапсырма. Суретке қараңдар. Сын есімдерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрап жазыңдар.



Юпитер



Сатурн



6-тапсырма. №43 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттардың ретін көрсетіңдер.

А. Шолпаңда тіршілік жоқ.	
Ә. Шолпан – Күнге жақын екінші ғаламшар.	1
Б. Атмосферасында күкірт қышқылы қабаты бар.	
В. Шолпанның беті тегіс емес.	
Г. Шолпанның өз осін айналу жылдамдығы баяу.	

Табиғаттың құпия сырлары

Сапалық және қатыстық сын есімдер

Біз бұл сабақта:

- 1) табиғаттың құпия сырларымен;
- 2) қазақ халқының табиғатқа қатысты болжамдарымен;
- 3) сапалық және қатыстық сын есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.



Қазақ халқы ежелден-ақ аспан әлемінің құпиясын жақсы білген. Аспан денелерінің қозғалысы мен ондағы құбылыстарға, мәселен, Айдың тууы, тоғысуы немесе жұлдыздардың аспанда орналасуына карап, ауа райына түрлі болжам жасаған. Болжам жасайтын адамдарды *жұлдызшылар* немесе *есепшілер* деп атаған.

Амалдарды іштей алтауы көктем, алтауы жаз, алтауы күз, алтауы қыс маусымына тән деп ажыратуға болады.

Қыс маусымына тән амалдың бірі – «Тоқырау». Бұл – қаңтардың 20-жаңасынан 25-жаңасына дейін жалғасатын амал. Баскаша аты – «қара суық». Бұл мезгілде аяз бет қаратпай, үскірік жалап тұрады. Ағаш бұтақтарына сүңгі тұрып, қар кеш батқанша қылаулайды. Осыған байланысты бұл амалдың тағы бір атауы – «Қылау». Есепшілер осы амалдан бастап күн ұзарады деп санайды.

Түсіндірме сөздік

Тоғысу – айдың Үркерді басып өтуі.

Амал – жыл мезгілдерінде тұрақты түрде қайталанып тұратын күн райының ерекше құбылыстары.

Үскірік – бет қаратпайтын қатты аяз.

Сүңгі – сүйірленіп мұз боп қатқан тамшы.

Көктемнің үшінші айы мамырдың алғашқы он күндігінде 1-2 күнге созылған суық болады. Бұл – дала (су) құстарының балапан шығаратын кезі. Сол себепті де осы мезгілді халық «Қызыл жұмыртқа» деп атап кеткен.

Маусым айы басталысымен Үркер мүлде көрінбей кетеді де, қырық күн шілде басталады. Халқымызда «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген сөз бар. Аспанда Үркердің көрінбеуін халық «Үркердің жерге түсуі» деп атайды.

«Дәстүр» журналынан.



A Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Есепші деген кім және ол немен айналысқан?
2. Амал деген не және оған қандай белгілер тән?
3. «Қылау» амалы қашан болады және оның белгілері қандай?
4. «Қызыл жұмыртқа» деген тіркес қалай пайда болған?
5. Үркер жұлдызы қай маусымда «жерге түседі» және ол кезде табиғатта қандай өзгеріс болады?



Ә Ерекшеленіп берілген сөздердің синонимдерін екінші бағаннан табыңдар.

1. Қазақ халқы аспан әлемінің <i>құтыясын</i> жақсы білген.	жұмбағын/жауабын
2. Жалпы <i>амалдардың</i> саны – жпырма төрт.	құбылыстардың/есептердің
3. «Тоқырау» бес күнге <i>жатғасатын</i> қатты аязымен ерекшеленеді.	қосылатын/созылатын
4. Кеш батқанша <i>қар қылаулайды</i> .	жұқалан қар ұшқындайды/ қар құйып жауып тұр
5. Халқымызда «Үркер жерге түспей, жер <i>қызбайды</i> » деген сөз бар.	жылынбайшы/көктемейлі

САПАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАТЫСТЫҚ СЫН ЕСІМДЕР

Сын есімдер *сапалық (негізгі)* және *қатыстық (туынды)* деп екіге бөлінеді.

Сапалық сын есімдер негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын тікелей анықтайтын сөздер болып табылады. Мысалы: *жақсы, үлкен, тәтті, жеңіл* т.б.

Қатыстық сын есімдер дегеніміз – заттың белгісін, сыр-сипатын басқа бір заттың немесе іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздер. Мысалы: *сулы, тәртіпті, тұзсыз*.



Б Мәтіннен дара және күрделі сын есімдерді тауып, тіркескен сөзімен бірге екі бағанға бөліп жазыңдар.



В Алдыңғы тапсырма бойынша тапқан сын есімдеріңді сапалық және қатыстық сын есімдерге ажыратыңдар.



2-тапсырма. Қатыстық сын есімдерді теріп жазыңдар.

Дара, жасыл, күшті, еріншек, ақылды, жайдары, қара ала, суық, түпсіз, момын, кең, аласа, анық, арсыз, қысқы, терең, арғымақтай, тұзсыз, ақ құба, ауыр, дымқыл, пайдасыз, шоқпардай, жұмыр, арзан.



3-тапсырма. №44 аудионы тыңдаңдар.



A Берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес аяқтаңдар.

1. Айда атмосфера жоқ, сондықтан
2. Айдың бетінде шұңқыр көп, ол шұңқырлар
3. Айдың түнде жарық болып көріну себебі
4. Ай тұтылу дегеніміз –



4-тапсырма. Мәтінді оқып, сын есімдерді табыңдар.



Айға қарап жасалған жорамалдарға мыналарды жатқызуға болады:

Айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ туса, онда сол ай жауын-шашынды, желді, борасынды болады.

Ай туғанда бұрынғысынан үлкендеу көрініп, сәулесі қызғылт болса – жауынның белгісі.

Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатындығын білдіреді, ал ашық болса, шуақты болатындығын білдіреді.



A Өздерің тапқан сын есімдерді сапалық және қатыстық деп ажыратып жазыңдар.



5-тапсырма. Сапалық сын есімдер қатарын толықтырыңдар.

1	Заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер	ақ, ...
2	Заттың көлемін, салмағын білдіретін сын есімдер	ауыр, ...
3	Заттың сапалық белгісін білдіретін сын есімдер	әдемі, ...



6-тапсырма. Жұмбақтардың шешімін табыңдар. Ондағы сын есімдерді тауып, көшіріп жазыңдар.

- | | |
|---|---|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақ қойым тұрып кетті,
Қара қойым жатып қалды. 2. Екі тері,
Екеуі де кең тері. | <ol style="list-style-type: none"> 3. Үлкен-үлкен түйені
Тастапты атам шөгеріп.
Өркеші бұлтқа тиеді,
Бауыры жатыр көгеріп. |
|---|---|

Алғашқы ғарышкерлер

Сын есімнің шырайлары

Біз бұл сабақта:

- 1) алғашқы ғарышкерлермен;
- 2) салыстырмалы және күшейтпелі шырайлармен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

1957 жылы 3 қарашада ғарышқа ұшу арқылы адамзатқа жол ашып берген Лайка есімді ит. Лайкадан кейін де мамандар төрт жыл бойы ғарышқа қос-қостап тышқан, қоян, жәндіктерді ұшырып жүрді. Одан өзге егеуқұйрық, мысық, шыбын, тасбақа да ұшырылған.

Сонымен қатар ғарышқа маймылдар да ұшырылды. Оларға еркін қозғалуына мүмкіндік беретін арнайы киімдер тігілген. Ғарышқа ұшырылған II Альберт есімді маймыл 1949 жылы 134 шақырым биіктікке дейін жете алған. Тағы бір I Альберт есімді ғарышкер маймыл одан бір жыл бұрын 100 шақырым биіктікке жете алмай тұншығып өлген. II Альберт есімді маймыл да жерге түсу кезінде парашюті ашылмай қалып, мерт болған. 1951 жылы ғана VI Альберт ғарыш әлеміне аман-есен барып келді. Дайындық барысында ғалымдар тек маймылдардың ғана тапсырманы екі айда игеріп, адамға лайық іс істейтінін анықтаған.

1960 жылы ғарышқа қазақ жерінен аттанған Белка мен Стрелка есімді иттердің сапары сәтті аяқталды. Осы ұшырылымнан кейін «ғарышқа адам ұша алады» деген тұжырым жасалып, ендігі кезекте ғалымдардың алдында ғарышқа адамды ұшыру міндеті тұрды.

«Алаш айнасы» газетінен.



A Мәтін мазмұнына сәйкес келетін сөзді қалдырып, артығын сызыңдар.

1. Алғашқы ғарышкер ит *Белка* /*Лайка*/ *Стрелка* болатын.
2. Лайкадан кейін ғарышқа *шыбын*/көбелек/*мысық* секілді жәндіктер де ұшырылды.

3. II Альберт есімді *маймылдың/иттің /мысықтың* жерге түсу кезінде парашюті ашылмай қалды.
4. Маймылдар тапсырманы адамнан *артық/шамалас/асыра* орындай алады екен.



Ә Ерекшеленіп берілген сөзді алмастыруға болатын мағыналас сөзді табындар.

- | | | |
|--|---|---------------------|
| 1. Жерге <i>қайтып кету</i> | ← | а) қорытынды шығару |
| 2. Ғарышта <i>мерт болу</i> | → | ә) оралу |
| 3. «Ғарышка адам ұша алады» деген <i>тұжырым жасау</i> | | б) қаза табу |

СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ

ЕРЕЖЕ	<p>Шырай біртектес түр мен түс, сапа мен сын, ніс пен дәм, көлем мен аумақ және басқа да белгілердің әрқилы ренктерін білдіреді. Шырайдың екі түрі бар: <i>салыстырмалы шырай</i> және <i>күшейтпелі шырай</i>.</p>
САЛЫСТЫРМА-ЛЫ ШЫРАЙ	<p>Салыстырмалы шырай – бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстыру арқылы оның артық немесе кем екендігін білдіретін шырайдың түрі.</p> <p><i>Жұрнақтары:</i> -рак/-рек, -ырак/-ірек; -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу;</p> <p><i>Мысалы:</i> әдемірек, бәйгірек сұйықтау, үлкендеу</p>
КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ	<div style="border: 1px solid blue; padding: 5px; margin-bottom: 10px;"> <p>Есте сақтаңдар! Шырай жасауға сапалық сын есімдер ғана негіз бола алады. Мысалы: <i>жақсы – жақсы+рақ, өте жақсы.</i></p> </div> <p>Күшейтпелі шырай біркелкі сындық белгінің бірі екіншісінен өте артық немесе өте кем екендігін білдіретін шырайдың түрі.</p> <p><i>Жасалуы:</i> 1) күшейткіш буынның қосарлануы арқылы: <i>қып-қызыл, ұп-үлкен, сап-сары.</i></p> <p>2) өте, аса, тым, ең, тіпті, орасан, кілең және т.б. күшейткіш сөздердің сын есімдермен тіркесуі арқылы: <i>тым кішкентай, ең биік, өте қымбат, аса ауыр.</i></p>



2-тапсырма. Сын есімдерді құрамына қарай талдап, шырай жасайтын сын есімдерді атаңдар.

Биік, жасыл, таулы, жазық, сулы, таза, әдемі, бұлтсыз, аласа, жінішке, көгілдір, ақылды, озат, зерек.



3-тапсырма. Күшейтпелі шырай тұлғасында келген сын есімдерді тауып, олардың жасалу жолын көрсетіңдер.

1. Күн жүйесіндегі ең үлкен ғаламшар – Юпитер.
2. Жерден құралсыз көзбен карағанда көрінетін ғаламшар – Уран.
3. Жер бетіндегі ең таза теңіз – Антарктидадағы Уэдделл теңізі.
4. Жер бетіндегі ең жылы теңіз – Қызыл теңіз.



4-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тауып, ондағы сын есімдерден салыстырмалы шырай жасаңдар.

Үй үстінде ұсақ тас.  Қызыл күлше тау асады,
Ыстық нұрын шашады.



5-тапсырма. №45 аудионы тыңдаңдар.



А Оқылым және тыңдалым мәтіндері негізінде Венн диаграммасын толтырыңдар. (Екі мәтінге ортақ сөздерді жазыңдар).



Ә Мәтіндегі ақпараттың берілу ретін көрсетіңдер.

- А. Қазақтың тұңғыш ғарышкері – Тоқтар Әубәкіров.
- Ә. Ғарышқа сапар шеккен алғашқы адам – Юрий Гагарин.
- Б. Жерді 48 рет айналған ғарышкер әйел – Валентина Терешкова.
- В. Қазақ ғарышкерінің ғарышта өткізген уақыты 7 күннен асады.





6-тапсырма. Шырай жұрнақтарын қабылдай алмайтын сын есімдерді теріп жазындар.

Жарық, тұманды, жасыл, тұзды, тұнық, жолсыз, тасты, жеңіл, оңай, бойшаң, өнерлі, ауыр, жас, қорқақ.



7-тапсырма. Сын есімдерден салыстырмалы және күшейтпелі шырай жасаңдар.

Аласа, қысқа, жұмсақ, қатты, жақсы, жаман, нашар, арзан, қымбат, жұқа, қалың, суық, жылы, салқын, жіңішке, жуан, момын, қатал, жомарт, саран, өткір, жаңа, ескі, көне, таза, лас, қисық, тегіс, ұсақ, ірі.



8-тапсырма. Сөйлемдерден сын есімдерді тауып, талдау жасаңдар. Сапалық сын есімдерден шырай жасаңдар.

1. Ғарышқа ұшқан үшінші қазақстандық ғарышкер – А.Айымбетов.
2. Сатурн – аспан әлеміндегі суық ғаламшардың бірі, ондағы орташа температура – 175 °С.
3. Юпитер Күн жүйесіндегі үлкен ғаламшар болғандықтан, оны кішкентай телескоппен де көруге болады.
4. Көк сәуле қызылға қарағанда атмосферада жылдам жайылады да, аспан көкпенбек болып көрінеді.



9-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Талғат Мұсабаев



Талғат Мұсабаев – ашық ғарыш кеңістігінде жұмыс істеген қазақ ғарышкері. Ол «Союз-ТМ» ғарыш кемесімен аспан әлеміне үш рет барып қайтты. Алғаш рет барғанда 126 тәулік, екінші сапарында 208 тәулік болды. Ал үшінші сапарында жерлесіміз америкалық миллионер Деннис Титоны экипаж құрамымен бірге алып ұшып, әлемде тұңғыш рет ғарышқа саяхат жолын ашты. Талғат Мұсабаев ғарыш стансысынан тыс ашық ғарыш кеңістігінде жалпы мерзімі 41 сағат 21 минут болған.

«Ғылым» балалар энциклопедиясынан



А Мәтіннен тәуелдік және септік жалғаулы зат есімдерді табындар.

Үлгі : Ғарыш – зат есім, атау септік.

Ғарышкері – ғарышкер – туынды зат есім;

і – тәуелдік жалғауы, III жақ.

Ғарыш әлемі

Сын есімдердің жасалу жолдары

Біз бұл сабақта:

- 1) сын есім жасайтын жұрнақтармен;
- 2) Күн жүйесіндегі Марс ғаламшарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Күні бойы ойнаған Ербол үйге ымырт уақытында келді. Шаршағаны соншалық – кешкі асқа да карамай, төсегіне құлай кетті. Сол күні ол шым-шытырық, бірақ қызық түс көрді.

Аулада достарымен ойнап жүрген Ерболды анасы үйге шақырғандай болды. Үйіне келсе, анасы жоқ. Анасының орнына үйде көздері шыныдай үлкен, қол-аяқтары шидей жіңішке, бастары қазандай үлкен, бойлары бір тұтам жат ғаламшарлықтар жүр екен.

Ештенені түсінбеген Ербол таңырқаған кейіппен:

– Сендер кімсіңдер? – деді.

– Қорықпа, біз саған жамандық жасамаймыз. Біз сенің өскенде ғарышкер болғың келетінін жақсы білеміз. Сол себепті саған көмектесу үшін ғарыш кеңістігінен келдік, – дейді.

Ербол бір сәтке де ойланбай, жат ғаламшарлықтармен ғарыш кеңістігіне сапар шегеді. Құстай ұшқан зымыран ғарыш кеңістігіне келіп қонды. Ғарыш кеңістігі өте әсем. Ербол жан-жағына таңырқай, қызыға, байыппен карап келе жатты.

Жат ғаламшарлықтар Ерболды бірінші Жер серігі – Айға апарды.

Олар Ерболға Айдың Жер серігі екенін және Жерді айнала қозғалатынын, сол айналған уақыт 28 күн, яғни 1 айға тең болатынын түсіндіріп жатты. Енді олар Ерболға басқа да ғаламшарларды көрсетті. Ең үлкен ғаламшар – Юпитер екенін Ербол кітаптан оқыған. Ал оларды жақыннан көру ол үшін өте қызық болды.

– Ал енді қайтатын кез жетті. Саған саяхат ұнады ма? – деп сұрады жат ғаламшарлықтар.

– Әрине, бұл мен үшін естен кетпес сәт болды.

– Біздің саған деген сыйлығымыз бар. Бұл қораптың ішінде кішкене тетікше бар. Бұл тетікшені бір рет бассаң, сенің өміріңді қас-қағым сәтте өзгертеді, – деп сыйлықты ұсынды.

Түсіндірме
сөздік

Ымырт – күн батқаннан оның қызылы тарқағанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі.

Шым-шытырық – бей-берекет, шытырман.

Жат – бөтен, бөгде, басқа (адам).

Сөйтіп, олар Ерболды үйіне жеткізеді. Көзді ашып-жұмғанша жат ғаламшарлықтар да жоқ, ғарыш кемесі де жоқ.

Танертең ұйқыдан тұрған Ерболдың қолында кішкене тетікшелі қорап жатты. Бұған сенер-сенбесін білмеген Ербол тезірек Байқоңыр ғарыш айлағына барғысы келді.

С.Қойшыбаева



А Қарамен жазылған сөздердің мағынасын көрсетіңдер.

1	Үйде бойлары біртұтам жат ғаламшарлықтар жүр екен.	<i>өте ұзын/тым қысқа</i>
2	Тетікшенің бірін бассаң, саған кас-қағым сәтте тамақ әзірлейді екен.	<i>тез/ыстық</i>
3	Жер шарын алақандағыдай көруге болады.	<i>бірден/анық</i>
4	Ербол үшін бұл естен кетпес сәт болды.	<i>қорқынышты/ұмытылмас</i>
5	Кішкене тетікшенің құдіретке не екеніне Ерболдың көзі жетті .	<i>сенді/көрді</i>



Ә Мәтіннен сапалық сын есімдерді тіркескен сөздерімен бірге көшіріп жазыңдар. Олардан шырай түрлерін жасаңдар.

Үлгі: қызық түс – өте қызық түс.

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сын есім **туынды сын есім** деп аталады.

Туынды сын есімдер төмендегі жұрнақтар арқылы жасалады.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті	су + лы, толқын + ды, бақыт + ты, өнер + лі
-сыз/-сіз	пайда + сыз, сүт + сіз
-дай/-дей, -тай/-тей	тас + тай, тау + дай, үй + дей, сүт + тей
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік	кала + лық, өлке + лік, аудан + дық, азамат + тық



Б Мәтіннен туынды сын есімдерді көшіріп жазып, құрамына талдау жасаңдар. Мағынасын көрсетіңдер.

Үлгі: шыныдай – шыны + дай; шыны сияқты, мөлдір.



2-тапсырма. Берілген сөздерден сын есім жасаңдар.

Ақыл, білім, өнер, ой, жаз, күз, тау, теңіз, жұлдыз, ай, күн, бала.



3-тапсырма. №46 аудионы тыңдаңдар.



А Бос орынға мәтін мазмұнына сәйкес қажетті сөзді (сын есімді) жазыңдар.

Марс – ... ғаламшар, онда өмір сүру мүмкін емес.

Марстың атмосферасы ... газдардан тұрады.

Марста өте ... дауылдар, айлар бойы басылмайтын ... бұрқасындар болады.

Марстың бетінде ... кратер көп.

Марстағы Олимпус жанартауы – Күн жүйесінің ең ... тауы.

Күн ашық кезде телескоппен бақылағанда, Марс ... болып көрінеді.



Ә Тыңдалым мәтініне сүйеніп, сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Марста тіршілік ету мүмкін емес, өйткені

2. Жердегі биік тау шыны, бұл

3. Марста диаметрі 600 шақырым, биіктігі 25 шақырым болатын

4. Марсты «Қызыл жұлдыз» деп те атайды, себебі



Б Мәтінді қайта тыңдап, екі бағандағы ақпараттарды сәйкестендіріңдер.

8848 метр	Марстағы Олимпус жанартауының диаметрі
600 шақырым	Марстағы жанартаудың биіктігі
25 шақырым	Жердегі Эверест шыңының биіктігі



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды қойыңдар.

Тұз... тамақ, шыдам... көлік, бүрме... көйлек, әдеп... қыз, шұрай... алқап, өнер... бүлдіршін.



5-тапсырма. Төмендегі қанатты сөзден туынды сын есімдерді тауып жазыңдар.

Есті адам – қанағатты; қанағатты адам – тиянақты; тиянақты адам – көнтерлі; көнтерлі адам – қайғысыз; қайғысыз адам – бақытты; ендеше, есті адам – бақытты.

М.Көпеев

Кемпірқосақ

Сын есімдердің заттық мәнде қолданылуы

Біз бұл сабақта:

- 1) кемпірқосақ сөзінің пайда болуы жайлы;
- 2) сын есімдердің заттық мағынада қолданылуы туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ертеде Абылай байдың жалғыз қызы болыпты. Ол қыз өте сұлу екен. Жанашыр ағайындары: «Жұртқа көрсете берме, көз тиеді, болмаса, ұрлап кетіп жүрер», – деген соң, әкесі қызды кемпір сияқты киіндіріп қояды. Есімі Айнұр болса да, жұрт киім киісіне қарап Кемпір атап кетеді.

«Кемпір қыз» тақия тігіп, оған неше түрлі оюлар, қызыл, жасыл, сары, көк жолақтар салады. Тақиясын тегін үлестіреді. Бір күні тақия Тұран елінде тұратын Асанбай байдың Ақ есімді баласының да қолына тиеді. Ақ тақияны көргенде «мұны әйел адам тікті-ау» деп ойлайды. Бәлкім, бұл бойжеткен ару қыздың ісі болар деп, сол қызды бір көруге құмартып, жолға шығады. Сұрастырып жүріп, Абылай байдың үйін табады. Әйтсе де ол үйден кіріп-шығып жүрген бойжеткен қызды көре алмайды. Әбден торыққан Ақ не істерін білмей тұрғанда, сол үйден бір кемпір шығып, серуенге шыққан қыздай бақты аралап кетіп бара жатады. Ақ қатты қуанып, «не де болса тілдесейін» деп алдына жетіп барады. Кемпір алдында тұрған әдемі жігітті көріп, басындағы өзі тіккен тақиясын танып, қайран қалады. Бетіндегі жамылғысын ашып жібереді. Ақ не айтарын білмей, тілі күрмеліп, бөгеліп тұрып қалады. Сәлден соң басындағы тақияны алып, қызға ұсынып:

– Мынаны сен тіктің бе? Мен осы тақияны тіккен қызды іздеп жүрмін, – дейді.

– Иә, мен тіктім. Тақияның бір жері ұнамай тұр ма? – дейді қыз.

– Жоқ, олай емес. Мен осы тақия ұнаған соң сонау Тұран елінен іздеп келдім, – дейді. Бұл сөзге қыздың іші жылып, ас-сусын әкеліп берейін деп, жігітті бақтың ішіне отырғызып кетіп қалады.

Сүтпісірім уақыттан кейін қыз жеңгесімен келеді. Ақ тамағын ішіп бола бергенде, қатты жел тұрып, күннің көзін қара бұлт жауып, жер-дүние астан-кестен



болады. Бір кезде бұрқыраған құйын қызды ұшырып алып бара жатады. Жігіт қыздың қолынан ұстап алады. Екеуін де көтерген күш оларды аспанға шығарып, қыз бен жігіт кара бұлтқа еніп кетеді...

Қыздың жеңгесі осы оқиғаның бәрін көзімен көріп, үйіне жылап келіп айтады. Қыздың әкесі Абылай сабырлы кісі екен. «Ол – дню пері. Менің қызымды дню пері әкеткен гой» – деп күрсінеді. Сол сәтте аспанда от жанып, кара бұлтты астан-кестен етеді. Дүрсіден қорыққан ел үйлеріне тығылады. Бір кезде аспан тынышталады. Қыздың әке-шешесі, туыстары далаға шығып аспанға қараса, ала бұлттың ар жағынан тақияда салынған жолақтардың қызыл, жасыл, сары, көк болып піліп тұрғанын көреді. Бұл «Ана, әке, туыстарым, бізді уайымдамаңыздар, біз тіріміз» деген Кемпір мен Ақтың белгісі болатын. Кейіннен ол белгі қыз бен жігіттің есімін қосып, *кемпірқосақ* атанып кетіпті.

Қ.Шереханұлы

Түсіндірме
сөздік

Астан-кестен – алай-түлей, аласапыран.

Үлестіру – тарату, бөліп беру.

Торуылдау – аңду, бақылау.

Торығу – жақсы үміттен күдер үзу, түңілу.



А Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қыз не себепті Кемпір атанады?
2. Тақияның қандай ерекшеліктері болды?
3. Ақ деген кім, ол қызды не себептен іздейді?
4. Қызды аспанға кім алып кетті?
5. «Кемпірқосақ» атауы қалай пайда болған?



Ә Қарамен жазылған тіркестің қандай мағынада қолданылғанын табындар.

- | | |
|---|------------------------------------|
| 1. Ақ қыздың сұлулығына қайран қалып, не айтарын білмей, тілі күрмеліп тұрып қалады. | аузын ашып қалу/
сөз таба алмау |
| 2. Жігіттің айтқан сөздеріне қыздың іші жылып қалады. | ұнап қалу/
қарны ашу |
| 3. Кемпір алдында тұрған әдемі жігітті көріп, басындағы өзі тіккен тақиясын танып, қайран қалады . | қуану/тандану |
| 4. Қыз жеңгесін ертіп сүтпісірім уақыттан кейін келеді. | шпрек сағатта/
кешке қарай |



Б Мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі : қызыл – сапалық сын есім, түс атауын білдіреді.

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЗАТТЫҚ МӘНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сын есімге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқарады. Бұл *сын есімнің заттануы* деп аталады.

Мысалы: *Жақсы (кім?) – ісімен жақсы.*

Жақсыны (нені?) көрмек үшін. Білімдіден (кімнен?) шыққан сөз, талаттыға (кімге?) болсын кез.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер. Ондағы сын есімдерге талдау жасаңдар.

- | | |
|---|---------------------------------------|
| 1. Армансыз адам қанатсыз құспен тең. | 3. Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен. |
| 2. Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады. | |



3-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, сын есімдерді талдаңдар.

- | | |
|---|---|
| 1. Өзінің қанаты жоқ, аяғы жоқ,
Сонда да байыз табар, баяны жоқ.
Ақ түбіт, кейде ол бір қарақұрым:
Жоғалар қайда барып аяны жоқ. | 3. Сандығымды ашсам,
Ішінде тұрады,
Сандығымды жапсам,
Сыртына шығады. |
| 2. Шымшық тұмсық босатсаң, селкілдейді,
Селкілдеп тұрып, жұртқа жол сілтейді. | |

Жұмбақтар *М.Әлімбаевтікі*



4-тапсырма. Сөйлемдерден заттанған сын есімдерді тауып жазыңдар.

1. Тәттіге үйір болмау керек.
2. Білімділер қашан да алда жүреді.
3. Менің шығар биігім осымен бітпейді.
4. Ғабит сияқты еңбеккорды көрген емеспін.
5. Үйдің үлкені әрқашан кішілерге қамқор болады.
6. Шахмат ойынында тек алғырлар жеңіске жетеді.
7. Біздің сыныптың сұлулары гүл отырғызып жатыр.
8. Спорт жарысында бірінен-бірі өткен күштілерді көреміз.
9. Білімдінің сөзі жібектей, білімсіздің сөзі білектей. (Мәтел)
10. Ақылды адам ақымақтан да бірдене үйренеді. (Мәтел)



5-тапсырма. №47 аудионы тындандар.



A Мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттың дұрыс не бұрыс екенін анықтаңдар.


№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Телескоп – алыстағы дененің бейнесін жақындатып көрсететін құрал.	✓	
2	Алғашқы телескопты 1608 жылы голландиялық көз дәрігері ойлап тапты.		
3	Галилей 1609 жылы жасап шығарған телескоп бір затты жиырма есе үлкейтіп көрсеткен.		
4	Астрономдар заттарды үлкейтіп көрсететін мұндай құралдармен тауларды бақылаған.		
5	Исаак Ньютон алғашқы айналы телескопты ойлап тапты.		
6	Жанартау шынына ең шағын телескоп орнатылған.		



Ә Жоғарыдағы тапсырмада берілген сөйлемдерден сын есімдерді тауып, талдау жасаңдар.



6-тапсырма. Кім тапқыр ?! Ребусты дұрыс шешсеңдер, М.Әуезовтің айтқан сөзімен танысасыңдар.



Темірқазық пен Жетіқарақшы

Сын есімді қайталау

Біз бұл сабақта:

- 1) жол сілтеуші жұлдыздармен танысамыз;
- 2) сын есім туралы өткен сабақтарды қорытындылаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Түсіндірме
сөздік

Торуылдау – сыртынан аңду.

Баспалау – дыбыс шығармай абайлап басу.

Қазақ арасында Жетіқарақшы мен Темірқазыққа қатысты екі ертегі сақталған.

Біріншісі : Тәңірі өз аттарын Темірқазыққа байлайды. Темірқазықтың қасыңдағы қос жарық жұлдыз сол Ақбозат пен Көкбозат болып есептеледі. Темірқазыққа аркандалған тұлпарларды ұрлау үшін келген жеті қарақшы жылқыны торуылдап, жайылған жылқының соңынан қуалап, баспалап айналып жүреді. Бірақ таң атып кетіп, олар қапы қалып отырады.

Екіншісі : Осыдан көп заман бұрын аспан әлемінде ағайынды жеті жігіт өмір сүріпті. Күндердің күнінде ағайындылардың бірі Үркер шокжұлдызының Үлпілдек атты сұлу ұрлап кетіпті. Сол әрекетінен кейін оларды қуалап кетеді. Қызды қарақшылардан құтқарып алу үшін Үркерліктер әлі де Жетіқарақшыны қуып жүр. Жақындап қалғанда қашан да таң атып кете береді екен.

Қазақ ұлттық энциклопедиясынан



А Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде аспан әлеміне қатысты қандай атаулар кездеседі?
2. Жетіқарақшы атауы қалай пайда болған?
3. Екі аңыздың ұқсастықтары қандай?




Ә Мәтіннен сын есімдерді тауып жазыңдар.



Б Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып жазыңдар.



2-тапсырма. Сапалық сын есімдерді тауып, бос торкөздерді толтырыңдар.



1. Түс.
2. *Биік емес, жатаған* сөздерінің синонимі.
3. Заттың пішіні.
4. *Тастай, берік* сөздерінің синонимі.
5. Ауа райын, температураны айтқанда қолданылатын сын есім.
6. Тұзы ... тамақ.
7. Ұзын емес.



3-тапсырма. Берілген сөздерді сын есімдермен тіркестіріңдер.

Сыйлық, бота, жаңалық, орындық, жейде.



4-тапсырма. Жұрнақ жалғау арқылы төмендегі сөздерден сын есім жасаңдар.

Үлгі : азат – азатшыл

Азат, ұйқы, кеш, көңіл, ағайын, қоғам, сән.



5-тапсырма. Өлеңді оқып, қатыстық сын есімдерді тауып, олардың қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ

(Үзінді)

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.




Абай



6-тапсырма. *Кім көп табады ?* Берілген сын есімді заттық мәнде қолданып, бірнеше сөйлем құраңдар.

Үлгі : Жуастан жуан шығады.



7-тапсырма. Сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап беріндер.

1. Денсаулық қандай байлық?
2. Бір сөзден құралған сын есім қалай аталады?
3. *Тәтті* сөзі заттың несін білдіреді?
4. Қандай бала арлы бала?
5. Жаксы-жаман қандай сын есім?
6. *Әдемі* сөзі қандай сын есім?
7. Заттың сынын, сапасын, түрін, түсін, дәмін білдіретін сөз табы қалай аталады?
8. Сын есімнің сұрақтары?
9. Сын есімдер құрамына қарай нешеге бөлінеді?
10. Еліміздің туының түсі қандай?



8-тапсырма. Сурет бойынша сын есімдерді қатыстырып, шағын мәтін құрастырыңдар.



10-бөлім

САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС



Ел қадірін көрген білер,
Жер қадірін жүрген білер.
Мақал

- Сан есім
- Есептік, реттік, жинақтық сан есімдер
 - Болжалдық, топтау, бөлшектік сан есімдер
 - Төл сөз бен автор сөзі
- Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары

Тұңғыш саяхатшы

Сан есім

Біз бұл сабақта:

- 1) қазақтың тұңғыш саяхатшысымен;
- 2) сан есім және оның сұрақтарымен;
- 3) дара және күрделі сан есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.



Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы – қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, географ, фольклортанушы, этнограф, суретші. Ол 1835 жылы Қостанай маңындағы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Арғы атасы қазақтың ұлы ханы – Абылай. Шоқан – оның шөбересі.

1847 жылы 12 жастағы Шоқан Сібірдегі ең таңдаулы оқу орындарының бірі Омбы қаласындағы Кадет корпусына оқуға түседі. Ол 1853 жылы Кадет корпусын бітіргеннен кейін Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семей, Аягөз, Қапал арқылы

Іле Алатауына дейін келіп, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасайды. Бұл сапарында қазақ, кыргыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинай жүреді. Осы материалдар негізінде «Тәңірі (Құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады.

1856 жылы кыргыз елін зерттеп, Ыстықкөл аймағының картасын жасауға қатысады. Шоқан бұл сапарда кыргыз эпосы «Манаспен» танысады, оның кейбір тарауларын жазып алады. Жырды талдап, орыс тіліне аударады. Сөйтіп, «Манастын» жекелеген тараулары тұңғыш рет орыс тілінде жарияланады.

1858–1859 жылдары Шоқан өзінің қысқа ғұмырындағы ең басты сапары – Қашқар сапарында болады. Қашқария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Саудагер ретінде Қашқарға кұпия барған Шоқан өлкенің экономикалық, саяси құрылымдарын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқар сапарынан кейін «Алты шаһар», яғни «Қытайдың Нан-лу провинциясының шығыстағы алты қаласы» атты еңбегі жарық көреді.

Түсіндірме
сөздік

Кадет корпусы – патшалық Ресейдегі әскери оқу орны.

Балалар энциклопедиясынан



А Жауаптарға қарап сұрақ құрастырыңдар.

1. Шоқан сол кездегі бірегей оқу орны Кадет корпусында білім алды.
2. Шоқан қырғыз елін зерттеп, Ыстықкөл аймағының картасын жасауға қатысты.
3. Шоқан алғашқылардың бірі болып «Манас» жырының біраз бөлігін орыс тіліне аударды.
4. Қашқар сапарынан кейін Қытайдың алты қаласы туралы еңбек жазды.



Ә Қарамен жазылған сөздердің мәтіндегі қолданыстық мағынасын екінші бағаннан табыңдар. Жауаптарыңды түсіндіріңдер.

1	1858–1859 жылдары Шоқан өзінің қысқа ғұмырындағы басты сапары Қашқарға саяхат жасайды.	жұмысындағы/ өміріндегі
2	Қашқар сапарынан кейін Шоканның тағы бір еңбегі жарық көреді .	басылып шығады/ жоғалады

САН ЕСІМ

САН ЕСІМ	<p><i>Сан есім</i> – заттың санын, ретін, мөлшерін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: <i>қанша? неше? нешеу? нешінші?</i> Сан есімдер: <i>құрамына қарай</i>: дара сан есім; күрделі сан есім деп; <i>мағынасына қарай</i>: есептік сан есім; реттік сан есім; жинақтық сан есім; болжалдық сан есім; топтау сан есім; бөлшектік сан есім деп бөлінеді.</p>
ДАРА	<p><i>Дара сан есімдер</i> дегеніміз – түбір және туынды сан есімдер. Мысалы: <i>үш, оныншы, етудей, алтау, мыңдаған, жүздеп</i> және т.б.</p>
КҮРДЕЛІ	<p><i>Күрделі сан есімдер</i> екі не одан да көп сан есімнің тіркесуі, қосарлануы мен қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: <i>жиырма бес, қырық шақты, тоғыз бүтін алтыдан үш, жеті-сегіз</i>.</p>

Есте сақтаңдар!



Цифрмен берілген сан есімдерге жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Мен келесі айда 12-ге толамын.*



Б Мәтіннен сан есімдерді теріп жазып, құрамына қарай талдаңдар.



2-тапсырма. Сөйлемдердегі сан есімдерді құрамына қарай бөліп жазыңдар.

Шоқан 1858 жылы 28 маусымда Семейде жабдықталған арнаулы керуенге қосылады. 19 қыркүйекте керуен Зауқы (Жүке) өзеніне,

Қашқарияға бет алады. Керуен 27 күркіейекте Қытай шеғарасынан өтеді. Ш.Уәліханов Қашқарияда 1858 жылдың 1 қазанынан 1859 жылғы наурыздың ортасына дейін болады.



3-тапсырма. №48 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша ойды аяқтаңдар.

1. Н.Пржевальский Тибет өлкесін аралауды мақсат етеді, себебі
2. Жоңғария даласын мекен еткен түсі ақтангер тағы жылқы «Пржевальский жылқысы» деп аталады, себебі



Ә Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып жазыңдар.

Николай Михайлович Пржевальский – ... ғасырдың екінші жартысында Орта және Ішкі Азияны зерттеген атакты саяхатшы-географ.

Н.Пржевальский ... жасынан садақ тартып үйренеді.

Тибет өлкесі – егін егудің не бақша өсірудің дүниежүзіндегі ең биік жері, онда бидай теңіз деңгейінен ... биіктікте өседі.



Б Берілген суреттер негізінде сан есімді қатыстырып сөйлем құраңдар.



4-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі сан есімдердің астын сызыңдар. Мағынасына, құрамына қарай талдаңдар.

- | | |
|-----------------------------|--|
| 1. Айла алтау, ақыл жетеу. | 3. Жүзден жүйрік,
Мыңнан тұлпар шығады. |
| 2. Жігітке жеті өнер де аз. | |



5-тапсырма. Берілген сан есімдерді әріптік таңбалармен жазыңдар.

8, 6, 14, 236, 1000, 1050, 1, 8, 1000000, $\frac{2}{3}$, $\frac{7}{8}$.

Әнші құм

Есептік, реттік, жинақтық сан есімдер

Біз бұл сабақта:

- 1) Қазақстандағы және әлемдегі құмды өлкелермен;
- 2) есептік, реттік, жинақтық сан есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Іле өзенін жағалай ұзындығы 3 шақырымға дейін созылып жатқан Айғайқұмның даңқы әлемге тарап кеткен. Биіктігі 150 метрлік құмды төбе жауын-шашынсыз жаз айларында күніренген дыбыс шығарады.

Жалпы әнші құмдар жер бетінде көп кездеседі. Атап айтқанда, Қытай, Монғолия, Мысыр, Африка мен Араб түбегінің шөл даласында тосын үн шығаратын құм шағылдар кездессе, өзендер мен көлдердің, теңіздер мен мұхиттардың жағалауында орналасқан құмды төбелер гүрілге толы дыбыс шығарады. Сондықтан әнші құмдарды жағалаудағы және шөлді деп екі топқа бөледі. Айғайқұм жағалауда орналасқан әнші құмға жатады.

Айғайқұмның неліктен тосын үн шығаратынын ғалымдар зерттеп, түрлі тәжірибелер жасаған. Бір ерекшелігі құмнан шыққан гүріл 10 шақырымға дейін естіледі.

Ел арасында Айғайқұм турасында алуан түрлі аңыз айтылады. Тосыннан шығатын үнді біреулер «жын-шайтанның дауысы екен» десе, енді бірі «Осы өңірде өмір сүріп, ел мен жердің амандығы үшін мерт болған батырлардың рухы» дейді. Айғайқұм туралы тыңдаушыны таңғалдыратын тағы бір әңгіме бар. Айғайқұмның құмын құрылысқа пайдаланбақ болған біреулер үлкен жүк көлікті құмға жылдам толтырып, кері қайтады. Алайда 15 шақырым жүрген соң құмның түгелдей сусып, төгіліп қалғанын көреді. Сосын қаппен тасымал болған әрекеттері де бос әурешілік болады. Уақыт өте келе, бұл оқиға ұмытылады. Айғайқұмның құмы сол жерден өзге жакка орын ауыстырмайтынын жергілікті халықтан өзге ешкім білмейді. Мұндай ерекшелікті туып-өскен жеріне «құмның адалдығы» деп білген жөн.



Түсіндірме
сөздік

Күңірену – айналаны жаңғырықтыра күшті үн шығару.

Тосын – күтпеген жерден, кенет.

Табиғатының көркемдігімен, орналасу ретімен, тосын дыбыс шығарып, сыршыл әуенге салуымен ерекшеленетін Айғайқұмға жылына мыңдаған демалушы келіп, құмды төбенің дауысын жақыннан естіп кетеді.

М.Алжанбай



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Айғайқұмға тән қандай ерекшеліктерді білесіңдер?
2. Әнші құмдардың қандай түрлері бар?
3. Айғайқұм туралы ел арасында қандай аңыздар бар?
4. Автор «құмның адалдығы» деп нені айтып отыр?



Ә Мәтіннен сан есімдерді теріп жазып, талдау жасаңдар.



Есте сақтаңдар!

Реттік сан есімдердің жазылу емлесі:

– реттік сан есім араб цифрымен берілсе, -ыншы/-інші/-нші жұрнақтарының орнына дефис қойылады. Мысалы: 5-сынып, 2-қабат.

– реттік сан есім рим цифрымен берілсе, жұрнақ жалғанбайды және дефис қойылмайды. Мысалы: XXI ғасыр, II тарау.

– жыл, ай аттарының алдында келген сан есім араб цифрымен берілсе, одан кейін дефис қойылмайды. Мысалы: 2016 жыл, 25 мамыр.

ЕСЕПТІК, РЕТТІК, ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМДЕР

Есептік сан есімдер заттың нақтылы санын білдіреді және *қанша? неше?* деген сұрақтарға жауап береді.

Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге -ыншы/-інші, -ншы/-нші жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. *Нешінші?* деген сұраққа жауап береді. Заттың ретін білдіру үшін қолданылады. Мысалы, *бесінші сынып, екінші қатар, бірінші орын.*

Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ау/-еу жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, заттың жинақталған санын білдіреді және *нешеу?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *екеу, бесеу, жетеу.*



2-тапсырма. Сөйлемдерден сан есімдерді тауып, құрамы мен мағынасын анықтаңдар.

1. Әлемдегі ең шөлді аймақтың бірі Қарақұм 350 мың шаршы шақырымға созылып жатыр.
2. Қарақұм Түрікменстан аймағының үштен бір бөлігін алып жатыр.
3. Қарақұмға саяхат жасаушыларды екі қыстауға – Дамла мен Акмолаға апарды.

4. Дамла кыстауына апаратын жолдың 130 шақырымы күмнің үстімен өтеді.
5. Акмола кыстауы Дамладан 100 шақырым жерде орналасқан.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сан есімдерді қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар.

1. ... саусақ бірдей емес.
2. ... байлық – денсаулық,
... байлық – ақ жаулық,
... байлық – он саулық.
3. ... түгел болса, төбедегі келеді,
... ала болса, ауыздағы кетеді.
4. Жетелі мен іскерге ... күннің бәрі сәтті.

Қажетті сан есімдер:
1, 2, 3, 4, 5, 6, 7.



4-тапсырма. №49 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Мысырдағы Хеопс пирамидасының екінші атауы да бар, ол
2. Бұл пирамида – әлемдегі ең алып ғимарат, оның
3. Пирамиданың құрылысына тән таңғаларлық ерекшеліктер көп, атап айтқанда
4. Пирамиданы салмас бұрын, ең алдымен,



Ә Мәтінді қайта тыңдап, екі бағанды сәйкестендіріңдер.

Пирамиданың биіктігі	5,15 га
Пирамиданың көлемі	1 200
Жұмысшы саны	147 метр



5-тапсырма. Сан есімдерді цифрлық таңбамен жазып, екінші бағандағы сөздермен тіркестіріңдер. Ережені еске түсіріңдер.

Жиырма	ай
Тоғызыншы	наурыз
Жиырма екінші	бөлім
Үшінші	ғасыр
Он тоғызыншы	бет



6-тапсырма. Сан есімдерді мағынасына қарай топтаңдар. Сан есімдердің жазылуын ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Түркістандағы 1396–1399 жылдары салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – саяхатшылардың көп баратын жері.
2. Кесененің ұзындығы – 65 метр, ал ені – 46,5 метр.
3. Кесене жобасының ерекшелігі – Орта Азия мен Қазақстан сәулет өнерінде бірінші рет шатыр жабу тәсілінің қолданылуында.
4. XVI ғасырдан бастап кесенеде және оның төңірегінде казак халқының атақты адамдары: Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қазыбек би, Жәнібек батыр жерлене бастады.



7-тапсырма. Оқық, қызық!

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі атақты тайқазан 1399 жылы соғылған. Бұл алып қазан Әмір Темірдің бұйрығымен Түркістаннан жиырма жеті шақырым жердегі Қарнақ елді мекенінде сирек кездесетін асыл металдардың қоспасынан құйылған. Тайқазанның салмағы – 2 тонна, ал оның сыйымдылығы – 3000 литр.



Қазанның сыртында арабша жазылған үш қатар жазу бар. Бірінші қатардағы жазуда қазанның Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны айтылған.

Екінші қатарындағы 18 рет қайталанып жазылған сөз «құтты, берекелі болсын» деген мағынаны береді.

Үшінші қатарда 22 рет қайталанып: «Бүкіл жаратылыстың иесі – Алла!» деп жазылған.

www.kitaphana.kz



А Сан есімдерді тауып көшіріңдер, оларға талдау жасаңдар.



Ә Есептік сан есімдерді реттік және жинақтық сан есімдерге айналдырыңдар.

Шегесіз салынған мешіт

Болжалдық, топтау, бөлшектік сан есімдер

Біз бұл сабақта:

- 1) еліміздегі сәулет өнерінің ерекше үлгісімен;
- 2) болжалдық, топтау, бөлшектік сан есімдермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



Жетісу өлкесінде тамаша тарихи мұралардың бірі – бүгінде салынғанына 130 жыл толған Жаркент қаласындағы Уәлібай мешіті. Қытай сәулетшісі Хон Пик сол кездегі көпес атағы бар Уәлібай есімді азаматқа мешіт тұрғызу туралы ұсыныс жасаған екен. Сәулетші мешіт жұмысын 36 мың алтын теңгеге (акшаға) бағалаған. Уәлібай ел ішіндегі аukatты адамдардан қаржы жинап, мешіт үйінің құрылысының жүруіне атсалысыпты.

Алғашқы үш жыл құрылыс материалдарын дайындауға, яғни ағаш тасып, жинауға кеткен. Оның құрылысына Ақсу және Кетпен тауларынан Тянь-Шань шыршаларын тасыған. Ағаштарды тасып біткен соң, елден 100 шакты ағаш шебері шақырылған. Құрылыс барысында бірде-бір шеге қолданбай, қытай сәулетшісінің көрсетуімен бағаналарды өзара қиюластыра орналастырған. Барлығы 122 бағана кеткен мешіт құрылысы бір жылда біткен.

Құрылыстың сырлау, әрлеу жұмыстарына қолы шебер адамдарды ел ішінен, Хнуадан, Бұқарадан шақырған. Сол себепті қытай, орыс, түркітілдес халықтардың тілін білетін тілмаштар да мешіт құрылысына өз үлесін қосқан.

Түсіндірме
сөздік

Қиюластыру – үйлестіру.

Әрлеу – сәндеу, бояу.

Бойтасалау – жасырыну, көзге түспеу.

«Қытайлық сәулет үлгісін өзге елге жариялапты» деген сыбысты естіген қытайлықтар атакты сәулетшіге іздеу сала бастайды. Мұны білген Хон Пик біраз бойтасалаған екен. Бірақ «кейіннен еліне ұстап әкетіп, азаптап өлтірілген» деседі.

С.Намазиамова



А Мәтінге сай дұрыс ақпаратты табыңдар.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	Мешіт жұмысы 36 мың алтын тенгеге бағаланған.	✓	
2	Құрылыс ағаштарын жинап, тасуға үш жыл уақыт кеткен.		
3	Жаркент мешіті Тянь-Шань шыршаларынан салынған.		
4	Мешіт құрылысының ерекшелігі – арнайы шегелердің ғана қолданылуында.		
5	Қытай мемлекеті Хон Пикті басқаларға сәулет өнерінің құпиясын жария еткені үшін жазалайды.		



Ә Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, мәтін мазмұнымен байланыстырып әңгімелеңдер.

1. Шебердің қолы ортақ.
2. Қолы білген құм үстінен кеме жүргізеді.

БОЛЖАЛДЫҚ, ТОПТАУ, БӨЛШЕКТІК САН ЕСІМДЕР



Есте сақтаңдар!

Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда, олардан кейін келетін қосымшалар дефис арқылы жазылады. Мысалы: 30-дай, 10-даған, 1000-дап.

– есептік сан есімдерге *шамалы, шақты, тарта, жуық, шамамен* шылауларының тіркесуі арқылы жасалады (*он шақты, шамамен бесте*).

Заттың санын дәл атамай, шамамен болжап көрсететін сан есім *болжалдық сан есім* деп аталады.

Жасалу жолдары:

– есептік сан есімдерге *-дай/-дей, -тай/-тей* жұрнақтары қосылуы: (*отыздай, жиырма бестей, қырықтай*) т.б.;


– екі есептік сан есімнің қосарлануы: (*бес-алты, алтыс-жеттіс*);

ТОП-ТАУ	<i>Топтау сан есімдері</i> заттың санын жекелей емес, топтап көрсетеді. Есептік, жинақтық сан есімдерге шығыс септіктің <i>-дан/-ден, -тан/-тен</i> қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: <i>екіден, үштен</i> кіру, <i>бесеуден</i> алу, <i>екі-екіден</i> т.б.
БӨЛШЕК-ТІК	<i>Бөлшектік сан есімдер</i> – бүтін заттардың бөлшектік санын білдіретін сан есімнің түрі. Мысалы: <i>оннан бір, екі бүтін үштен төрт</i> т.б.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қажетті тұлғада қойып жазыңдар.

1. Қырықтың ... – қыдыр.
2. ... аяқты жылқы да сүрінеді.
3. ... саусақ жиналса, жұдырық болады.
4. ... жұрттың тілін біл, ... түрлі ілім іл.



3-тапсырма. Берілген сан есімдерден болжалдық, бөлшектік, топтау сан есімдерін жасаңдар.

Үш, алты, сегіз, тоқсан, қырық, мыллон.



4-тапсырма. Берілген бөлшектік сан есімдерді әріптік таңбамен жазыңдар.

2,5; 102,25; 4/5; 1/2; 100/1000.



5-тапсырма. Сан есімдерді қатыстыра отырып, сурет бойынша мәтін құрастырыңдар.





6-тапсырма. №50 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Батырды неге Оқжетпес деп атаған?
2. Оқжетпеске неге алып піл қажет болды?
3. Күміс көлдің қандай ерекшеліктері бар?
4. Оқжетпестің ақырғы шайқасы қалай өтті?
5. Неге Оқжетпес шынға айналып кетті?



Ә Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді қажетті сан есімдермен толықтырыңдар.

1. Оқжетпес ... жасқа келгенде оның бойының ұзын болғаны сонша, көкке атқан жебелер оның кеудесіне де жетпейді екен.
2. Мерт болған ... жаудың орнына қайтадан ... пайда болды.
3. Бірнеше күн өткеннен кейін жау Оқжетпеспен қайтадан шайқасқа шығады, олар бұрынғыдан ... есе көп болып келді.



7-тапсырма. Оқық, қызық!



XII-ғасырда салынған Айша бибі кесенесі Тараз қаласынан 18 шақырым жерде орналасқан. Кесененің ауданы – 7,6 · 7,6 метр. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 80-сантиметр. Кесене кірпішінде 60 тан астам ою-өрнек түрі пайдаланылған.

Айша бибі – шамамен XI-XII ғасырларда өмір сүрген ару. Ғашығы Қараханның еліне келе жатқанда Айша бибі 40 жолдасымен су бойына тоқтап демалады. Сол кезде сәукеленің ішінде жасырынып қалған улы жылан Айшаны шағып өлтіреді.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан



А Мәтіндегі қате жазылған сан есімді тіркестерді түзетіп, дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

Аңызға толы сұлу Көкше

Сан есімді қайталау

Біз бұл сабақта:

- 1) Бурабай табиғатымен танысамыз;
- 2) сан есімді қайталап, алған білімімізді жинақтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Бурабай табиғаты ерекше сұлулығымен, ауасының тазалығымен тартымды. Оңтүстікке қарай Шортанды шоқылары көсіліп жатыр. Оның ең үлкен шоқысы Жеке батыр (826 м) деп аталады. Тамаша қарағайлы ормандар, биік құз-жартастар, кейде Мысыр пирамидаларын еріксіз есіңе салатын тау сілемдері тыныш көлдермен бөлінген. «Бурабай» ұлттық табиғи саябағында орман, дала, шабындық, батпақ пен сортаң жерлерде өсетін 800-ге тарта өсімдік түрі, омыртқалы жануарлардың 305 түрі кездеседі.



Шортанды – Бурабай аймағында әрқайсысының су айдыны 1 шаршы шақырымға жуық 14 үлкен және ұсақ көл бар.

«Мөлдір бұлақ» журналынан



А Цифрмен берілген сан есімдерді әріптік таңбамен жазыңдар. Дара және күрделі сан есімдерді анықтаңдар.



2-тапсырма. Жұмбақтарды шешіңдер. Сан есімдерді тауып, оларды мағыналық топтарына қарай бөліп жазыңдар.

1. Қос қазық, екі желі, сегіз нөқта,
Сөйлейді шежіредей адам соқса.
2. Екі тышқан бірлесіп кесіп-пішіп береді,
Екеуі бірге жүрмесе, жоқ қой бізге керегі.
3. Көлемді, үлкен, алып аузын ашып,
Жүреді он екі аяқ қадам басып.
Әр бірінде отыздан бармағы бар,
Құтылмас ешбір адам одан қашып.
4. Таңертен – төрт аяқты,
Түсте – екі аяқты,
Кешке – үш аяқты.
5. Он көзі бар өзінде,
Он саны бар көзінде.
Көзіне саусақ саласың,
Жырақтан хабар аласың.



3-тапсырма. Кестеде берілген қысқаша ақпаратқа қарап, сан есімнің мағыналық топтарын табындар.

1	-ау/-еу жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.	...
2	Белгілі бір заттар мен құбылыстың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап қана шамамен атайтын сөздер.	...
3	-ыншы/-інші жұрнақтары арқылы жасалады.	...
4	Белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді.	...
5	Белгілі бір санның атауы есебінде жұмсалады.	...
6	-дан/-ден, -тан/-тен жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады.	...



4-тапсырма. Мәтінді оқып, ішінен жинақтық сан есім жасай алатын сөздерді табындар.

Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаздауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендері, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

– Қаздауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналдындар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер, – дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз! – депті отырғандар.

– Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, – депті Төле би.

– Бұл қандай жұмбақ! Осындай да жұмбақ бола ма? – деп отырғандар таң-тамаша болады.

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз! – дейді Қаздауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат! – дейді Төле би.

Сонда Қазыбек:

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніміз – төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.

Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе, сол жаман.

Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас, – дейді Қаздауысты Қазыбек.

– Рақмет, дәл тауып айттың! Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке разы болыпты.


«Ел аузынан» кітабынан



5-тапсырма. Берілген суреттер негізінде сан есімдерді қатыстырып сөйлем құраңдар.



6-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.



1. *Неше ? қанша ?* сұрақтарына жауап беретін сан есімнің мағыналық түрі.
2. *-дан , -ден , -тан , -тен* қосымшалары арқылы жасалатын сан есімдер.
3. 1-ден 7-ге дейінгі сандарға ғана қатысты сан есімнің түрі.
4. «9 мамыр – Жеңіс күні» деген сөйлемде қандай сан есім.
5. Заттың белгісін, сыр-сипатын басқа заттың қатысы арқылы білдіретін сын есімдер.
6. *-ның , -нің* қосымшалары қай септікке тән?
7. «Шамамен 5 литр су» деген сөйлемдегі шылау.

Қызықты демалыс

Төл сөз бен автор сөзі

Біз бұл сабақта:

- 1) балықшылық туралы;
- 2) қазақ тіліндегі төл сөз, автор сөзі туралы;
- 3) төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері туралы білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.



... Сұлтан айтқан кара су жыныс тоғайдың ішінде екен. Арнасы шұңғыл, тор салуға қолайлы. Атты анадай жерге талға байлап қойдық та, өзіміз жаяулап, аяғымыздың ұшынан басып келдік. Быкып жүрген балығы қайсы деп, еңкейіп, мойнымды созып қараймын. Сол кезде Сұлтан «Кис!» деп, пробка тәрізді серіппелі жағаны бір теуіп қалып еді, кілен

ұп-ұзын кара балық өріп шыға келді. Зу-зу етіп жоғары-төмен безіп-безіп барады.

– Ту! Көбін-ай балықтың! – деп, айқайлап жіберіппін.

– Тс-с-с, айқайлама! – деді Сұлтан.

Екеуміз тез-тез шешіндік те, кара судың аяқ жағынан бастап сүзуге кірістік. Маған Сұлтекең бір қылтаға торды ұстатып қойды. Өзі басы ұзын аша шыбықпен суды күмпілдетіп келеді.

– Көтер!

Ботала-топан лай судың ішінен торды жалма-жан тік көтеріп алдым да, ап-ауыр күйінде көгалдың үстіне сүйретіп тастай бердім. Бірін-бірі сабалап, шоршақтаған көп балық шүпірлеп, үйіліп түсті.

– Ура!

Бас-аяғы бір сағаттай уақыттың ішінде ұстаған балығымыз бір шөмеле болды.

Енді, міне, Сұлтан екеуміз пейіштің нақ төрінен орын алғандай отты маздатып жағып тастап, жетісіп балық пісіріп жеп отырмыз. Нан, тұз, балық асып жейтін ыдыс ала келмегенімізге өкінеміз. Сұлтекең басына кепканы теріс айналдырып киіп алған. Бір жақ қабырғасы қап-кара болып, қарылып піскен ыстық балықты күйелеш-күйелеш ұртына жөнелтіп жатып:

– Қара Көже, айтшы, осылай өмір сүрген жаман ба? – деді. Мен ойымдағыны айттым:

– Рақат, нағыз рақат.

– Ендеше, оқу оқып не азабын бар? Таста оқуды.

– Онда мені мамам өлтіреді.

«Мамам мені өлтіреді» дегенім, әрине, жай сөзім. Мүмкін, сәби кезімде ұрса – ұрған шығар. Бірақ ес білгелі ол маған қол тигізіп көрген емес. Қандай реніші болса да, сөзбен айтады, қас-қабағымен білдіреді. Қылт етсе,

«Әй, токмаш жейсің!», «токмаш берем!» деп күш көрсететін – ол әжемнің әдеті ғой. Бірақ оның «токмашы» да жапырайған аузынан ұзап көрген емес.

Оқуды тастау менің пәруейімде жоқ нәрсе.

– Жок, мен оқуды тастай алмаймын! – дедім үзілді-кесілді.

– Оның да дұрыс екен, – деп иланды Сұлтан. – Сен оқуды тастасаң: «Маған ілесіп тастады» деп, екеуімізді бірдей қудалап, пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін, кейін дырдай бастықтың бірі болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер. «Мәшиненді бере тұршы» деп барсам, қалайша бермейсің?!

– Мен бастық болмаймын, – дедім.

– Енді кім боласың?

Мен өзімнің үлкейгенде жазушы болатындығыма кәміл сенемін. Бірақ тап қазір Сұлтанға немесе басқа біреуге солай деп айтып көрші, жатып кеп келеке қылады.

Б.Солтақбаев



А Мәтін мазмұнын толық ашатын тақырыпты анықтаңдар.

1. Балықшының арманы
2. Балық аулаудың қызығы
3. Болашақта жазушы болу
4. Екі достың бір күнгі өмірі



Ә Берілген тіркестерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

Кәміл сену

Келеке қылу

Ұртына жөнелту

Аяғының ұшымен басу

Арнасы шұңғыл

мазақтау, күлу

сенімі мол болу

дыбысын шығармау

өзен арнасы терең

аузына салу



Б Сұлтан мен Қожаға төмендегі сөздер арқылы мінездеме беріңдер. Ойларыңды дәлелдендер.

Арманшыл, ақылды, ақкөңіл, аңқау, еңбекқор.



В Мәтіннен төменде берілген сөздермен келген тіркестерді теріп жазыңдар. Олардың қандай мағынада (тура, ауыспалы) қолданылғанын көрсетіңдер.

Көмейі, тор, түп, бас, кара, қабырға, шөмеле.



Г Мәтіннен мұғалімнің көмегімен ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздерді табыңдар.

Үлгі : «Бықып жүрген балығы қайсы?» деген сөйлемдегі *бықып* сөзінің әдеби тілдегі нұсқасы – *тола, көп*.

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ

Төл сөз – біреудің сөзін ешқандай өзгеріссіз, түпнұсқасын сақтай отырып жеткізу.

Автор сөзі – төл сөзді жеткізіп, оған түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзі. Автор сөзі төл сөздің кімнің сөзі екенін, кімге қаратылып айтылатынын, қандай жағдайда айтылғанын белгілеп тұрады. Төл сөз бен автор сөзі «де» (*деді, деп, дейді, деген, дегендей*) көмекші етістігі арқылы байланысады.

ТЫҢЫС БЕЛГІСІ

Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз тырнақшаға алынады, автор сөзінің алдынан сызықша қойылады.

«*Ертең жиналыс сағат бесте*», – деді сынып жетекшісі.

Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады, одан кейінгі төл сөз тырнақшаға алынады не алдынан сызықша қойылады.

Атам былай деді: «*Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік*». Аздан соң тағы да сөйледі: – *Сондықтан тәртіпті бол*.

Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің екі жағынан үтір және сызықша қойылады.

«*Менің оқулығым емес*, – деді Маржан, – *сіңлім ұмытып кеткен болар*».



2-тапсырма. Екі топқа бөлініп, мәтіннен Қожа мен Сұлтанның айтқан сөздерін (төл сөз) көшіріп жазыңдар.

Үлгі : – Ту! Көбін-ай балықтың! – деп айқайлап жіберді Қожа (1-топ). – Тс-с-с, айғайлама! – деді Сұлтан (2-топ).



3-тапсырма. Мәтіннен Қожаның әжесінің сөздерін төл сөз бен автор сөзіне ажыратындар.



4-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі төл сөздерді автор сөзінің ортасына қойып, түрлендіріп жазындар.

Үлгі :

– Жок, мен оқуды тастай алмаймын! – деді үзілді-кесілді Қожа.
Қожа: «Жок, мен оқуды тастай алмаймын!», – деді үзілді-кесілді.

1. – Мен өзімнің үлкейгенде жазушы болатыныма кәміл сенемін, – деді Қожа.

2. – Мүмкін, кейін дырдай бастық болғанда маған шапағатың тиер, – деді Сұлтан.

3. – Нан, тұз, балық асып жейтін ыдыс ала келмегенімізге өкінеміз, – деді Сұлтан мен Қожа.



5-тапсырма. №51 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұнына мейлінше жақын келетін жауапты табыңдар.

1. Мәтін *Төлеуғазының дүрбісі/сырттан бақылаған ауылдың көрінісі/Исабек мұғалім* туралы.

2. Автордың әкесі *сиыршы/мұғалім/жылқышы* болған.

3. Төлеуғазы екеуі *иттерді қуады/қыздардың көзіне айна түсіреді/кітапханаға барады*.

4. Бетін орамалмен жауып алған Исабек мұғалім *құнажынды табынға қосып/итпен қашып/а раның үйірін қуып* келеді.



Ә Қарамен жазылған сөздердің қандай мағынада қолданылғанын екінші бағаннан табыңдар.

1	Шырт ұйқыман сергек оянамын.	тез, жеңіл/кеш
2	Торғай шырылдамай атқа қонатын әкеме аумап тартқанмын.	тым кеш/өте ерте
3	Кестемнен қысы-жазы әсте жаңылған емеспін.	кейде/ешкашан
4	Бүгін де шегенді құдықтың тастай суына шайынып алдым.	мөп-мөлдір/сұп-суық
5	Айнаның сәулесі жүз елу-екі жүз метр жерден дөп тиеді.	дәл/қиық



6-тапсырма. Сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

Сонау көгерген не деді Шоқан
Тау

Қай тау

Атамекенің Көкшетау. Соның күмбезі деді Түлкі мұрт Шоканға жағымпазданған кескінмен

Тау атаулының, әсіресе жекелерінің алыстан көгілдір көрінетінін Шокан да білетін. Ал мынаның бәрінен де кою, жалтылдай құлпыруы олардың бәрінен де артық.



7-тапсырма. Оқық, қызық!

Балық аулаудың қызығы көп

1991 жылдан бері АҚШ-тың Миннесота штатында балық аулаудан қызық байқау өтіп келеді.

Соңғы өткізілген байқауға балық аулауды жақсы көретін 10 000-нан аса адам қатысты. Олар алаңға сағат сегізден қалмай жиналды. Әрқайсысы құрал-сайманын, қармақ-шелегін дайындап, өзімен бірге ала келді.

Балықшы -40° суыққа төзетіндей жылы киім киюі керек. Салмағы ең ауыр балық ұстаған балықшы жеңімпаз деп танылып, қаржылай сыйлыққа ие болады.

www.massaget.kz



А Мәтіндегі ақпарат негізінде диалог құрастырыңдар.



8-тапсырма. Кім тапқыр?! Ребусты шешіңдер.



”



””””



д +



+ н



””””

+ ге



””



””



+ е



д +



+ н



+ ге



+ р

Кубаға сапар

Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары

Біз бұл сабақта:

- 1) Б.Момышұлының басынан өткен қызықты жайттармен;
- 2) төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

1963 жылғы қарашаның бесі күні ертеңгі сағат он бірден қырық бес минут өткенде біздің самолет Гавана аэродромына қонды.

Жалтыраған жаздың ап-ашық күні, аспан айналып жерге түскендей. Кәдімгі біздің ауылдағы ыстық шілде. Менің костюімнің ішінен кигенім – түйе жүн жемпір, сыртқы киімім – макинтош. Басымда – сусары бөрік.

Самолеттен түсетін сатыға шыға салысымен, менің тосын киімім жердегілердің көздерін тартты білем, бәрі бір-бірлерін түрткілеп: «мынасы солтүстік полюстен келе жатқан біреу болуы керек» дегендей, маған назарларын аударды.

«Американың бостандық өлкесі Кубаға қош келіпсіздер!» деген жазуды оқып, сатының екі баспалдағынан төмендей бергенде, оң қолымды жоғары сермеп:

– Сәлем саған, қаһарман Куба! – деп дауыстадым қазақша. Әйтеуір мынау сәлемдесіп келе жатқан шығар деген болуы керек, жердегілер ду қол шапалақтасты.

Үлкен сатының түсеберіс іргесінде бұйра шашты, жалаңбас, орта бойлы, үстерінде қызыл ала сеңсең, сабалақ жеңді бешпенттері бар қараторы келген үш жігіт гитараларына қосылып қоныр дауыспен ән салып тұр.

Мен жерге жақындай бергенде, әншілер үнін өзгертіп, жымия күлімсіреп, теңселе билеп, гитараларын жоғары көтеріп:

– Салют компаньеро! Салют компаньеро! Въэндос а Куба, тэрриторио либрэ де Америка! – деп әндетіп, өлендерін қайтадан гитараларына қосып айта берді.



Түсіндірме
сөздік

Макинтош – берік, тығыз матадан пальто сияқты тігілген жеңіл сырткиім.

Ірге – жақын жер, маңы.

Сермеу – мұнда: қол бұлғау.

Сеңсең – марқайған қозының қырқылмаған жүн терісі. Мұнда: сеңсеңнен тігілген сырткиім.

Шырай беру – өңін, жүзін жылыту.

Мен де шырай беріп бас ізеп, қол сілтеп олармен амандастым.

Аэродром толған халықтың барлығы да өте жеңіл киінген, жалаңбас. Жалғыз қалың киімді, басында бөркі бар – мен.

– Қап, мана самолеттің ішінде шешініп, жеңіл киініп алмаған екенсіз. Мына жер жанып тұр ғой! – дейді ойрат жазушысы Лазарь Кокішев.

– Оқасы жоқ, ата-бабам жазғы шілдеде қабат-қабат тон киген қазақ емеспіз бе?! – дегенімде, Лазарь күліп:

– Үстiнiздегi киiмiнiз бе, әлде өзiнiз бе, – әйтеуір барлығының көзі сізде. Басқаларымыз мүлдем елеусіз қалып қойдық, – деді.

Б.Момышұлы



А Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты табындар.

1. Бауыржан Момышұлы *Америкаға/Кубаға* келді.
2. Сыртта тұрғандар Б.Момышұлының *киіміне / жоғары сермеген қолына* таңдана қарады.
3. Сатының *түсеберіс жерінде / ұшақтың ішінде* қара торы үш жігіт гитарамен ән салып тұр.
4. Әуежайдағы толған халықтың бәрі *жылы киінген/жалаңбас* екен.
5. *Ойрат жазушысы/қазақ жазушысы* басына бөрік киген.



Ә Қарамен берілген сөздерді сөйлем мағынасы өзгермейтіндей басқа сөздермен ауыстырып жазындар.

Жаздың ап-ашық күні, **аспан айналып жерге түскендей**. Мен жерге жақындай бергенде, әншілер **үнін өзгертіп**, жымия күлімсіреді. Қара торы келген үш жігіт **қоңыр** дауыспен ән салып тұр. «Мына жер **жанып тұр ғой!**» – деді ойрат жазушысы Лазарь Кокішев. Қонақтардың басқалары мүлдем **елеусіз** қалып қойды.

ТӨЛЕУ СӨЗ. ТӨЛ СӨЗДІ ТӨЛЕУ СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРУ ЖОЛДАРЫ



Есте сақтаңдар!

Төл сөз төлеу сөзге айналғанда ешқандай тыныс белгі қойылмайды.

Төлеу сөз – сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап айтқан сөз.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары:

Мысалы: 1. «*Концерт ертеңге ауыстырылды*», – деді Аружан. Аружан концерттің ертеңге ауыстырылғанын айтты.

2. «*Жұмысқа кешікпей келіңдер*», – деді бастық. Бастық біздің жұмысқа кешікпей келуімізді ескертті.



Б Мәтіннен төл сөздерді тауып, оларды төлеу сөзге айналдырып жазыңдар.

Үлгі : – Сәлем саған, қаһарман Куба! – деп дауыстадым казакша (төл сөз).

Мен қаһарман Кубаға сәлем дегенді казакша айттым (төлеу сөз).



В Б.Момышұлының айтқан сөздерін төлеу сөзге айналдырыңдар. Мән-мағынасын түсіндіріңдер.

1. Өз ұлтын сүйу – өзге ұлтты жек көру емес.
2. Ашуыңа ақылыңды жеңдірме.
3. Кішіпейілділік – адамгершілік көркі.



2-тапсырма. №52 аудионы тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша ойды аяқтаңдар.

1. Қара теңіздің жағалауына жолдама Жоламанға тиді, өйткені
2. Жоламан жолдаманы алуын алды, бірақ
3. Еламанның үйін «жарықтық Жанғазының үйі» дейді, өйткені



Ә Мәтінді қайта тыңдап, Жоламанның айтқан сөзін төлеу сөз түрінде жазыңдар.



3-тапсырма. «Туған жер» тақырыбына эссе жазыңдар. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді төл сөз бен төлеу сөз түрінде қолданыңдар.



4-тапсырма. *Кім тапқыр ?!* Ребусты шешіңдер.



Өткенді қайталау

Біз бұл сабақта:

1) жыл бойы алған білімімізді қорытындылаймыз.



1-тапсырма. Жұмбақтарды шешіндер.

1. Әнде бар,
Күйде жоқ.
Сәнде бар,
Биде жоқ.



4. Жаңада бар,
Ескіде жоқ.
Танада бар,
Ешкіде жоқ.

2. Жерде жоқ,
Отта бар.
Барда жоқ,
Жокта бар.



5. Шөлде бар,
Суда жоқ.
Көлде бар,
Буда жоқ.

3. Инеге бір қарайық,
Зер салып,
Ұқсайды оған қайсы әріп?

6. Сыпырғыш – бұл
Қарайық зер салып,
Ұқсайды оған қайсы әріп?



2-тапсырма. Суреттердің атауын тауып, жуан буынды сөздерді бір бағанға, жінішке буындыларды келесі бағанға бөліп жазыңдар.



3-тапсырма. Бір буынды сөздерді буын түріне қарай топтастырыңдар.

Бұл, ата, ұлт, ана, ұрт, тал, аша, қарт, жұп, мал, апа, ас, ара, ат, бие, жұрт, ел, кие, ит, түр, көк, ет, шие, жүз, жас, ми.



4-тапсырма. Берілген мәтіннен қате жазылған сөздерді табындар.

Тоғызқұмалақ

Терең ойды талап ететін, ойнасаң – қызығыне ешбір қанбайтын, халық даналығынан шыққан ойындардың бірі – «Тоғызқұмалақ» ойыны. Тоғызқұмалақ – қазақ халқының ертедан келе жатқан есеп ойыні. Өйткені бұл ойын тақ сандар мен жұп сандардың өзара тартысына құралған. Бұл күндері тоғызқұмалақ ойыны арнаулы тақтада ойналады. Бұл тақтаның ойып жасалған он сегіз ұясы бар. Әрбір ойыншының тоғыз-тоғыздан отауы, құмалақ жинайтын бір-бір қазаны болады. Отаулар тоғыз-тоғыздан қарама-қарсы түске бойалып қойылады. Мысалы, қызыл мен көк, ақ пен кара. Отаулардағы құмалақтардың барлығы да тоғыз-тоғыздан болады, яғни тәқ сандар. Ойын осы тақ сандармен басталады. Ойыншы солдан оңға қарай кез келген отаунан бастап жүреді. Тоғызқұмалақ ойыны, негізінен, Орталық Азияда кең тараған. Қазақ пен қырғыз мемлекетдерінде республикалық, халықаралық жарыстар өтып тұрады. Қазіргі уақытты бұл өйын жақсы дамып келеді.

www.9kumalak.com



A Мәтіннен зат есім, сын есім, сан есімдерді тауып, оларға сипаттама беріңдер.

Үлгі : Тоғызқұмалақ – зат есім, екі сөздің бірігуінен жасалған біріккен сөз.



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Әріп деген не?
3. Әліпби деген не?
4. Қазақ тілінде неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?
5. Буынның қандай түрлері бар?
6. Тасымал дегеніміз не?
7. Үндестік заңы дегеніміз не?
8. Орфография, орфоэпия дегеніміз не?
9. Буын үндестігіне бағынбайтын қандай қосымшаларды білесіңдер?
10. Ықпалдың қандай түрлері бар?
11. Дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай қалай жіктеледі?
12. Қосар дыбыстар деп қай дыбыстарды айтамыз?
13. Дауыссыз дыбыстар қалай жіктеледі?
14. Қандай тасымалданбайтын сөздерді білесіңдер?
15. Буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің айырмашылығы неде?



6-тапсырма. Лексика саласына байланысты кестені толтырыңдар.

№	Лексика	Омо- ним	Тура мағы- налы сөздер	Сино- ним	Ауыс- палы мағы- налы сөздер	Анто- ним	Көп мағы- налы сөздер	Сөз- дік кор	Сөздік құрам	Кірме сөз- дер
	Сөздер									
1	Ықпласы ауды, көңілі қалды					+				
2	Ескі, көне, ба- йырғы, бұрын- ғы, тозығы жетпін									
3	Белгілі бір тіл- дегі барлық сөздің жиын- тығы									
4	Үйдің есігі, көңіл есігі, дүниенің есігі									
5	Жүрек кілті, мандай тері									
6	Зайып, болыс, төрелке									
7	Тұлғасы бір, мағыналары бөлек сөздер									
8	Диктант жазу, жерде жүру									
9	Сөздік құрам- ның ең тұрақ- ты бөлігі									




7-тапсырма. Кім жылдам?

1. Бірігу жолымен жасалған адам аттарын атаңдар.
2. Күрделі сөздер қалай жасалады?
3. Бірігу жолымен жасалған жер-су аттарына мысал келтіріңдер.
4. Мына сөздерді қолданып, қос сөз жасаңдар.
Ыдыс, төсек, анда, үлкен, киім.
5. Қысқарған сөздерге мысал келтіріңдер.



8-тапсырма. Түбірлерге жұрнақтарды дұрыс жалғап айтындар.



9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Зат есімге қандай жалғаулар тән?
2. Зат есім тұлғасына қарай қалай жіктеледі?
3. Зат есім құрамына қарай қалай жіктеледі?
4. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
5. Дара және күрделі сын есімдер қалай жасалады?
6. Сын есім мағынасына қарай қалай жіктеледі?
7. Сын есімнің шырайлары туралы не білесіңдер?
8. Сан есім дегеніміз қандай сөз табы?
9. Сан есімнің қандай мағыналық түрлері бар?



10-тапсырма. Төл сөз бен автор сөзін тауып, орын тәртібінің сызбасын көрсетіндер.

1. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», – деді Абай.
2. Мағжан Жұмабаев қазақ тілі туралы: «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім!» – деп айтқан.
3. «Тіл – елшінің қылышы», – деген екен Жүсіп Баласағұн.



11-тапсырма. Төменде берілген нақыл сөзден дерексіз зат есімдерді тауып жазындар.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

Абай

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Әлемнің пайда болуы және Big Bang. – Алматы: Шың-кітап, 2013. – 32 б.
2. Әлімбаев М. Балдәурен: Жұмбақтар, жанылтпақтар, өлеңдер, дастандар, – Алматы: Раритет, 2008. – 256 б.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 640 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Ғылым. Балалар энциклопедиясы – Астана, «Фолпант», 2012. – 160 б.
6. Дауылпаз баба – Қожаберген жырау. Тарихи танымдық жинақ / Құраст. Абай Тасболатов, Жарасбай Сүлейменов. – Астана: Фолпант, 2014. – 376 б.
7. Джоконданың ашылмаған құпиясы // «Мәдениет» журналы, 2016, №3.
8. Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 368.
9. Жер шары. – Алматы: Шың-кітап, 2013. – 32 б.
10. Керім Ш. Қазақ жұмбағы: монография. – Алматы: Арыс, 2007 – 266 б.
11. Күн жүйесі. – Алматы: Шың-кітап, 2013. – 32 б.
12. Көліктер: Балаларға арналған танымдық энциклопедия. – Алматы: Аруна, 2011. – 32 б.
13. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том. / Құраст. С.Е. Әжғали. – Алматы: Арыс, 2006. – 416 б.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: 2006–2011 жж. аралық.
15. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Жалпы редакциясын басқарған Е.Жанпейісов. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
16. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Бес том. – Алматы: DPS, 2011.
17. «Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары». Оқу құралы / Тілеубекұлы Т. – Астана: Фолпант, 2008. – 136 б.
18. Қазақстан рекордтар кітабы. – 2010–2013: КІНЭС – Алматы. «Туран» Университеті, 2013. – 652 б.
19. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. – Алматы «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998.
20. Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
21. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 209 б.
22. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 200 б.
23. «Негеш» балалар энциклопедиясы. /Дитрих А., Юрмин Г., Кошурникова Р. / Редакция алқасы Р.Н: Нурғалиев т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1995. – 336 б.
24. Нүсіпқожаұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы, 2014. – 592 б.
25. Өмірбекова М. Қазақ ұлттық киімінің этномәдени лексикасы. Ғылыми-танымдық басылым. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015. – 320 б.

26. Сауранбаев Н. Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология, синтаксис: – Алматы: Оқу-педагогика баспасы, 1953. – 220 б.
27. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. Алматы: Жазушы, 1972. – 352 б.
28. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
29. Табылды Ә. Таңдамалы шығармалар: 13 томдық. 1/Т12. Ә. Табылды. – Алматы: Азия Арна, 2016. – 328 б.
30. Шілдебаев Ж. Қызықты экология. – Алматы: РБК, 2000. – 172 б.
31. Ысқақұлы Д. Мәңгілік майдан немесе тілдер тоғысындағы түркі әлемі. – Алматы: Таңбалы, 2014. – 408 б.

Электрондық ресурстар

1. www.El.kz
2. www.zhasorken.kz
3. www.caravan.kz
4. www.alashainasy.kz
5. www.massaget.kz
6. www.zharar.com
7. www.aitaber.kz
8. www.obrazovanie.kz
9. www.jas.kz
10. www.9kumalak.com

Учебное издание

**Капалбек Бижомарт Сейсенбекулы
Жолшаева Майра Сатыбалдиевна
Мадиева Толкын Арипбаевна**

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Учебник для 5 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулықты безендіруге фотограф *С. Қызылбақтың*, суретшілер *А. Садуақасов*,
А. Ақыл, *Б. Дәлелхан*, *О. Белятов*, *А. Лұқтанова*, *Д. Станов*,
Я. Кобзеватардың еңбектері пайдаланылды

Редакторы *А. Адыбекова*
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Корректоры *Ж. Мұратова*
Компьютерде беттеген *Г. Оразақинова*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5614

Басуға 23.06.17 қол қойылды. Пішімі 60×84¹/₂, Оффсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Оффсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 26,04 + 0,46 қосарбет.
Шартты бояулы беттаңбасы 106,92. Есептік баспа табағы 13,38 + 0,79 қосарбет.
Таралымы 50000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz